Алтынемел өңірінің тұрғындары арасында осы уақытқа дейін айтылып келе жатқан, Шоқанның денесі қайтыс болғаннан кейін Тезек төренің ұйғарымымен, сұлтан Ералы Әділұлы Абылайханов мазарының түбіне жерленген деген ауызша дерек бар деп жоғарыда айтып өттік. Ең қызығы, ел аузындағы дерек орыс ғалымы Н. Пантусовтың 1898 жылғы 1 тамызда түсірген екі фотосуретімен және «Могила Чокана Валиханова» атты мақаласымен дәлелденіп тұр (Сурет 4, 5, 6). Бұл туралы публицист А.Ақылбеков «Шоқан-185» ғылыми-конференциясында баяндама жасаған болатын. Ең басты мәселе – Н. Пантусов түсірген фотосуреттегі Шоқанның мазары қазіргі уақытта көпшілікке әйгілі Шоқанның обелиск-ескерткіші тұрған жерден оңтүстік-күншығысқа қарай 50-60 қадам жерде орналасқанында. Олай болса, Шоқанның 200 жылдығына дейін оның нақты жерленген жерін анықтап, сүйегіне эксгумация арқылы ғылыми-медициналық сараптама жасап, осы уақытқа дейін ушығып келе жатқан дау-дамайды, дақпырт сөздерді тоқтату қажет деп есептейміз. Ол үшін құрамына қажетті мамандарды енгізе отырып, арнайы мемлекеттік комиссия құруды ұсынамыз.

Екінші, яғни Шоқанның ғылыми мұрасына қатысты мәселеге келетін болсақ, алдымыздан ұлы ғалымның әлі де ғылыми айналымға еңбеген еңбектері мен сызбалары ойға оралады. Бұл жерде академик Әлкей Марғұланның «Жүз жылдар бойы Ш.Уәлихановтың әдеби мұраларының зерттелмей келуінің салдарынан қазақ әдебиетінің бұл асыл шығармалары күні бүгінге дейін бізге мәлім болмай келді. Енді бүгінде осылардың бәрі белгілі боп отырғанда, Уәлихановты тек ойшыл-ғалым ғана емес, қазақтың тұңғыш жазушы-прозаигі деп мойындау мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр», деген аталы сөзі ойға оралады [8, б. 107]. *(Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А.Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. 107-ші бет).*

Қазіргі уақытта Шоқан Уәлихановтың ғылыми айналымға енген 2000 мың парақтан астам қолжазбалары және 150-ге жуық суреттер мен сызбалары белгілі. Замандастары Г.Н. Потанин, Ф.М. Достоевский, П.П. Семенов, А.К. Гейнс, К.К. Гутковский, Н.М.Ядринцев, И.Н. Березин, Н.И. Наумов, Г.Х. Гасфорт, Л.С. Берг, Н.И. Веселовский, Э.Жонво, Ф.Р. Остен-Сакен, Г.П. Клеменц сияқты орыс ғалымдары Шоқанның аса бай ми мұрасын жинақтау қажеттігі туралы мәселе көтерген. Кеңес заманынан бері Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Бегалин, Шота Уәлиханов, Д.Қонаев, С.Зиманов, Ә.Бисенова, С.Мұхтарұлы, Б.Көмеков, С. Өтениязов сынды қазақ зиялылары Шоқанның көпшілікке белгісіз ғылыми мұралары мен ашылмаған құпияларын, өмір деректерін одан әрі мұқият зерттеу қажеттігі туралы айтып та, жазып та кеткен болатын. Соған қарамастан, осы уақытқа дейін Шоқанның ғылыми мұрасын іздестіру, жинақтау, жариялау ісі толық көлемде атқарылды деп айтуға болмайды. Тіпті қазақ тіліндегі шығармалар жинағы тек 2010 жылы ғана баспадан шыққаны да Шоқантану ісінің салғырт жүргізілгенінің айғағы іспетті. Нәтижесінде, Шоқан шығармалары төңірегінде де дау-дамайлар өршіп тұр деп айтуға болады. Мысалы, «Алаш айнасы» газетінде «Шоқан өлді дегеннен кейін де 10 жыл тірі болған...» деген тақырыпқа тарих ғылымының докторы, профессор Көшім Есмағамбетов мынадай пікір айтқан екен: «Негізі, Шоқан – өте күрделі тұлға. Оған нүкте қою әлі ерте. Өкінішке қарай, бізде «Шоқантанудың» тікелей соңында жүрген адам жоқ. Дегенмен Шығыстану институты алдағы 180 жылдығына орай Шоқанның түпнұсқа еңбектерін шығару жөнінде тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізіп жатыр. Ал соңғы шыққан 6 томдық 1985 жылғы нұсқадан аударылған. Бірақ ол нұсқаның өзі кезінде күлдібадамдау болып шыққан болатын». Ал Мадрид және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының кандидаты Самат Өтениязов 2021 жылғы 5 мамырда «ANA TIL» газетінде «Шоқан Уәлиханов ғылыми мұрасының тағдыры және оған жасалған қиянаттар тарихы» атты мақала жариялады. Онда бүгінгі күнге дейін Шоқанға тиесілі екендігі күмән тудыратын «Абылай» атты атышулы мақала немесе Шоқан жинақтарына еңбей қалған «Идыге» мен «Әдигей» атты еңбектері төңірегіндегі дау-дамайлар жөнінде баяндалған. Сондықтан, әлі күнге дейін «Шоқантану» саласы көңілді

толық қанағаттандыратындай деңгейге жетті деп айтуға әлі ертерек! Тіпті әрбір бес жыл сайын өткізілетін ғылыми-практикалық конференцияларда ешбір жаңалық жоқ, барлық материалдар ескі сарынмен, аздаған ғана өзгерістермен қайталап жазылып, басылып келе жатыр. Өз тарапымыздан елімізде Шоқантану ғылымын қалыптастыру қажет деп есептейміз. Шоқан мұрасын толықтырудың кешенді жоспарын қабылдауды ұсынамыз. Шоқан оқулары бағдарламасын әзірлеп, барлық оқу орындарына енгізуді де ұсынамыз.

Үшінші. Шоқан есімін дәріптеу, насихаттау ісі тиісті деңгейде қолға алынбай келеді. Оған биылғы 190 жылдығы куә. Еліміз бойынша өткізіліп жатқан шағын іс-шараларды есептемегенде, ұлы ғалымның 190 жылдығы мемлекеттік деңгейде аталып өтілмеді. Мысалы «М.Дулатов - 140», «Абай - 180», «Мөңке би - 350» сияқты мерекелік іс-шаралар дүркірете тойланды, тойлануда. Қазақ халқын дүниежүзіне өзінің терең білімімен мойындатқан Шоқан Уәлихановтың өмір жолын, жеке тұлғасын, артында қалдырған аса бай ғылыми мұрасын жаңаша көзқараста зерттеу, дәріптеу, насихаттау ісіне жаңа серпін беретін кез келді.

Қорытынды

Бар болғаны 30 жасқа жетер-жетпес өмірінде әлемдік ғылымға қосқан үлесінің арқасында артында мәңгі із қалдырған ғұлама ғалым, ағартушы, ұлы гуманист Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайында қыруар әдебиет жинақталған. Соған қарамастан, Шоқан өмірінің соңғы кезеңі аз зерттелген. Нәтижесінде қазіргі уақытқа дейін халық арасында Шоқан туралы түрлі дау-дамайларға толы әңгіме мен өткір пікір алмасу толастамауда. Олардың ішіндегі тіпті ақылға қонымсыз дүниелерді алып тастағанда, негізгі сұрақ Шоқанның қазасына қатысты өрбиді. Сонымен қатар, Шоқантану саласында соңғы жарты ғасырдан бері ешбір ілгерілушілік байқалмайды. Жоғарыда 3 топқа бөліп аталған Шоқантану саласының өзекті мәселелерін шешу үшін, алдымен Шоқантану мәселесін көтеріп, мемлекеттік деңгейде қолға алуды қамтамасыз ету мақсатында ынталы жұмыс тобын және қажет болған жағдайда қоғамдық қор құру қажет деп есептейміз. Келісім бойынша оның құрамына С.Өтениязов, Ж.Ермекбай, А.Ақылбеков, Б.Ақылбеков сияқты оқымыстылар мен мүдделі, жанашыр азаматтарды енгізу керек. Осы ынталы топтың ықпалымен келесі мәселелерді көтеруді ұсынамыз:

1. Мемлекеттік деңгейде «Шоқан Уәлиханов» ғылыми орталығын ашып, «Шоқантану» ғылымын қалыптастыру, Шоқан мұраларын іздестіру, жинақтау, жариялау ісін қолға алу.
2. Шоқан оқуларының ғылыми бағдарламасын әзірлеп, оқу орындарына енгізу.
3. ҚР Үкіметі алдына Шоқан Уәлиханов жерленген жерді анықтап, сүйегіне ғылыми-зерттеу жұмысын тағайындау туралы ұсыныс енгізу. Бұл шара ұлы ғалымның қайтыс болу себебін анықтауға мүмкіндік береді және осыған байланысты дау-дамайды тоқтатуға мүмкіндік береді.
4. Шоқан Уәлиханов есімін ұлықтауға, дәріптеуге, насихаттауға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеп, Үкіметтің қарауына ұсыну.

CURRENT PROBLEMS AND SOLUTIONS OF SHOCK SCIENCE

Bagdat Baktybayevich Akylbekov, Master of Historical Sciences, member of the Union of Journalists of the Republic of Kazakhstan, local historian, Namesake of Torah and Shokan Studies, academician of the Genghis Khan World Academy

State institution "Office of Akim of Zhetysu region", Taldykorgan, Republic of Kazakhstan

Abstract: Shokan Ualikhanov is an outstanding historical figure, an amazing phenomenon who brought a new impetus to world science in the second half of the 19th century due to his geographical novelty, progressive vision and search. He lived only 29 years and 7 months. And I was only involved in science for about 12 years. Nevertheless, he left behind a rich scientific legacy. Our main goal is to commemorate the 190th anniversary of the birth of the great

scientist, to put an end to the ongoing disputes about his personality and scientific heritage, and to propose ways to solve the problems accumulated in the field of Shokan studies, popularization, and popularization of the Shokan name.

Keywords: Chokan Ualikhanov, topical issues of Chokan studies, Altynemel, Tezek tore, Koshen togan.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ.Ж. Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзі. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. <https://www.akorda.kz>
2. Өтениязов С.К. Ш.Ш. Уәлиханов – жиһангер зерттеуші. – Алматы, «Үш қиян». 2025. – 572 б.
3. Ермекбай Ж. Шоқан Уәлихановтың тағдыры мен мұрасы. – Нұр-Сұлтан: Рухани жаңғыру. 2020. – 216 б.
4. Ақылбеков Б. Шоқан кімге керек? // Abai.kz. 2023 // <https://abai.kz/post/167965>
5. Ақылбеков Б. Шоқан және Тезек төре // Ana tili. 2023// <https://anatili.kazgazeta.kz/news/62024>
6. Ақылбеков Б. Д.Қонаевтың Шоқанға тұрғызған ескерткіші // Abai.kz. 2025 // <https://abai.kz/post/193871>
7. Ақылбеков Б. Шоқан сүйген Айсапа. //Abai.kz. 2024. // <https://abai.kz/post/192432>
8. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Болашақ. 2011. Т.10 – 592 б.
9. Ақылбеков А. Тезек төре – Талдықорған: Офсет, 2013. – 352 бет.
10. Ш. Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы // Алматы: Толағай групп. – 2010. – Т. 5. – 528 б.

Қосымша назарға алынған әдебиеттер:

1. Шоқан Уәлиханов және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылым: көрнекті қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың 175 жылдығына арналған халықаралық ғылымипрактикалық конференция материалдары. – Алматы: Тарих тағылымы. 2010. – 560 б.
2. Бекмаханов Е.Б. История Казахстана//Сочинения в семи томах. Павлодар. 2005 – С. 531.
3. Бегалин С. Шоқан асулары. – Алматы: Жалын.1979. – 280 б.
4. Мүсірепов Ғ. Шоқан туралы сөз // Таңдамалы шығармалар – Алматы: Жазушы. 1988. – Т.5. – 123–130 б.
5. Мұхтарұлы С. Шоқан және Өнер. – Алматы: Өнер. 1985. – 310 б.
6. Хафизова К. Чокан Валиханов и Китай // Қазақстан мұрағаттары. – 2010. – № 4 (16). – С.127.
7. Әуезов М. О. Шоқан және оның заманы//Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Жібек жолы. 2009. — Т. 38. — 406 б.
8. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. Алматы: Алматыкітап. 2011. – 496 б.
9. Реклю Э. Земля и люди. Всеобщая география/Элизе Реклю //Санкт-Петербург: издание картографического заведения А.Ильина: типография товарищ. Общественная польза. – 1878 — С.512.
10. Стрелкова И. И. Ч.Валиханов. — Москва : Молодая гвардия, 1983. — С.110.
11. Бектемірова Н. Қазақтың қайсар ұлы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 248 б.

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ РӨЛІ: ҚАЗІРГІ АЙМАҚТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ӘСЕРІ

Берікқожа С.Б., з.ғ.м., PhD докторант
*Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы*

Аннотация. Бұл мақалада ХІХ ғасырдағы аймақтық зерттеулердегі Шоқан Уәлихановтың рөлі мен оның қазіргі аймақтану ғылымына берер сабақтары талданады. Ғалымның экспедициялық сапарлары, этнографиялық, тарихи және географиялық еңбектері аймақтық зерттеулердің кешенді әдістемесінің үлгісі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Шоқан мұрасының қазіргі аймақтанудағы ғылыми және әдіснамалық маңызы сараланып, жас зерттеушілер үшін практикалық ұсыныстар беріледі.

Түйінді сөздер. Шоқан Уәлиханов, аймақтану, ХІХ ғасыр, Орталық Азия, этнография, геосаясат

ХІХ ғасырдың ортасы – Орта Азия мен Қазақстан аумағын жан-жақты зерттеу бастау алған кезең. Дәл осы уақытта аймақтың географиясы, тарихы, этнографиясы және мәдениеті туралы құнды мәліметтер жинақтала бастады. [1] Ресей империясының отарлық саясаты аясында Орталық Азияға ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, «ақтаңдақ» аймақтарды картаға түсіру, жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігін зерттеу қолға алынды. Осындай зерттеулердің алдыңғы шебінде Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835–1865) сынды қазақтың тұңғыш ғалымы, ориенталист-этнографы, географы және ағартушысы болды. Шоқан Уәлиханов небәрі 30 жылға жетпейтін қысқа ғұмырында ғылымға өлшеусіз үлес қосып, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырды. Оның Орталық Азия мен Қазақ даласын зерттеудегі еңбектері заманында да жоғары бағаланып, қазіргі уақытта да ғылыми өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың ХІХ ғасырдағы аймақтық зерттеулердегі рөлін талдап, оның қазіргі аймақтану ғылымына берер сабақтарын сараптау – ғылыми тұрғыда маңызды міндет.

Шоқан Уәлиханов – өз заманында Еуропалық ғылым мен шығыстық танымның тоғысында қызмет еткен бірегей тұлға. Ол кадет корпусында әскери білім алып, шығыстану мен этнографияға қызықты, орыс географиялық қоғамының толық мүшесі ретінде танылды. Жас ғалымның экспедициялар арқылы жинаған мәліметтері және ғылыми тұжырымдары тек Ресей империясына ғана емес, әлемдік ориенталистикаға зор жаңалық болды. Шоқанның зерттеулері арқылы бұған дейін ғылымға беймәлім болып келген Жетісу, Тянь-Шань, Шығыс Түркістан аймақтары жөнінде алғашқы толыққанды жазбалар пайда болды. Ол өз еңбектерінде аймақтардың тарихы, географиясы, этнографиясы, әдебиеті мен құқықтық жүйесіне дейін қамтып, кешенді зерттеу жүргізді. Мәселен, Шоқанның Қашғарияға саяхаты нәтижесінде сол уақытқа дейін құпия саналған өлкенің саяси-әлеуметтік жағдайы, халқының тұрмысы мен мәдениеті туралы жан-жақты мәлімет Еуропа ғылымына алғаш рет жол тартты.

Бұл мақалада Шоқан Уәлихановтың 1850–1860 жылдардағы аймақтық зерттеулерге қосқан үлесі талданып, оның ғылыми тәсілдері мен ұстанымдарының қазіргі аймақтану ғылымы үшін маңыздылығы қарастырылады. Шоқанның өмірі мен ғылыми қызметі арқылы сол дәуірдегі аймақтық зерттеулердің ерекшеліктері ашылып, бүгінгі зерттеушілерге пайдалы сабақтар мен ұсыныстар ұсынылады.

ХІХ ғасырдың ортасында Ресей империясы Орта Азияны танып-білуге, оны зерттеп, игеруге бағытталған саясат жүргізді. Бұл кезеңде аймақтық зерттеулер негізінен әскери барлау экспедициялары мен орыс географиялық қоғамы сынды ұйымдардың ықпалымен дамыды. 1856 жылы Ресей география қоғамы Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың бастамасымен Іле өңірі мен Ыстықкөл аймағына әскери-ғылыми экспедиция ұйымдастырып, құрамына жас офицер Шоқан Уәлихановты енгізгені бекер емес. Шоқан

жергілікті тілдерді, салт-дәстүрді жетік білетіндігімен және ғылымға құштарлығымен көзге түсіп, экспедицияға таптырмас маман саналды.

Осы 1856 жылғы алғашқы экспедициясында Шоқан Жетісу мен Қырғызстан аумағын аралап, табиғат пен халқының этнографиясын зерттеді. Экспедиция барысында ол Ыстықкөлдің шығыс және солтүстік жағалауын картаға түсіруге қатысып, көне қала жұрты мен тарихи ескерткіштерді көзбен көріп, сипаттап жазды. Шоқан қырғыз елінің «Манас» эпосын алғаш хатқа түсіріп, әлемге таныстырған ғалым болды – бұл да оның аймақтық фольклорды зерттеудегі теңдессіз еңбегі болатын. 1857 жылы Шоқан Уәлиханов небәрі 22 жасында (кей деректе 20 жасында) Ресей императорлық География қоғамының толық мүшесі болып сайланып, ғылыми ортада зор абыройға ие болды. Бұл – оның аймақты зерттеудегі табыстарының және ғылыми дарынының мойындалғанының дәлелі еді. Г. Потанин естеліктерінде Омбы кадет корпусында бірге оқыған досы Шоқанның болашағынан үлкен үміт күттірген зерттеуші ретінде бағаланғанын жазады; тіпті кадет корпусының басшылары «Шоқан – болашақ ірі ғалым» деп болжаған екен.

1858–1859 жылдары Шоқан Уәлиханов өзінің ең атақты саяхатын – Қашғарияға экспедицияны – сәтті жүзеге асырды. Бұл сапар Шоқанның ғылыми ғана емес, саяси тәуекелге толы ерлігі еді: Қытайдың батыс аймағы – Қашғария сол кезде Еуропа саяхатшылары үшін жабық, құпиясы көп өлке болатын. Шоқан көпестер керуені құрамында «Әлімбай» деген жасырын атпен кіріп, Қашғар қаласында бес ай тұрып, жан-жақты зерттеу жүргізді. Ол осы уақыт ішінде жергілікті халықтың тұрмыс-салтын, қаладағы әкімшілік басқару жүйесін, аймақтың экономикасы мен сауда байланыстарын, табиғаты мен климатына дейін мұқият тіркеп отырды. Экспедиция нәтижесінде Ш. Уәлиханов «Алтышардың немесе Қашқарияның (Қытай провинциясының) жай-күйі туралы» атақты еңбегін, сондай-ақ «Қашқар сапарының күнделігі» атты жазбаларын дүниеге әкелді. Бұл еңбектерінде ғалым тұңғыш рет Қашғарияның сол заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайының толық көрінісін ғылым әлеміне ұсынды. Шоқанның Қашғарияда жинаған уникалды деректері Ресейдің шығыстану ғылымына өлшеусіз үлес қосып, Орталық Азия картасындағы «ақ таңбаларды» жоюға мүмкіндік берді. Патшалық Ресейдің әскери стратегтері Шоқан әкелген мәліметтерді Орта Азиядағы геосаяси жағдайды бағалауда пайдаланса, еуропалық ғылым оны «Шығысты ашқан» саяхатшы ретінде таныды.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы сан-салалы. Ол тарих, этнография, география, әдебиеттану, құқықтану сияқты түрлі бағыттарда қалам тербеп, сол салалардың әрқайсысы бойынша құнды пайымдар жасаған. Ғалымның негізгі еңбектері қатарында: «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қырғыздың шежіресі», «Қазақтың көне замандағы ақындық өнерінің үлгілері», «Жоңғария очерктері», «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары», «Сот реформасы туралы жазба» және т.б. атауға болады. Мәселен, оның қазақ қоғамындағы ислам діні мен дәстүрлі наным-сенімдер байланысын талдаған зерттеуі, қазақтардың рулық құрылымы жайлы еңбегі, қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы мақалалары – аймақтың мәдениеті мен қоғамдық өмірін терең түсіндірген тың дүниелер. [2] Шоқанның еңбектерінің бірқатары өзі тірі кезінде-ақ баспадан шыққан: 1861 жылы оның «Жоңғария очерктері» Императорлық географиялық қоғам жазбаларында жарияланды. Сондай-ақ, ол орыс және шетел басылымдарына Азия халықтарының тарихы мен фольклоры бойынша мақалалар жазып, ғылыми энциклопедияға да материалдар берген.

Ғалымның ізденістері дала өмірінің сан қырын қамтыды. Шоқан археология мен өнертану саласына да үлес қосып, Түркістан өлкесіндегі көне қалалардың орны мен тас мүсіндер, ескерткіштер туралы деректер жинады. Табиғат зерттеушісі ретінде Жетісу өңірінің өсімдіктері мен жануарлар әлемінен коллекциялар түзді, алғашқы гербарий жасаушылардың бірі болды. Шоқан Балқаш пен Алакөл бұрын бір су айдыны болғаны жөнінде батыл ғылыми болжам айтқан және Жоңғар қақпасындағы ерекше жел ағысы (Ебі желі) туралы алғаш ғылыми баяндама жасаған тұлға. Оның географиялық, картографиялық еңбектері де аймақтық ғылымның қазынасына қосылды – мәселен, Шоқан Орталық

Азияның табиғи-географиялық картасын жасауға атсалысты, өзі қатысқан экспедициялар маршруттарының карталарын сызып қалдырды.

Шоқан Уәлихановтың аймақтық зерттеулердегі басты ерекшелігі – кешенді, энциклопедиялық тәсіл. Ол зерттеген өңірдің *тарихын, этнографиясын, географиясын, экономикасы мен саяси ахуалын* біртұтас қарастырып, өз жазбаларында жан-жақты талдау жасаған. [3] Мысалы, Қашғария туралы еңбегінде бір ғана өлкедегі халық саны, қала базарларындағы тауар айналымы, билеуші әулеттердің тарихы, діни жағдай мен сәулет өнері ескерткіштеріне дейін түгел қамтылады. Мұндай жан-жақтылық сол дәуірде сирек кездесетін құбылыс еді және Шоқанның білімдарлығын, кең дүниетанымын танытты. Зерттеушінің ғылымға адалдығы мен объективтілігі де аймақтық ғылыми деректің құндылығын арттырды: Шоқан өз еңбектерінде жергілікті халықтардың тұрмысын бағалауда европоцентристік менсінбеушілікке жол бермей, далалық өркениеттің жетістіктерін әділ көрсетті. Мысалы, ол қазақ-қырғыз фольклоры мен заң-жырларын жинап, жариялау арқылы көшпелі мәдениеттің бай мұрасын ғылыми айналымға қосты.

Шоқанның қызметіндегі тағы бір қыры – ағартушылық және қоғам қайраткерлігі. 1861 жылы денсаулығы сыр бере бастағанда, Шоқан Омбыдан еліне оралып, қыр халқына тікелей қызмет етуді мақсат тұтты. Ол сол жылы Атбасар округіне аға сұлтан (басқарушы) болып сайлануға келісім берді. Досты Ф.М.Достоевскийге жазған хатында Шоқан: *«Менің аға сұлтан болуға келісуімнің мақсаты – қарапайым халқымды чиновниктер мен байлардың озбырлығынан қорғап, білімді басшының халыққа пайдалырақ бола алатынын өз үлгімен көрсету»* деп атап өткен еді. Бұл ниеті оның отарлық басқару жүйесі шеңберінде халқына жақсылық жасауға талпынғанын көрсетеді. Өкінішке қарай, патша әкімшілігінің қыспағы және жергілікті үстем топтардың қарсылығы жас ағартушының әкімшілік қызметін көп ұзамай тоқтатты – Шоқан 1862 жылы аға сұлтандық міндеттен босап, шығармашылықпен айналысуға ниет етті. Алайда құрт ауруы асқынып, 1865 жылы сәуірде Шоқан Тезек төре ауылында (Алтынемел маңы) 29 жасында дүниеден өтті. [4]

Қорыта айтқанда, Шоқан Уәлиханов – XIX ғасырдағы аймақтық зерттеулер дәуірінің нағыз жарқын өкілі. Ол туған өлкесін ғылым көзімен танып-білуде көшбасшы болды, шығыстану ғылымында *қазақ мектебін* бастады деуге толық негіз бар. Академик Әлікей Марғұланның бағалауы бойынша, Шоқанның дүние жүзі ғылымына сіңірген еңбегін әлем мойындаған, оның таңғажайып ғылыми мұрасы – халқымыздың баға жетпес рухани қазынасы. Шоқан еңбектері өз заманында орыс, еуропа ғалымдарына мол мағлұмат берсе, кейінгі кеңес және қазір тәуелсіздік кезеңінде де жаңа зерттеулерге негіз болып келеді. XX ғасырдың ортасында Шоқан Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағы жарық көріп, соңғы жылдары оның толық шығармалар жинағы қазақ тілінде алты том болып басылды. Бұл – Шоқан мұрасының ұрпақтан ұрпаққа өз маңыздылығын жоғалтпай, зерттеліп жатқанын көрсетеді.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми өмір жолы мен әдістері қазіргі замандағы аймақтану ғылымы мамандарына көптеген маңызды сабақ береді. Ең әуелі, Шоқанның кешенді және пәнаралық зерттеу тәсілі үлгі боларлық. Бүгінгі аймақтану саласы да география, тарих, экономика, мәдениеттану сияқты бірнеше пән тоғысатын кешенді ғылым ретінде қалыптасқан. Шоқан өз дәуірінде дәл осындай көпсалалы әдісті қолданды: әр экспедициясында табиғи орта мен халық тұрмысын қатар зерделеп, тарихи дерек пен фольклорлық мәліметті салыстырып қарастырды. Қазіргі аймақтанушылар Шоқанша зерттеу барысында *жергілікті жағдайды жан-жақты қамтуға* ұмтылуы тиіс. Мысалы, аймақтық дамуды зерттегенде тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмей, сол өңірдің тарихи-мәдени контекстін, демографиялық ахуалын және экологиялық жағдайын ескерген дұрыс – дәл Шоқан еңбектерінде әр қырынан талдап көрсеткендей.

Екіншіден, далалық жұмыс пен эмпирикалық мәлімет жинаудың маңыздылығы. Шоқан Уәлиханов өз зерттеулерінде тікелей далаға шығып, көзімен көріп, өлшеу, суретке түсіру, жергілікті халықтан сұхбат алу арқылы дерек жинаудың озық үлгісін қалдырды. Ол әскери экспедициялардың ғылыми бағдарламасын әзірлеп, өзі де әр сапарда күнделік жазып

отырды. Сол арқылы қағаздағы теорияны шынайы өмірдегі бақылаумен ұштастырды. Бүгінгі аймақтану ғалымдары да кабинеттік зерттеумен қатар, *өрісте зерттеу (fieldwork)* жүргізуге мән беруі керек. Белгілі бір аймақты зерттегенде сол жерге барып, тұрғындарынан ақпарат жинау, тікелей өлшемдер жүргізу, архив құжаттарын жергілікті жерде іздестіру сияқты әдістер нәтиженің шынайылығын арттырады. [5] Шоқанша айтсақ, «Әр халықтың әдеби мұрасын, фольклорын зерттеу – этнография үшін аса қажет, өйткені онда халық тұрмысы, дүниетанымы ашық бейнеленеді» деп, өзі қазақ пен қырғыздың ауыз әдебиетін тірнектеп жинаған. Бұл бүгінгі зерттеушілерге халықтың тілін, өнерін білудің маңызын ұмыттырмауы тиіс.

Үшіншіден, жергілікті тіл мен мәдениетті терең меңгеру сабақ ретінде қарастырылмақ. Шоқан жастайынан араб, парсы, шағатай тілдерін үйреніп, кейін орыс тілін тамаша меңгерді. Сондай-ақ, өзі зерттеген қырғыз, ұйғыр, өзбек халықтарының тілдерін түсініп, сол тілдердегі деректерді тікелей пайдалана алды. Сол дәуірдің алдыңғы қатарлы шығыстанушылары – Веселовский, Березин, Семенов-Тянь-Шанскийлер – Шоқанның орыс және қазақ тіліндегі білімі мен аударма қабілетін ерекше бағалаған. Қазіргі аймақтық зерттеулерде де сол аймақтың тіл ерекшелігін, мәдени кодтарын білу аса қажет. Аймақтанушы маман зерттеу объектісі болған өңірдің бір не бірнеше тілін білсе, дереккөздерді түпнұсқадан оқып, көп қателіктер мен үстірт пайымдардан сақтанады. Мысалы, Орталық Азияны зерттейтін қазіргі ғалым қазақ, өзбек немесе парсы тілдерін меңгерсе, Шоқан тәрізді, халық аузындағы бай фольклор мен шежірені, ұлттық мәдениет қазыналарын тікелей игереді. Бұл – аймақты жан-жақты әрі дұрыс түсінудің кілті. Шоқан Уәлихановтың өзі «Қазақтың ертегілері мен әндерінде, аңыздарында бүкіл руының тарихы жатыр» деп, халқымыздың ауыз әдебиетін жинап жариялауды игі іс санаған еді.

Төртіншіден, Шоқанның ғылыми объективтілік және сыни анализ ұстанымы бүгінгі зерттеушілерге үлгі. Шоқан өз еңбектерінде біржақты пікір білдіруден сақталып, мүмкіндігінше салыстырмалы талдау жасады. Ол қазақ қоғамының кемшіліктерін жасырмай, бірақ сол кемшіліктердің себептерін тарихи контексте түсіндірді; патшалық отарлау саясатындағы әділетсіздік пен жергілікті әкімдердің қиянатын да батыл сынады (мәселен, «Сот реформасы туралы жазбада»). Сонымен қатар, зерттеуде дереккөзіне сын көзбен қарау керектігін Шоқан жақсы білген: ол ортағасырлық жазбалармен жұмыс істегенде шығыс деректерін орыс зерттеушілерінің еңбектерімен салыстырып, өз тұжырымын түзетіп отырған. Бүгінгі аймақтануда да әртүрлі ақпарат көздерін тексеру, деректерді көп верификациялау әдісі маңызды. Шоқан қолданған салыстырмалы әдіс – қазіргі аймақтық және мәдениетаралық зерттеулердің негізі. Мысалы, ғалым «Тарихи Рашидиді» талдап, қазақ шежірелерімен салыстыра отырып, қазақ хандығы тарихына қатысты нақты тұжырымдар жасағаны белгілі. Бүгінгі таңда да зерттеушілер аймақ тарихын жазғанда жергілікті мұрағат құжаттарын басқа елдердегі деректермен салғастыра қарастырса, ғылыми нәтижелердің дұрыстығы артады.

Бесіншіден, ұлттық мүдде және гуманистік көзқарас тұрғысынан Шоқан тәжірибесі бүгінгі аймақтанушы ғалымдарға өнеге бола алады. Шоқан Уәлиханов өз зерттеулерінде тек ғылыми қызығушылықпен шектелмей, олардың практикалық маңызын да ойлады. Ол қазақ халқын ағарту, білім тарату, әлеуметтік реформалар енгізу идеяларын қолдады. Мысалы, Шоқан кадет корпусында жүріп, патшалық әкімшіліктің қазақ қоғамын басқарудағы олқылықтарын байқап, кейін сол туралы реформалық ұсыныстар жазды (билеуші-сұлтандар сотын жаңарту жөнінде). Бүгінгі аймақтық саясат немесе аймақтық даму зерттеулерінде де ғалымдар өз туған өңірлерінің игілігін көздейтін, дамытуға септігін тигізетін ұсыныстар беруге ұмтылуы керек. Шоқанның ғылыми жұмысы мен қоғамдық қызметіндегі қайырымды мақсат – аймағын өркендетуге үлес қосу – қазіргі зерттеушілер үшін де басты мотив болуға тиіс. Өйткені кез келген гуманитарлық ғылым, соның ішінде аймақтану, түптеп келгенде, туған еліңнің «біз кім едік, қазір кіміз, болашағымыз қандай болмақ» деген сұрақтарына жауап іздеп, стратегиялық бағыт-бағдар ұсынуы қажет. Шоқан Уәлиханов дәл осындай мақсатпен қызмет етті деуге негіз бар: оның еңбектері

халқымыздың өткенін танып-білуге жол ашып, өз дәуірінде ұлттық сананың оянуына ықпал етті.

Сонымен қатар, Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасының тағы бір сабағы – шығыстану ғылымындағы ұлттық мектептің негізін қалауы. Қазақ топырағында шығыстану ғылымы Шоқаннан бастау алатынын зерттеушілер растайды. Кеңестік заманда қазақ ғалымдарына шығыстану бағытында еркін жұмыс істеу мүмкіндігі шектеулі болды, көптеген мәселелері Мәскеудің бақылауында қалды. Ал тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана Қазақстанда шығыстану және аймақтану ғылымы қайта жанданды. Осы тұста Шоқан негізін қалаған ізгі дәстүрлерді жалғастыру маңызды: қазіргі отандық аймақтанушы ғалымдар Шоқан сияқты туған елдің болашағы мен ғылым мүддесін бірдей ойлайтын, Шығыс пен Батысты жалғайтын көпір болуға тиіс. Шоқанның үлгісі көрсеткендей, отаншылдық рух пен әлемдік ғылымға ашықтық үйлесім тапса ғана, аймақтық зерттеулер сапалы нәтиже береді. Бүгінгі қазақ зерттеушілері де Шоқан сынды екі мәдениетке тең бойлап, екі жақтың да озығын ала білсе, ұлттық ғылыми мектеп дамып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті бола алады.

Шоқан Уәлиханов мұрасының жас ұрпаққа берер тағылымы да мол. Қазіргі жастар Шоқанның өмірі мен еңбектерінен үлгі алып, оның жан-жақты дамыған тұлғасына еліктей алады. Шоқанның ғылымға деген құштарлығы, жаңаны білуге асығып, үздіксіз ізденуі – әрбір жас зерттеушіге өнеге. Шоқан артына мол ғылыми жазба қалдырды, оның қолжазбаларының көпшілігі тез жазылып, аяқталмай қалған жобалар күйінде болса да, озық идеяларға толы. Ғалымның разносторонний талант иесі болғаны сонша – тарих, этнография, география ғана емес, экономика, құқық, әдебиет теориясы сияқты алуан сала бойынша ой қозғап, болашақ еңбектерінің жоспар-нобайын жазып кеткен. Мұны білген қазіргі ізденуші жастар Шоқанның сан қырлылығын өз білімін жетілдіру мен тұлғалық дамуына пайдалануы керек деп санаймыз. Шоқан еңбектері – бағалы қазына, оны оқып үйрену арқылы білім көкжиегін кеңейтіп, өз бойында қажет қасиеттерді тәрбиелеуге болады. Шоқан сынды қуатты да сауатты тұлға болу – бүгінгі жастарға қойылар талап, қоғамға осындай тұлғалар қажет. Демек, Шоқан Уәлихановтың өнегесі қазіргі аймақтану ғылымы мамандары үшін де, жалпы жас зерттеушілер үшін де сарқылмас рухани азық болып табылады. [5]

XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азия мен қазақ даласын зерттеу ісінде Шоқан Уәлихановтың атқарған рөлі орасан зор. Ол өз дәуірінде аймағын ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеген тұңғыш қазақ ғалымы болып, әлемге аты танылды. Шоқанның қажырлы еңбегі нәтижесінде Еуразия жүрегіндегі кең-байтақ өлке туралы батыстық ғылымда мүлде жаңа деректер қоры қалыптасты. Ғалымның экспедициялық жазбалары, тарихи-этнографиялық еңбектері сол кезеңдегі ориенталистика ғылымында тың серпіліс туғызды: “Азияны зерттеуде Шоқан Уәлиханов шоқтығы биік тұлға болып қала берді” деп жазды замандастары мен кейінгі зерттеушілер. Оның еңбектерінен нәр алған орыс ғалымдары Орта Азияны тануда көптеген жаңсақ түсініктерін түзеп, жергілікті халықтарды өркениеттің субъектісі ретінде тани бастады. Шоқанның өзі де ұлттық ғылыми интеллигенцияның бастаушысы болды – одан үлгі алған қазақ жастары білімге ұмтылып, XX ғасыр басында Алаш арыстарының қалыптасуына Шоқан салған сара жол әсер етті.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми әдіснамасы, идеялары және ұстанған қағидаттары қазіргі аймақтану ғылымы үшін құндылығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын оның ғылыми мұрасынан үйренеріміз көбейіп келеді. Біріншіден, Шоқанның әмбебап білімдарлығы бүгінгі зерттеушіге кешенді көзқарастың үлгісі. Екіншіден, оның далада жүріп дерек жинауы – қазіргі сапарлық зерттеулердің бастауы. Үшіншіден, көптеген тілдерді білуі, жергілікті мәдениетті сыйлауы – бүгінгі ғалымның бойынан табылуға тиіс қабілеттер. Төртіншіден, ғылыми объективтілік, сыншылдық пен реформаторлық рух – Шоқан бойындағы қасиеттер қазіргі ғылымға ауадай қажет. Шоқан Уәлиханов тұлғасында ғалым, ағартушы, саяхатшы әрі патриот бейнелері үйлесім тауып, ғылымды халық игілігіне қызмет еткізуге болатынын дәлелдеді.

Қазіргі Қазақстандағы аймақтану ғылымы Шоқан негізін қалаған бағдарды жалғастырып, ұлттық ерекшеліктерді жаһандық ғылым жетістіктерімен ұштастырғанда ғана дамиды. Шоқан Уәлихановтың өмірлік мұраты – туған халқын біліммен ағарту, ғылыми ілім арқылы өркениет биігіне шығару еді. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның зерттеушілері осы мұратты жүзеге асырушылар болуы қажет. Ғылым мен білімге шын берілген Шоқан сынды азаматтар көбейсе, аймақтық дамудың да, ұлттық руханияттың да көкжиегі кеңейе түспек.

Қорыта келе, Шоқан Уәлихановтың XIX ғасырдағы аймақтық зерттеулердегі рөлі теңдессіз деуге болады. Оның тәжірибесі – аймақтанушы ғалымдарға таптырмас тағылым мектебі. Шоқан көрсеткен ғылыми адалдық, жан-жақтылық пен отаншылдық сабақтары бүгінгі таңда да маңызын жоймайды, қайта жаңа белестерге жол ашуға сеп болатыны сөзсіз. Ұлы ғалымның «жарқ еткен құйрықты жұлдыздай» қысқа ғұмырының өзі кейінгіге шамшырақ болып қала бермек. Шоқан мұрасы – мәңгілік, ол әлі талай буынға рухани азық болып, ғылым жолында сәуле шашары анық.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі аймақтану ғылымы саласында мынадай ұсыныстар тұжырымдалды:

- Кешенді әдісті қолдану: Аймақты зерттегенде біржақты тар шеңберде қалмай, тарихи, мәдени, әлеуметтік-экономикалық аспектілерді тұтас қарастыратын пәнаралық талдауды кеңінен пайдалану. Бұл Шоқан еңбектерінің жан-жақтылығынан алынған үлгі.

- Далалық зерттеулерге мән беру: Архивтік құжаттар мен статистикалық мәліметтерді жергілікті жердегі этнографиялық бақылаулармен ұштастыру қажет. Ғалымдардың зерттеу аймағына экспедициялар ұйымдастырып, жергілікті халықпен сұхбаттасуы, көзбен көруі арқылы алынған деректер зерттеудің сапасын арттырады.

- Тіл меңгеру және мәдениетке ену: Аймақтанушылар зерттейтін өңірінің тілін, ділін, салт-дәстүрін терең меңгеруге ұмтылуы тиіс. Шоқан тәрізді бірнеше тіл білген жағдайда ғалым аймақ туралы түпнұсқа дереккөздерді тікелей пайымдап, жан-жақты түсінікке қол жеткізеді.

- Сындарлы және объективті талдау: Зерттеулерде деректерді сыни електен өткізіп, түрлі көзқарастарды салыстыра қарастыру керек. Шоқанның зерттеу әдіснамасындағы объективтілік пен әділеттілік қазіргі ғылыми еңбектерде де негізгі ұстаным болуы маңызды.

- Ғылымды қоғам игілігіне бағыттау: Аймақтың өзекті мәселелерін зерттеп қана қоймай, оларды шешуге бағытталған нақты ұсыныстар беру, қолданбалы маңызын арттыру қажет. Шоқанның ағартушылық мұраты сияқты, бүгінгі ғалымдар да өз өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына жанашырлықпен қарауға тиіс.

- Жас зерттеушілерге Шоқан үлгісін насихаттау: Университеттерде Шоқан Уәлихановтың ғылыми әдістері мен жетістіктерін оқу бағдарламаларына енгізіп, курстық жұмыс, диссертация жазуда Шоқан еңбектерін үлгі ретінде талдату. Бұл жас мамандардың бойында отандық ғылымның бай дәстүріне деген құрметті және патриоттық сананы қалыптастырады.

Осы ұсыныстарды іске асыру арқылы қазіргі аймақтану ғылымы Шоқан Уәлиханов сынды дара тұлғаның өнегесін өміршең етіп, жаңа заманда сапалы зерттеулер жүргізуге мүмкіндік алады деп санаймыз. Шоқан рухы – аймақтанушыларға әрдайым бағдаршам болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **E-history.kz** порталы. «Великий казахский ученый-просветитель, историк, этнограф Шоқан Валиханов родился...» – 30.11.2013 e-history.kze-history.kz.

2. **Валиханов Ч. Ч.** *Собрание сочинений*: в 5 т. – Алматы: Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы, 1961–1968 жж. – (Т.1–5).

3. **Kalhanova A.N., Rysbekov K.K., Alikanova K.N., т.б.** “*Contribution to World Culture and History, Outstanding Kazakh Scientist Chokan Valikhanov*” // *Australian Journal of Basic and Applied Sciences*. – 2014. – Vol.8, No.18. – P. 328–334 ajbasweb.com.

4. “Шоқан Уәлиханов – біздің заманымыздың қаһарманы” // *Shoqan.kz* білімханасы, 2021 shoqan.kz. – (Мақаланың қазақша нұсқасы).
5. Марғұлан Ә. «Шоқан мен Манас». – Алматы: Ғылым, 1971. – 236 б.

The Role of Chokan Valikhanov in Regional Studies of the 19th Century: Lessons for Contemporary Regional Science

Abstract. This article examines the role of Chokan Valikhanov in regional studies of the 19th century and the lessons his legacy offers for contemporary regional science. The paper highlights the scholar's expeditions, ethnographic, historical, and geographical works as an example of a comprehensive methodological approach to regional research. Furthermore, the relevance and methodological significance of Valikhanov's heritage for modern regional studies are analyzed, and practical recommendations for young researchers are provided.

Keywords. Chokan Valikhanov, regional studies, 19th century, Central Asia, ethnography, geopolitics.

“МАНАС” ЭПОСУ – ТҮРК ДҮЙНӨСҮНҮН БАЙЛЫГЫ: ЧОКОН ВАЛИХАНОВДУН ФОЛЬКЛОРДУК МУРАСТАГЫ ИЗИ”

Азиз Биймырза уулу
“Манас” улуттук академиясынын президенти

Аннотация

Бул макалада казак окумуштуусу Чокон Чынгыз уулу Валихановдун түрк элдеринин, айрыкча кыргыз элинин фольклордук мурасын изилдөөдө көрсөткөн илимий салымы айтылып, изилдөөнүн өзөгүн окумуштуу тарабынан “Манас” эпосунун алгачкы жолу кагаз бетине түшүрүлүшү, анын мазмундук өзгөчөлүктөрүнө жана идеялык баалуулугуна берилген илимий баа түзөт. Макалада “Манас” эпосунун түрк дүйнөсүндөгү маданий жана руханий орду көрсөтүлүп, Валихановдун чыгармаларында чагылдырылган этнографиялык, тарыхый жана фольклордук байкоолор изилденет. Ошондой эле окумуштуунун “Манас” эпосуна болгон кызыгуусу анын чыгыш таануу илиминдеги ордун жана түрк элдеринин руханий биримдигин түшүндүрүүдөгү маанисин ачып берет.

Ачкыч сөздөр: Манас эпосу, түрк дүйнөсү, фольклор, Чокон Валиханов, этнография, руханий мурас, чыгыш таануу, кыргыз элдик маданияты, эпикалык изилдөө.

ЭПОС «МАНАС» КАК СОКРОВИЩЕ ТЮРКСКОГО МИРА: ВКЛАД ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРНОГО НАСЛЕДИЯ

Азиз Биймырза уулу
Президент Национальной академии «Манас»

Аннотация

В статье рассматривается научный вклад казахского ученого Чокана Чингисовича Валиханова в исследование фольклорного наследия тюркских народов, в частности кыргызского народа. Основное внимание уделено первому записанному Валихановым варианту эпоса «Манас», его содержательным особенностям и идейной ценности. В работе раскрывается культурное и духовное значение эпоса «Манас» в тюркском мире, анализируются этнографические, исторические и фольклорные наблюдения, зафиксированные ученым. Особое внимание уделено интересу Валиханова к эпосу как проявлению его вклада в востоковедение и осмыслению духовного единства тюркских народов.

Ключевые слова: эпос «Манас», тюркский мир, фольклор, Чокан Валиханов, этнография, духовное наследие, востоковедение, кыргызская народная культура, эпическое исследование.

THE “MANAS” EPIC AS A CULTURAL TREASURE OF THE TURKIC WORLD: CHOKAN VALIKHANOV’S LEGACY IN FOLKLORIC STUDIES

Aziz Biimirza uulu
President of the “Manas” National Academy

Abstract

This article examines the scholarly contribution of the Kazakh researcher Chokan Chingisovich Valikhanov to the study of the folklore heritage of Turkic peoples, particularly that of the Kyrgyz nation. The focus is placed on Valikhanov’s first written record of the “Manas” epic, as well as his academic evaluation of its thematic features and ideological value. The paper highlights the cultural and spiritual significance of the “Manas” epic within the Turkic world and analyzes the ethnographic, historical, and folkloric observations reflected in Valikhanov’s works. Moreover, his interest in the epic is considered as a key aspect of his role in Oriental studies and his understanding of the spiritual unity of Turkic peoples.

Keywords: Manas epic, Turkic world, folklore, Chokan Valikhanov, ethnography, spiritual heritage, Oriental studies, Kyrgyz folk culture, epic research.

Кыргызстан Россиянын курамына өз ыктыяры менен киргенден кийин өлкөнүн экономикасы, маданияты жана табигый ресурстары илимий жактан изилденип баштаган. Орус окумуштуулары кыргыз элинин тарыхын, тилин, адабиятын, этнографиясын жана географиясын ар тараптуу изилдөөгө өзгөчө көңүл бурушкан.

Бул тармактагы алгачкы жана маанилүү изилдөөчүлөрдүн бири — казак элинин улуу

агартуучусу, этнограф, тарыхчы жана фольклорчу Чокон Чынгыз уулу Валиханов болгон. Ал XIX кылымдагы түрк элдеринин руханий маданиятын, айрыкча кыргыздардын тил жана фольклордук мурастарын илимий негизде изилдөөгө зор салым кошкон.

Валиханов кыргыз жергесинде үч жолу болгон. Анын биринчи сапары 1856-жылы полковник М. М. Хоментовский жетектеген Ысык-Көлгө болгон аскердик-илимий экспедициянын курамында өткөн. Экинчи сапары 1857-жылы уюштурулуп, бул жолу ал кыргыз элинин жашоо-тиричилигин, этнографиясын, тарыхын жана элдик поэзиясын терең үйрөнгөн. Үчүнчү ирет ал 1858-жылдын жай айларынан 1859-жылдын апрелине чейин Ысык-Көл өрөөнү аркылуу Кашкарга саякат жасап, бул илимий сапардын жыйынтыгында бир катар баалуу эмгектерди жараткан. Алардын ичинде “Ысык-Көлгө баргандагы күндөлүк”, “Кыргыздар жөнүндө баяндамалар”, “Жунгария очерктери” сыяктуу изилдөөлөр өзгөчө орунда турат.

Улуу Октябрь революциясына чейинки мезгилде кыргыз элинин тарыхын, этнографиясын жана оозеки чыгармаларын изилдөөдө Валихановдун эмгеги өзгөчө мааниге ээ. Ал кыргыз элинин руханий кенчи болгон “Манас” эпосун алгачкылардан болуп жазып алып, аны илимий коомчулукка тааныштырып, эпоско фольклордук жана тарыхый жактан баа берүү аракетин көргөн.

Чокон Валихановдун чыгармалары Орто Азия элдеринин, айрыкча кыргыздардын маданий мурастарын, фольклордук өзгөчөлүктөрүн жана тил байлыктарын изилдөөгө илимий негиз түзүп, түрк элдеринин руханий дүйнөсүн изилдөөдө жаңы багыт ачкан. Анын Ысык-Көл, Жети-Суу жана Кулжа аймактарына жасаган экспедициялары фольклористика жана этнография илимдеринин башатындагы маанилүү булактар катары бааланат.

Дал ушул казак элинин туңгуч окумуштуусу, этнографы, тарыхчысы жана чыгыш таануучу Чокон Чынгыз уулу Валиханов 1835-жылы азыркы Кустанай шаарына жакын жайгашкан Куш-Мурун чебинде, белгилүү султандардын тукумунан, Абылай хандын чөбүрөсү болуп төрөлгөн. Атасы Чынгыз Валиханов 1834-жылы Аман-Карагай округуна ага-султан болуп шайланып, билимге жана маданиятка болгон өзгөчө кызыгуусу менен белгилүү болгон. Чокондун илимий көз карашына ошол мезгилдеги алдыңкы орус окумуштуулары — Г. Н. Потанин, Н. Ф. Костылецкий, П. П. Семёнов-Тянь-Шанский, Н. М. Ядринцев сыяктуу инсандар чоң таасир тийгизген.

1847–1853-жылдары ал Омбудагы Сибирь кадеттик корпусунда билим алып, аны аяктагандан кийин Батыш Сибирь генерал-губернаторлугунда адъютант болуп иштеген. Кызмат өтөө менен катар ал Орто Азия, Казакстан жана Чыгыш Түркстандын элдеринин тарыхын, этнографиясын, фольклорун жана маданиятын, ошондой эле Теңир-Тоо аймагынын географиясын изилдөөгө зор салым кошкон.

Тарыхый документтерге ылайык, Валиханов “Манас” эпосун алгач 1856-жылдын май айында Түп суусунун боюнда, Сан-Таш чөлкөмүндө уккан.

Кийинчерээк “Жунгария очерктери” аттуу эмгегинде ал 1856-жылдагы бул экспедиция кыргыз эли менен анын илимий жактан таанышуудагы алгачкы кадамы болгонун баса белгилейт. Ал Боронбай манаптын аймагында болуп, элдик санжыраларды, фольклордук материалдарды жыйнап, кыргыздардын этнографиясына байланыштуу жазма материалдарды калтырган.

1858-жылы Кашкарга жасаган саякатында Валиханов Ысык-Көлдүн күңгөй тарабындагы кыдык уруусунан чыккан Борсук аттуу байдын айылы менен бир айча көчүп жүргөн. Бул сапар маалында ал Телтай аттуу акын менен таанышканын белгилеп, аны “феномен” катары гана мүнөздөйт. Бирок “Манасты” дал ушул акындан укканын так айткан эмес. [Ч. Валиханов. Собр. соч.; II т., 414–415-беттер]

Ч. Валиханов жазып алган “Көкөтөйдүн ашы” эпизоду азыркы белгилүү варианттар — Сагымбай Орозбаков жана Саякбай Каралаевдердин айтуулары менен салыштырмалуу окшоштукка ээ. Валихановдун вариантында Бокмурун көчү Козубашы Коподо кой кырктырып, Түргөн-Аксудан ашып, Каркырадагы Калмак жеринен туз кайнатат. Бул окуялар Сагымбайдын айтуусуна жакын, бирок азыркы версияларда кездешпейт.

Изилдөөлөргө караганда, Валиханов “Көкөтөйдүн ашы” бөлүгүн кайсы манасчыдан жазып алган деген суроо ачык бойдон калууда. Белгилүү манасчы Саякбай Каралаев 1961-жылы берген маегинде, Валиханов бул бөлүктү Ысык-Көлдүн атактуу манасчысы Назар Болотовдон Токсоба Олжобаевдин айлында жазып алганын айтат. Назар Болотов (1828–1893) — Бугу уруусунун Арык тукумунан чыккан, “Манас” трилогиясын толук билген көрүнүктүү манасчы. Эл ичинде анын чыгарманы өзгөчө күч, терең сезим менен айтуусу менен белгилүү экени айтылып келет.

Бул маалыматтардын баары Чокон Валиханов “Манас” эпосун илимий жактан изилдөөнүн алгачкы негиздерин түптөгөн окумуштуу экенин тастыктайт. Анын жыйнаган материалдары кыргыз фольклористикасынын өнүгүшүндө баа жеткис мааниге ээ болуп, түрк дүйнөсүнүн эпикалык мурасын таанып-билүүгө өбөлгө түзгөн.

Чокон Чынгыз уулу Валиханов өзүнүн жазмаларында кыргыз элинин тарыхый санжыраларына жана оозеки чыгармачылыгына кызыгуу учурунда жергиликтүү эл тарабынан колдоо көргөнүн белгилеп, мындай дейт: “Менин кыргыздардын тарыхый санжыраларына жана элдик адабиятына болгон кызыгуум орус өкмөтүнүн тапшырмасы катары кабыл алынып, Боронбай жана башка манаптар бардык жардамын көрсөтүштү”. [Ч. Валиханов. Соч., т. 1. 263-бет.]

Бул жагдайдан улам, изилдөөчүлөрдүн пикирине ылайык, Бугу уруусунун башчылары Валихановго кыргыз фольклорунун үлгүлөрүн көрсөтүү максатында белгилүү манасчы Назар Болотовду чакыртып, “Манас” эпосун айтууга мүмкүнчүлүк түзүп беришкен деген божомол айтыла келет. Назар Арык тукумунан чыккандыктан, ал мезгилде урууну башкарган Токсоба Олжобаевдин үйүндө “Манасты” Валихановго айтып берүүсү толук ыктымал.

Академик А. Х. Маргуландын илимий байкоосуна ылайык, “Манас” эпосун эл арасында кеңири жайылткан манасчылардын катарында Келдибек ырчы, Назар жана Балык сыяктуу таланттар өзгөчө орунду ээлеген. Ал: “Манастын” ырын биринчи жолу кагаз бетине түшүргөн Чокон дал ушул манасчылардын биринен жазып алышы мүмкүн”, — деп белгилеген. Бирок Валиханов кайсы манасчыдан эпостун бөлүктөрүн жазып алгандыгын так көрсөтпөйт.

Чокон Валиханов кыргыздардын оозеки чыгармаларынын ичинен поэтикалык формадагы эң маанилүү, балким жападан-жалгыз эпикалык чыгарма катары “Манас” эпосун өзгөчө белгилейт. Ал эпосту кыргыз элинин тарыхый жана руханий дүйнөсүн чагылдырган энциклопедиялык мурас катары баалап:

“Манас” — бир мезгилге байланышкан жана Манас баатырдын айланасында топтолгон бардык кыргыз мифтеринин, жомокторунун, санжыраларынын энциклопедиялык жыйнагы. Бул кандайдыр бир талаа “Илиадасы” — деп жазган. [Ч. Валиханов. Собр. соч. 1 т., 420-бет]

Изилдөөчүнүн пикиринде, эпосто кыргыз элинин турмушу, каада-салты, дүйнө таанымы, диний жана медициналык түшүнүктөрү, ошондой эле этностор аралык байланыштары кеңири чагылдырылган. Валиханов “Манас” эпосун бирдиктүү сюжеттик нуктагы, бирок көптөгөн өз алдынча окуялардан турган чыгарма катары мүнөздөйт. Ошондой эле ал эпостун уландысы болгон “Семетейди” кыргыздардын “Одиссеясы” деп атап, ага жогору баа берет.

Окумуштуу “Манас” элдик чыгарма катары доорлор өтүп, улам жаңы катмарлар менен толукталып турган жандуу эпикалык текст экенин белгилеген. Анын пикиринде, “Манаска” кошулган кошумчалар жана көркөм кооздоолор кийинчерээк киргизилип, эпостун өнүгүшүнө өбөлгө түзгөн.

Муну менен бирге, Валиханов “Манастын” келип чыгыш формасы тууралуу да өз божомолун айтат. Ал эпостун баштапкы варианты кара сөз түрүндө жомок катары айтылып, кийин гана ыр түрүнө өткөн деген тыянакка келген:

“Анын кара сөз менен айтылган жомоктон ыр түрүнө айландырылышы кийинки мезгилде пайда болгон болсо керек” — деп белгилейт.

Валихановдун маалыматында “Манас” жомогу өтө көлөмдүү жана көп түндүк айтууларды талап кылган чыгармалардын бири экени айтылат:

“Манасты” угуш үчүн үч түн да аздык кылат, анын уулу “Семетей” жөнүндөгү жомокко да ушунча убакыт керек” – деп жазган. [Ч. Валиханов. Собр. соч. 1 т., 367-бет]

Ушундайча, Ч. Валиханов “Манас” эпосун кыргыз элинин руханий жана интеллектуалдык казынасынын туу чокусу, дүйнөлүк эпикалык салттардын деңгээлине жеткен чыгармасы катары баалаган.

Чокон Валиханов өзүнүн жазып алган материалдарында “Манастагы” эң маанилүү эпизод катары “Көкөтөй хандын ашын” белгилейт. Ал эпизоддо ногойтордун ханы Көкөтөйдүн уулу Бокмурундун атасынын ашын берүү үчүн кыргыздардын Ысык-Көл жээгинен Кара Эртыш, Алтай жана Хинган аймактары аркылуу монгол ханы Джулай (Жолойдун) жана Каркытоосу алдында көчүп барганы баяндалат. Бул сапар учурунда Манас жана башка көчмөн мусулмандар каапырлардын зомбулугуна чыдай албай, уруш башташат. Урушта Манас хан Джулайду талкалап, аны өлтүрөт, ал эми Коңурбай да жекече кармашта Манас тарабынан өлтүрүлөт. Акыры Манастын өзү монгол ханы Наз-Кара (Нез-Кара) тарабынан өлтүрүлөт. Бул окуялардын уландысы катары Манастын уулу Семетейдин атасынын кунун кууш экинчи эпопеянын негизги сюжетин түзөт. [Ч. Валиханов. Собр. соч. 1 т., 421-бет]

1965-жылы Казак Илимдер Академиясынын академиги А.Х. Маргулан Валихановдун кыргызча кол жазмасын таап, биринчи жолу жарыялаган орусча текстке таянсак, Валиханов “Көкөтөйдүн ашынын” башын гана жазып алганын көрсөтөт. Башка эпизоддор, анын ичинде аштын берилиши жана калмактардын жаңжалына байланыштуу окуялар кол жазмада камтылган эмес.

Валихановдун жазуусу аркылуу төмөнкү негизги байкоолорду жасоого болот:

1. Кыргыздардын жайгашкан аймагы жана көчүүлөрү: Эпостун мазмунуна ылайык, Бокмурун баштаган кыргыздар чоң территорияда жашаган. Алар Ысык-Көлдөн Алтай жана жогору Эртышка чейин көчүп жүргөнү эпос аркылуу көрүнүп турат. Бул көчүү жолдору байыркы кыргыздардын тарыхый миграциясынын маанилүү маалыматтарын камтыйт.

2. Көчүүнүн багыты жана маршруту: Валихановдун жазуусунда кыргыздардын көчүүсү түштүктөн чыгыш-түндүккө карай жүргүзүлгөнү көрсөтүлгөн. Бул башка варианттардагы чыгыш-түндүктөн батышка көчүү багыты менен салыштырмалуу айырмаланат.

3. Көчүү маршрутунын так картографиялык маалыматы: Бокмурундун көчү жазында Козубашы жеринен башталып, Чоң-Акташка токтойт, андан ары Или өрөөнүнө кире бериштеги Тилектеш ашуусун ашып, азыркы Казак ССРинин Кеген районундагы Жалаңаш-Тоо өрөөнүнө жетет. Андан кийин Иле суусунун боюна жайгашып, Калкан тоосунан өтүп, Жунгар капкасы аркылуу Ак-Суу өзөнүнөн көчөт жүргүзүп, Түштүк Тарбагатай аркылуу Саур тоо кыркасынын түндүк-чыгышында орношкон Беш-Терек ашуусуна жетет. Акыры көкөтөйдүн ашы өтө турган жерге, жогору Эртыш өрөөнүнө чыгат.

Ошентип, Валихановдун жазмалары “Көкөтөйдүн ашы” эпизодунун тарыхый жана географиялык чиймесин түзүүгө мүмкүнчүлүк берип, кыргыздардын көчмөн жашоо образы, эпостук миграциялары жана улуттук эпоско байланыштуу окуяларды илимий талдоого жол ачат.

Ч. Валиханов жазып алган “Көкөтөйдүн ашы” эпизоду кагаз бетине түшүрүлгөн “Манас” эпосунун алгачкы үлгүлөрүнүн бири болуп саналат. Бул эпизоддун мааниси анын сюжеттик түзүлүшүн, образдардын мүнөзүн жана кыргыз эл оозеки чыгармачылыгынын баштапкы формаларын изилдөөгө чоң мүмкүнчүлүк берет.

Валихановдун жазган эпизоду негизинен элдик чыгармалык материалга таянган. Ошентсе да, аны өзгөртүүгө аракет кылган бай-манаптардын таасири белгиленет, бирок ал өзгөрүүлөр эпизоддун мазмунуна олуттуу таасир тийгизе алган эмес.

Мындан тышкары, “Көкөтөйдүн ашында” байыркы доорлордон бери сакталып келген

шаманисттик элементтердин колдонуусу байкалат. Бул эпизоддо Көкөтөй өлгөндө колдонулган ритуалдар, өлүктү көмүүдө колдонулган шаманисттик обряддар, ислам дини кабыл алынганга чейин кыргыздарда эзелтен бери жүргүзүлүп келген салттарды көрсөтөт. Натыйжада, эпизод “Манас” эпосундагы мурунку жомоктук негиздердин бирин түзгөнүн жана анын сюжетиинин түпкү тамыры байыркы элдик ынаным-ишенимдер менен байланышканын көрсөткөнгө шарт түзөт.

Ошентип, Валихановдун жазмалары “Көкөтөйдүн ашы” эпизодунун тарыхый, маданий жана этнографиялык маанисин илимий негизде изилдөөгө мүмкүнчүлүк берип, кыргыз эпосунун түпкү формаларын, анын баштапкы мифтик жана жомоктук компоненттерин таанып-билүүгө чоң салым кошот.

Адабияттар:

1. Ауэзов М. О. Ф. М. Достоевский и Чокан Валиханов. — Алма-Ата, 1961.
2. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. т. 1. — Алматы: Главная редакция Казахской энциклопедии. 1984.
2. Bailey, S.C.M. (2009). A Biography in Motion: Chokan Valikhanov and His Travels in Central Eurasia. *Ab Imperio*. 1, 165-190. DOI: <https://doi.org/10.1353/imp.2009.0063>
3. Campbell, I.Y. (2011). *Knowledge and Power on the Kazakh Steppe, 1845-1917*. (Doctoral dissertation, University of Michigan, USA). Электронный ресурс: https://deepblue.lib.umich.edu/bitstream/handle/2027.42/86561/icampbel_1.pdf;sequence=1 (Дата обращения: 17.09.2025)
4. Weller, R. Ch. (2023). *Pre-Islamic Survivals' in Muslim Central Asia: Tsarist, Soviet and Post-Soviet Ethnography in World Historical Perspective*. Gateway East, Singapore: Palgrave Macmillan.
5. Valikhanov, Ch., Veniukof, M. (1865). *The Russians in Central Asia, Their Occupation of the Kirghiz Steppe and the Line of the Syr-Daria, etc.* London: Edward Stanford.
6. Kreutzmann, H. (2025). On the Road to Kashgar. Murder and Commemoration of Adolph Schlagintweit. *Iran and the Caucasus*, 29, 200–223. Doi:10.1163/1573384X-02902004
7. Зонн, И.С. (2022). Географические разведчики Центральной Азии. *Проблемы постсоветского пространства*. 9(2), 230-249. DOI: <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2022-9-2-230-249>

ВЛИЯНИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ ШОКАНА УАЛИХАНОВА НА ФОРМИРОВАНИЕ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Ерлепесова Д.Р., студентка бакалавриата 4 курса,
научный консультант – Кулумжанов Н.Е.

*Университет Международного Бизнеса имени Кенжегали Сагадиева, г. Алматы,
Казахстан*

Аннотация: Статья посвящена анализу того, как этнографическое наследие Шокана Уалиханова способствует формированию национальной идентичности казахской молодежи. Рассматриваются основные этнографические труды ученого и их культурно-идентификационное значение. Показано, что собранные Уалихановым фольклорные материалы и исследования традиций заложили основу для сохранения культурных корней казахского народа. Особое внимание уделяется влиянию идей и примера Уалиханова на самосознание современной молодежи Казахстана, их восприятию национального наследия и укреплению чувства принадлежности к своей культуре. Делается вывод о ключевой роли этнографического наследия Ш. Уалиханова в укреплении национальной идентичности и духовных ценностей подрастающего поколения.

Ключевые слова: Шокан Уалиханов, этнографическое наследие, казахская молодежь, этническая идентичность, культурная память, этнопсихология

Идентичность молодежи – многоаспектный феномен, включающий этнические, культурные, социальные и личностные измерения. В юношеском возрасте особенно остро встает вопрос самоопределения: молодому человеку важно понять, кем он является, к какой общности принадлежит, какие ценности разделяет. Поиск ответа на эти вопросы во многом определяет успешность социализации и психологическое благополучие личности. Современные исследования отмечают, что процесс идентификации молодежи сопровождается противоречиями и может приводить к кризисам идентичности [6, с. 412]. В то же время обращение к своим корням – истории и культуре своего народа – служит важным ресурсом для преодоления подобных кризисов и укрепления чувства принадлежности.

Этническая идентичность является важнейшей составляющей социальной идентичности личности, отражая осознание и эмоциональное переживание принадлежности к определенной этнической общности [4, с. 142]. Как отмечает Т.Г. Стефаненко, этническая идентичность – это не только когнитивное осознание своего происхождения, но и ценностно-эмоциональное переживание этой принадлежности [4, с. 143]. В рамках социальной психологии разработана теория социальной идентичности (Х. Тэшфел и Дж. Тернер), согласно которой часть самосознания индивида формируется на основе членства в группе, и это членство наделяется определенным эмоциональным и ценностным значением [3, с. 255]. Таким образом, идентичность молодого человека во многом питается от ощущения сопричастности к своему народу, его истории и культуре.

Для формирования позитивной этнической идентичности особое значение имеет культурная память – знание молодых поколений о ключевых событиях истории, уважение к национальным героям и наследию предков. Современные отечественные исследователи подчеркивают, что этнокультурная идентичность народа складывается в результате знания событий своей истории, сохранения культурных ценностей и почитания национальных героев [6, с. 413]. Национальные герои и просветители, такие как Шокан Уалиханов, являются носителями тех смыслов и ценностей, которые объединяют поколения и обеспечивают преемственность традиций. Казахская молодежь, знакомясь с трудами и биографией Уалиханова, черпает из них примеры для подражания и источники гордости за свой народ.

Шокан (Чокан) Шынгысович Уалиханов (1835–1865) – выдающийся казахский ученый, историк, этнограф и путешественник XIX века, чье научное наследие стало неотъемлемой частью казахской культуры. Он происходил из потомков ханского рода и получил образование в русской школе, став одним из первых представителей казахской (в то время киргизской) интеллигенции, вошедших в мировую науку. По словам Г.Н.

Потанина, «Чокан Валиханов – первый по времени киргиз, вставивший свое имя в список русских писателей» [1, с. 90]. Это свидетельствует о его пионерской роли: Уалиханов сумел соединить традиционную культуру своего народа с европейской наукой и донести знания о казахах до широкой научной общественности.

Этнографическое наследие Ш. Уалиханова включает в себя ценный массив материалов по истории, фольклору, обычаям и мировоззрению казахского народа и народов Центральной Азии. В своих экспедициях и научных трудах Уалиханов записал множество образцов устного народного творчества (сказания, легенды, эпосы), описал обычаи и верования казахов, киргизов, уйгуров и других народов. Его классическими работами являются «Описание Алтышара (Нан-лу)», отчеты о путешествии в Кашгар, очерки о казахской генеалогии и истории, статья об эпосе «Манас» и др. Несмотря на ранний уход из жизни, ученый оставил богатый материал, большая часть которого была опубликована посмертно. Это наследие легло в основу многих последующих исследований по этнографии и истории Казахстана.

Важно отметить гражданскую позицию Ш. Уалиханова и его взгляд на миссию просветителя. Н.М. Ядринцев в некрологе о ученом подчеркивал, что первой задачей своей Уалиханов ставил изучение собственного народа и ознакомление русского общества с его жизнью [2, с. 277]. В середине XIX века знания российских чиновников и ученых о казахах были весьма ограниченными, что приводило к стереотипам и ошибкам в политике. Уалиханов полагал, что глубокое и добросовестное изучение культуры и быта казахского народа будет способствовать “гуманизации взглядов” российского общества по отношению к казахам и исправлению многих несправедливостей [2, с. 277]. Таким образом, уже тогда его этнографическая деятельность была направлена не только на науку, но и на улучшение межэтнического понимания, на защиту интересов своего народа перед властью.

Шокан Уалиханов сочетал приверженность своему народу с открытостью к европейской культуре. По воспоминаниям современников, получив блестящее образование, он остался верен родной степи и стремился послужить ей своими знаниями [1, с. 93]. Его жизнь и труды явили собой пример гармоничного сочетания казахской идентичности и европейского просвещения. Эта двойная идентичность самого Уалиханова – казах по происхождению и европейца по воспитанию – позволила ему стать мостом между культурами. Его фигура стала светлым явлением для своего времени, доказавшим возможность успешной самореализации представителя «некультурной» (по тогдашним меркам колониальной администрации) нации на уровне мировой науки [2, с. 279].

Этнографические труды Уалиханова заложили основу для последующего осмысления казахской этничности. Он одним из первых начал научно фиксировать и анализировать ключевые элементы традиционной культуры: от народной поэзии и родословных до норм обычного права и мировоззренческих представлений. Благодаря этому его работы стали хранилищем исторической памяти и духовных ценностей казахов. Они многократно издавались и изучались последующими поколениями ученых – как отечественных (Г. Потанин, Н. Ядринцев, В. Радлов и др.), так и зарубежных. В советский период наследие Уалиханова было канонизировано как часть классики казахской литературы и истории, его именем названы институты, улицы, установлен памятник, что сделало его фигурой национального пантеона. В независимом Казахстане интерес к его творчеству переживает новый подъем в контексте поиска истоков национальной идеи и укрепления культурной идентичности.

Современная казахстанская молодежь формирует свою идентичность под влиянием ряда факторов, среди которых можно выделить семейное воспитание, систему образования, медиа-среду, а также общий социокультурный контекст эпохи глобализации. Семья задает изначальный культурный код – язык, базовые ценности, представления о традициях [5, с. 34]. Именно в семье ребенок впервые усваивает нормы и образцы поведения своей родной культуры. Дальнейшее развитие идентичности происходит по мере расширения социальных контактов – через школу, общение со сверстниками, потребление медийного

контента. В современном мире молодые казахстанцы все больше взаимодействуют не только со своей родной культурной средой, но и с глобальной массовой культурой. Возникают сложные, многосоставные идентичности: например, городская молодежь одновременно включена и в национальную культуру, и в универсальную молодежную субкультуру (музыка, мода, интернет-мемы и др.), а нередко и в ценности западного образа жизни.

Тем не менее, многочисленные исследования показывают, что у большинства казахстанской молодежи сохраняется осознание своей принадлежности к родному этносу и потребность в положительной этнической идентичности [6, с. 414]. Этническая самоидентификация остается значимой даже для молодых людей, активно интегрированных в глобальное информационное пространство. При этом характер этнической идентичности у новых поколений может трансформироваться под влиянием социальных и политических изменений. Так, одни авторы отмечают усиление гражданской (общенациональной) идентичности по сравнению с сугубо этнической, другие – наоборот, рост интереса к этнокультурным корням на фоне унификации массовой культуры. В Казахстане стратегия государственной политики направлена на формирование общенациональной идентичности («казахстанская нация») при сохранении богатства этнических культур. В этой ситуации особенно важно, чтобы у молодежи формировалось уважительное отношение к наследию предков, осознание преемственности поколений.

Одним из ключевых условий формирования устойчивой и позитивной идентичности является знание истории и культуры своего народа. Без ощущения связи с прошлым и без гордости за достижения своих предшественников молодое поколение рискует потерять ориентиры в современном мире. Именно здесь проявляется влияние этнографического и исторического наследия, такого как труды Ш. Уалиханова. Они служат для молодежи своего рода «окном» в мир традиционной культуры, помогающим осмыслить свои корни. Знакомясь с описанными Уалихановым обычаями, легендами, историческими событиями, юноши и девушки получают возможность почувствовать связь с великим прошлым своего народа, увидеть богатство родной культуры. Это противостоит чувству обезличенности, которое может возникать в эпоху глобализации и стандартизации.

Кроме того, фигура самого Шокана Уалиханова выступает как символ интеллектуального потенциала казахского народа. Его биография – пример стремления к знаниям, патриотизма и служения Родине – может вдохновлять молодежь. В возрасте 20–25 лет Уалиханов уже совершил выдающиеся открытия и завоевал признание в ученых кругах Российской империи. Осознание того, что молодой казах XIX века смог достичь таких высот, повышает самооценку современных молодых казахов, усиливает их веру в свои силы. Можно сказать, что образ Уалиханова выполняет идентификационную функцию: молодежь отождествляет себя с ним как с героем-интеллектуалом, перенимает ценности просвещения, любознательности, преданности своему народу.

Важным механизмом влияния наследия Уалиханова на молодежную идентичность является образование. В школьной программе Казахстана творчество и открытия Ш. Уалиханова изучаются на уроках истории и литературы. В вузах его имя носят учебные заведения и научные институты, издаются сборники трудов. Таким образом, с ранних лет молодые казахстанцы узнают о Шокане как о национальном герое и ученом. Это знание закрепляется через положительный образ: Уалиханов предстает носителем таких качеств, как интеллект, смелость, любовь к родине, толерантность. Все эти качества транслируются как идеалы для подрастающего поколения. Через идентификацию с этим образом у молодежи формируется чувство сопричастности к великой нации, породившей такого выдающегося человека.

Помимо формального образования, значительную роль играет и популяризация наследия Уалиханова в медиа и культуре. Документальные фильмы, литературные произведения, посвященные ему, музеи и памятные места (например, музей Уалиханова, памятник в Алматы), – все это элементы публичной памяти, с которыми соприкасается

молодежь. Посещение музея или просмотр фильма про Шокана способен вызвать у молодых людей эмоциональный отклик и гордость за свою историю. Через такие переживания культурная память становится частью личного опыта молодого поколения, укрепляя их идентичность. Как отмечают исследователи, коллективная память о героях и событиях прошлого имеет сильный идеологический заряд и способна сплачивать общество [6, с. 415]. В случае Казахстана образ Ш. Уалиханова входит в пантеон символов, вокруг которых конструируется общенациональная идентичность.

Следует также учитывать, что знакомство с этнографическим наследием Уалиханова помогает молодежи не только осознать кто мы, но и выработать отношение к представителям других культур. Уалиханов в своих трудах демонстрировал уважение и интерес к обычаям разных народов, выступал против предрассудков и нетерпимости. Его пример актуален и сегодня: в условиях полиэтнического и поликонфессионального общества Казахстана очень важно воспитывать молодежь в духе толерантности. Изучение трудов Уалиханова, проникнутых гуманистическим взглядом на другие культуры, способствует развитию у молодых казахстанцев межкультурной чувствительности. Зарубежные исследователи межкультурной коммуникации указывают, что осознание собственной культурной идентичности и уважение к другим культурам – ключевые факторы успешного взаимодействия в многообразном мире [5, с. 78]. Таким образом, наследие Уалиханова, с его идеями дружбы народов и ценности знаний, выполняет воспитательную функцию для нынешней молодежи, подготавливая ее к жизни в глобальном сообществе без утраты национального своеобразия.

Заключение

Этнографическое наследие Шокана Уалиханова оказывает многообразное влияние на формирование идентичности казахской молодежи. Во-первых, оно обеспечивает молодому поколению знание богатой истории и культуры своего народа, что является фундаментом позитивной этнической идентичности. Через труды Уалиханова молодежь приобщается к традициям и ценностям предков, черпает чувство гордости и уважения к своему народу. Во-вторых, образ самого Уалиханова служит для молодежи вдохновляющим примером, усиливающим их веру в собственные силы и интеллектуальный потенциал нации. В-третьих, наследие Уалиханова встроено в систему образования и культурную политику Казахстана, что превращает его в важный элемент государственной стратегии по укреплению общенациональной идентичности на основе уважения к этническому многообразию.

Значение наследия Уалиханова проявляется особенно остро в контексте глобальных вызовов современности, когда молодежь сталкивается с рисками утраты культурной самобытности. Этнографическое наследие выступает как противовес процессам унификации, питая в молодежи чувство собственного достоинства и сопричастности к великой истории своего народа. Тем самым оно способствует гармоничному развитию личности молодого казаха, который, оставаясь носителем родной культуры, одновременно открыт миру. Можно заключить, что идеи и труды Шокана Уалиханова продолжают жить в умах и сердцах нового поколения, помогая ему ответить на вечный вопрос: «Кто я?» – и найти баланс между традицией и современностью в собственной идентичности.

THE INFLUENCE OF SHOKAN UALIKHANOV'S ETHNOGRAPHIC HERITAGE ON THE IDENTITY FORMATION OF KAZAKH YOUTH

Abstract: This article examines how the ethnographic heritage of Chokan (Shokan) Valikhanov contributes to the identity formation of Kazakh youth. The author analyzes the role of Valikhanov's scholarly works and legacy in shaping the ethnic and cultural identity of young people in Kazakhstan. The study highlights that knowledge of one's history, culture, and national heroes, as exemplified by Valikhanov's ethnographic research, strengthens the sense of belonging and pride among youth. Drawing on theories of social and ethnic identity (Tajfel & Turner, Stefanenko) and contemporary research on youth identity, the article discusses the importance of cultural memory and role models

in the development of a cohesive identity. The findings suggest that Valikhanov's heritage, through education and cultural discourse, provides youth with valuable reference points for self-identification, fostering continuity of traditions, patriotism, and intercultural tolerance in a globalized world.

Key words: Shokan Valikhanov, ethnographic heritage, youth identity, Kazakh youth, ethnic identity, cultural memory

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Потанин Г. Н. Чокан Чингисович Валиханов (1835–1865) // Сибирская жизнь. 1903. № 133. – С. 1–3 (репринт: Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в 5 тт. Т.1. Алма-Ата, 1984. С. 90–94).
2. Ядринцев Н. М. Чокан Чингисович Валиханов // Отчет Императорского Русского географического общества за 1865 год. СПб., 1866. – С. 15–18 (репринт: Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в 5 тт. Т.5. Алма-Ата, 1985. С. 276–279).
3. Tajfel H., Turner J. The Social Identity Theory of Intergroup Behavior // Worchel S., Austin W. (Eds.). Psychology of Intergroup Relations. Chicago: Nelson-Hall, 1986. – P. 7–24.
4. Стефаненко Т. Г. Этнопсихология: Учебник для вузов. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2009. – 368 с.
5. Neuliep J. W. Intercultural Communication: A Contextual Approach. – 7th ed. – Thousand Oaks, CA: Sage, 2017. – 451 p.
6. Моторина П. А., Басалаева Н. В. Проблема формирования этнической идентичности среди русской и казахской молодежи // Логинова И. О. и др. (ред.). Психологическое здоровье человека: жизненный ресурс и жизненный потенциал: материалы VIII Междунар. науч.-практ. конф. – Красноярск: КрасГМУ, 2022. – С. 411–416.

ЕУРОПАҒА ТАҢЫЛҒАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ.

Ескекбаев Дәурен.

Тарих ғылымдарының кандидаты. Астана қаласы.

Аннотация. В этом году отмечается 190-летие со дня рождения и 160-летие со дня кончины одного из выдающихся представителей казахского народа — Чокана Валиханова (Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов). За сравнительно короткую жизнь он проявил себя как разносторонний учёный — востоковед, историк, фольклорист, географ, картограф, топограф, путешественник — оставивший значительное научное наследие. С целью изучения и популяризации его трудов была организована специальная экспедиция под названием «Путешествие в Кашгар. Дорогами Чокана», которая началась на территории Кыргызстана, прошла через Ошскую долину и перевал Торугарт, пересекла Киргизский Алатау и посетила города Кашгар, Хотан, Яркент и Янгисар. Статья подготовлена на основе анализа наследия Валиханова и материалов, собранных в ходе данной экспедиции.

Ключевые слова: Год памяти Чокана Валиханова, Путешествие в Кашгар, Научное наследие Ч. Валиханова, Пионер в изучении истории уйгуров, эпос «Манас».

Annotation. This year marks the 190th anniversary of the birth and the 160th anniversary of the passing of one of the eminent representatives of the Kazakh people, Shoqan Shynghysuly Ualikhanov. In his short but remarkable life, Shoqan Shynghysuly Ualikhanov distinguished himself as a multifaceted scholar—orientalist, historian, folklorist, geographer, cartographer, topographer, and traveler—leaving behind a valuable scientific legacy. With the aim of studying and disseminating his heritage, a special expedition entitled “Journey to Kashgar: Along the Routes of Shoqan” was organized, retracing his path. The expedition began in Kyrgyzstan, passed through the Osh Valley and the Torugart Pass, crossed the Kyrgyz Alatau, and visited the historical cities of Kashgar, Khotan, Yarkent, and Yangi Hisar. The present article analyzes Ualikhanov’s legacy and the materials collected during this journey.

Keywords: Commemoration Year of Shoqan Ualikhanov, Journey to Kashgar, Scholarly Legacy of Shoqan Ualikhanov, Pioneer in the Study of Uyghur History, Epic of Manas.

Сөз басы.

Биылғы жылы қазақтың даңқты ұлдарының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туғанына 190 жыл және дүниеден өткеніне 160 жыл толып отыр. Жасындай жарқырап өткен қысқа ғана ғұмырында артына баға жетпес ғылыми мұра қалдырған ұлы ғалым өмірден үлкен ағартушы, ұлы гуманист адам ретінде кейінгі ұрпағының жүрегінен мәңгілік орын алған ұлы адам туралы қаншалықты ғылыми зерттеу еңбектері мен публицистикалық мақалалар жарияланып жатса да соншалықты ұлы тұлғаның тұлғасы одан да биіктеп тереңдей түскеніне көз жеткіземіз.

Міне, осы уақиғаға орай Алматы Менеджмент университетінің (AlmaU) президенті әрі ректоры Асылбек Қожахметов пен белгілі меценат Turan TV телеканалының Бас директоры Роман Ботабековтың ұйымдастыруымен «Қашқарға саяхат, Шоқан жүрген жолдармен» деген атпен арнайы экспедиция жасақталған болатын. Экспедиция құрамында ҚР Ұлттық мұражайының директоры, тарихшы ғалым Берік Әбдіғалиұлы, Шоқантаушы ғалым, Қазақстан ұлттық географиялық қоғамының, Қазақстан жазушылар Одағының және Қазақстан ПЕН клубының мүшесі Исмаилжан Иминов, PhD докторы, Алматы Менеджмент университетінің (AlmaU) қауымдастырылған профессоры, «Жолшы» философиялық мәдениеттану бірлестігінің жетекшісі Нұржан Құлымжанов, Turan TV телеканалының операторы Ұлан Дүйсембай және осы жолдардың авторы да болған еді. Экспедиция жорығы Қырғыз жерінен бастау алып Ош аңғары, Торугарт асуы арқылы қырғыз Алатауын басып өтіп көне шаһарлар Қашғар, Хотан, Яркент и Янгисар қалаларында болып Шоқан бабамыздың рухымен тыныстап қайтқан еді. Экспедицияның мақсаты ұлы ғалымның тарихи сапарын жаңғырта отырып оның адамзат тарихына, әлемдік ғылымға қосқан үлесін насихаттау болды.

Шоқан туралы қысқаша деректер.

Қысқа ғана ғұмырында сан салалы жан-жақты ғалым ретінде таңылып шығыстанушы, тарихшы, ориенталист, фольклоршы, географ, картограф, топограф, саяхатшы т.б. да мамандықтарға игергендігімен қоса Шоқан қазақ халқынан шыққан тұңғыш кәсіби суретші

де болғандығын оның мол ғылыми мұрасын кеңінен ғылыми түрде зерттеген академик Ә.Марғұлан дәлелдеп кеткен екен. Қазіргі күнде он екі жасынан бастап кәсіби деңгейде сурет сала бастаған Шоқанның қолтаңбасы сақталған жүз елуге жуық суреті белгілі. Сонымен қатар 1985 жылы академик-жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жасыратыны жоқ Ұлы Октябрь революциясына дейін бізде адам бейнесін қағазға түсірген бір-ақ қазақ болды. Оның аты – Шоқан. Адам бейнесін сомдап суреттеуге келгенде күні бүгінге дейін Шоқан картиналарына теңдесетін дүние әлі жоқ қой», - деп жазған екен [1, б.6].

Шоқанның жас кезінен тәрбиелі, зиялы ортада болғандығы туралы және ондаған тілдерді білгені жайлы академик Ә.Марғұлан: «Ежелгі дәстүр бойынша, сұлтанның балалары «жеті жұрттың тілін біл» деген қағида негізінде бірнеше шығыс тілін үйренуге тиіс болды. Бұл дәстүр ол кезде әлі сақталатын, сөйтіп, Шоқан бала күнінен бастап-ақ шығыс тілдерін оқып, араб тілін меңгерді, ал кейінірек ұйғыр жазуын үйренді», - деп жазады. Ғалым өмірін жете зерттеуші ғалымдар да бұл туралы: «Дәстүр бойынша жеті тіл меңгерген Шоқан архив мәліметтерінің көрсетуі бойынша шығыс тілдеріне қоса араб және ұйғыр тілдерін де меңгерген», - деп нақтылай түседі [2, б.20].

Жалпы қазақ ғалымдары туралы сөз болғанда біз көбінесе «Қаныш XX-ғасырдың темір қазығы болса, ал Шоқан XIX-жарық жұлдызы еді» деген теңеулерді жиі қолданамыз. Жалғыз Шоқан ғана емес ол өмір сүрген дәуірде қазақ даласында орыс оқуының «дәмін татқан» оқыған қазақтар да аз болмаған. Кеңес дәуіріне дейін-ақ жоғары білім алған қазақ оқығандарының саны жүз сексенге жуықтайды [3, б.8]. Ал он тоғызыншы ғасырда оқығандардың өзі ондап саналады. Мәселен, Шоқанның әкесі Шыңғыс төре, Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов (1818-1854 жылдар) Омбының тілмаштар дайындайтын Азия мектебіне 1830 жылы қабылданып, оны 1836 жылы поручик шенінде аяқтайды. Мұхаммед Салық Бабажанов (Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азиялық бөлімін бітірген (1851 жылы). М.Бабажанов есімі белгілі Жәңгір ханның мектебін бітіріп және оның қамқорлығымен 1845 жылы М.Бекмұхамедов, Ж.Ниязов, М.Жантөриндермен бірге Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусында оқыған сегіз жастың бірі. Бұлардың бәрі де кейін ел алдында абыройлы қызмет атқарған алғашқы білімді қазақ азаматтарының қатарынан орын алды). Мұхаметқали Тәукин (Айшуақ ханның немересі, Кіші жүздің Батыс бөлігінің басқарушысы (1847 – 1865 жылдар). Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқыған. Бұл тізімді жалғастыра берсек бір мақалаға жүк болады.

XIX ғасырдың орта шеніндегі ірі ғалымдардың бірі П.И.Небольсин Шоқан туралы күнделігіне: «Петерборда қырғыздар аз, бес-алты адам бола қояр ма екен? Олар жалпы еуропалық киім киіп жүреді. Ол өте жас, кавалерия офицері, сұлтан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов», - деп жазса, ал Орынбор әскери училищесінде білім алып, Орынбор ведомствосы қазақтарының приставы қызметінде болып, кейіннен Бөкей ордасындағы Уақытша Кеңестің төрағасы қызметін атқарған, сол дәуірдегі қазақтан шыққан оқымыстылармен тығыз араласқан Л.Н.Плотников: «Мен Шоқанмен Петерборда жақын арада таныстым және бірнеше тартымды кешті бірге өткіздім. Оның қабілеттілігі мен біліміне олар (Мұхаммед Қали Тәукин және Мұхаммед Салық Бабажанов) түгілі, біз Небольсин мырза екеуіміз де тең келмеспіз», - деп жазады [4, б.53].

Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы Омбыда Сібір казак әскери училищесін тәмамдап, Құсмұрын округінің аға сұлтаны болды. Орыс армиясында полковник шенін алып, қазақ даласын басқару аппаратында бірсыпыра жауапты қызмет атқарды. Сібір қырғыздары облыстық басқармасының кеңесшісі, кейіннен Көкшетау округінің аға сұлтаны болып қызмет істеді. Ресейге сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді. Шешесі Айғанымның пәрменімен кадет корпусына оқуға түскен Шыңғыс төренің тегінен Уәлиханов деген ата тегі алынып ол шәкірт кезінде Шыңғыс Уәлиұлы Уәлиев болып жүрді. Әрине, бұл жерде де патша өкіметінің империялық саясаты көрініс беріп тұрғандығы белгілі. Бұл туралы Г.Н.Потанин өз естелігінде: «Уәли ханның үлкен ұлы Шыңғыс Омбыдағы орыс мектебіне оқуға алынып, онда Шыңғыс Уәлиұлы Уәлиев деген атпен оқушылар тізіміне енді. Уәлиханов болмаған себебі қырғыздардың есіне хандық билікті

салмау болса керек», - деп жазады [4, б.78].

Шоқанның ғылымдағы алғашқы баспалдағы.

Шоқанның бар жоғы отызға жетер жетпес жасында әлемдік ғылым үшін атқарған жұмыстары ұшан теңіз. Шоқан орыс және шетел ғалымдарын тұңғыш рет ғылыми сипатта қазақ жерінің географиялық болмысын, флора фаунасы яғни, жануарлар дүниесімен, халық ауыз әдебиетімен, тұрмыстық өлең жырларымен, салт дәстүрлерімен кеңінен таныстырып жол ашады. Жалпы жас ғалымның ел тану, жер танудағы тұңғыш саяхаты 1855 жылы Омбыдағы Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың адъютанты әрі тілмашы ретінде Орталық Қазақстан, Жетісу және Тарбағатай аймақтарына жасаған қызметтік іссапарына қатысып, үлкен саяхат жасап ел танып, жер танып қайтуы болды. Осы сапар барысында генералға қазақ, қырғыз, татар, ноғай сияқты тілдерден орысшаға аударып беріп отырған. Губернатордың жолсапары Омбы, Семей, Аягөз, Қапал, Іле, Верный, Жоңғар Алатауы, Жоңғар қақпасы, Алакөл, Тарбағатай, Балқаш, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы өтіп Шоқанның болашақта географ, саяхатшы ретінде қалыптасуына жол ашқаны күмәнсіз.

Шоқанның ғылыми зерттеулеріне жол ашып, өркендеуіне кең өріс ашқан 1856 жылғы сол кездері Жетісу өлкесін билеп тұрған полковник М.М.Хоментовскийдің басшылығымен ұйымдастырылған ірі әскери-ғылыми экспедицияға қатысуының айрықша маңызы болды. Экспедицияның басты мақсаты қырғыз халқының тарихы және тұрмысымен танысу, Ыстықкөл алабын топографиялық картаға түсіру болған еді. Осылайша негізінен топографиялық карта түсіру мақсатында ұйымдастырылған әскери-ғылыми экспедициясының құрамына қосылған Шоқан Ыстықкөл, Құлжа өлкесіне тұңғыш рет аяқ басады. Бұл сапарлар Шоқанның кейіннен әлемге әйгілі болған Қашқариядағы зерттеу жұмыстарының дайындық сатысы және соған негіз болды деп толық айтуға болады. Бұл сапар барысы туралы Шоқан өз күнделігінде: «Бұл экспедицияға қатысуым үлкен абырой болды және қара қырғыздардың арасында екі ай жүріп, көбінесе олардың аңыздары мен тілін зерттеп, көптеген пайдалы мәліметтер жинап алдық», - деп жазып бұл сапарының ғылым үшін аса пайдалы болғандығын атап өтсе, [4,35] одан әрі жазған жазбасында «Менің саяхатымды жүрген жерлерімнің сипатына қарай екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең Жоңғарияға яғни, Жетісу мен Іле өлкесіне және Ыстықкөлге дейінгі сапарымды қамтиды... Мен Жоңғарияда бірінші рет 1856 жылы болдым, онда полковник Хоментовскийдің Ыстықкөлге жасаған экспедициясына қатыстым. Содан соң Құлжада үш ай тұрдым. Жоңғарияда бас-аяғы бес ай болып, бұл өлкенің Алакөлден Тянь - Шаньға дейінгі аймағын түгел көріп шықтым, ал Тянь - Шаньға сол жылы Жырғалаң өзенімен көтерілдім», - деп еске алады [5, б.304].

Жас ғалымның бұл саяхаты зор табыспен аяқталды. Петербургте Генералдық штабтың әскери ғылым комитетінде, Азия департаментінің география қоғамында қызмет істеу барысында Орта Азия мен Шығыс Түркістанның, Балқаш пен Іле Алатауы аралығының, Ыстықкөл алқабы мен Құлжа қаласының карталарын жасады. Бұрын дүниежүзі ғылымына беймәлім болып келген қырғыз халқы туралы бай материалдар берді. Атақты «Манас» жырын жазып алып, үзінділерін орысшаға аударып жариялап, ғылыми ортаға таныстырды. Шоқанның Ыстықкөл, Құлжа саяхатының материалдары негізінде жазған «Ыстықкөл», «Қытай империясының батыс провинциясы Құлжа қаласы» және «Қырғыздар туралы» еңбектері бізге қолжазба түрінде жетіп, кейін қазақ ғалымдарының еңбегі арқасында бірнеше томдық кітап болып жарыққа шықты [6, 86]. Шоқанның қырғыз тарихы туралы ғылыми тұжырымдары мен көзқарасы бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Зерттеушінің «Қырғыздар туралы жазбалар» атты ғылыми еңбегі қырғыз жерінің тарихи географиясына арналған терең зерттеу. Оның деректері жай ғана тарихи географиялық шолу ретінде берілген мәліметтер емес, жан-жақты талданған, жазба дерек көздеріне сүйеніп, салыстырып жасалған ғылыми тұрғыдағы құнды еңбек, қырғыз жері, қырғыздардың қонысы туралы жазған тарихи географиялық сипаттамалары ерекше назар аудартады. Мәселен, қырғыз тайпаларының орналасуы турасында: «Қырғыз тайпасы Орта

Азияның орасан көп жерін алып, Оңтүстікке қарай созыла мекендейді. Алатау қырғыздарының ұрпақтары Ыстықкөлден Гиссар мен Бадахшанға дейін, Созақтан Ақсу мен Үш Тұрфанға дейін бытырай қоныс тепкен. Болор тауының қойнауларымен сол таудың Қытай мен Қокан, Қаратегін, Гиссар мен Бадахшан жерлеріндегі тарамдарында мекендейді ...», - деп, олардың жер кеңістігі мен шекаралық аймағы туралы тұңғыш мәліметтер береді [7. 6.207].

Шоқан Шығыс Түркістанға патша өкіметінің тапсырмасымен зерттеу жұмыстарын жасап маңызы өте жоғары ғылыми жаңалықтар ашқанын сол дәуірдегі өзінің қаламдас әріптестері ғана емес кейінгі уақыттарда осы өлкені зерттеген және Шоқанның ғылыми мұрасын арнайы ғылыми тұрғыда талдаған біраз ғалымдар да жоғары бағалаған. Мәселен, В.В. Бартольд осы өлке тарихына арналған еңбегінде Шоқан туралы: «составленное им описание страны, как и другие работы даровитого киргизского султана, возбудили большие надежды», - деген пікірде болса [8, б.175], ал белгілі ғалым, академик А.Н.Бернштам Шоқан еңбегін өлкедегі ұйғырлар тұрмысын экспедициялық тұрғыдан тұңғыш зерттеген ғалым ретінде бағалай келіп: «начал экспедиционное обследование Синьцзяна в историко-этнографическом отношении и открыл неисчерпаемые сокровища Восточного Туркестана родины уйгуров», - деп жазады [9, б.52]. Сондай-ақ Шоқанның Шығыс Түркістан өлкесін мекендеген ұйғыр халқының тарихы мен тұрмысындағы этнографиялық ерекшеліктеріне ерекше көңіл аударып олардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетіне ғылыми тұрғыдан талдау жасағаны кейінгі дәуірлерде де біраз ғалымдардың арнайы зерттеулеріне арқау болды [10].

Жалпы осы сапарлар жас Шоқан үшін алдағы болатын Қашқар сапарына алғы шарт, дайындық қана болып қоймай оның ғалым ретінде тек алғашқылардың бірі болып қырғыз елін Еуропа халқына таныстырушы және сонымен қатар ұйғыр халқының тарихы мен тұрмысын егжей тегжейлі тұңғыш зерттеген ғалым ретінде де танытты, әрі ғылымдағы жолын ашты деп бағалауға болады. Кейіннен осы зерттеу нәтижелері түрткі болып жас Шоқан сол тұстағы беделді ғалымдардың бірі профессор Березинге хат жазып, кейіннен онымен ұзақ жылдар бойы достық, әріптестік қатынастарда болуына да себеп болғандығы белгілі [5, б.131].

Қашқар сапары немесе Шығыс Түркістанды Еуропаға таңыту.

Ал бір ғана Қашқар сапарының өзі неге тұрады. Себебі Азия өлкесі туралы XIII-ғасырда тұңғыш деректер әкелген Венеция саяхатшысы Марко Поло болатын. Бірақ, одан кейін арада алты ғасыр уақыт өтсе де бірде бір еуропалық ғалым немесе саяхатшы Орталық Азияны зерттей алмады, Орталық Азия ғылымға жұмбақ болып қала берді. Тек он тоғызыншы ғасырда бұл өлкені ғылыми тұрғыда зерттемек болған неміс ғалымы Адольф Шлагинвейт жергілікті билік қолынан қаза тапты. Сондықтан да Шоқанның саудагер кейпінде жасырын түрде барып, дүние жүзіне беймәлім болып келген, еуропалықтар үшін жабық қақпа болған Қытайдың батыс провинциясы «Алты шаһарды», яғни Яркенд пен Қашғарды, Янгисар мен Қотанды, Ақсу мен Турфанды ашуын сол кезең үшін сенсациялық құбылыс ретінде бағалауға болады. Ол кезде қалыптасқан түсінік бойынша Алтышар деп, солтүстігінде Тянь Шань тауларымен, оңтүстігінде Куэн Луньмен қоршалған қалалар: Қашғар, Ақсу, Үш Тұрпан, Янысар, Яркенд және Хотан қалаларын атаған. «Алтышар» атауы жөнінде Орта және Орталық Азияны көп жылдар бойы зерттеген саяхатшы, императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшесі, генерал-майор М.В. Певцов өз зерттеулерінде: «В то время жители Восточного Туркестана вели оседлую жизнь, занимались земледелием и имели города, из коих упоминаются в древних летописях Кашгар, Яркенд, Хотань, Ақсу, Янги-Гисарь и Кучань (Куча), отсюда название Алтышар (Шестиграде)», - деп жазып нақты анықтама береді [11, б.20].

Шоқан Қашғар сапарына аса зор мән беріп жарты жылдай (1858 жылдың бірінші қазанынан 1859 жылдың наурыз айының ортасына дейін) тыңғылықты дайындалды. Сол мақсатпен Шоқан 1857 жылдың желтоқсан айында Шығыс Түркістанға жақын ауылдарды

зерттеп 1858 жылдың сәуір айына дейін өзінің тікелей бақылау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде «Қашғария сапарын ұйымдастыру туралы жазбалар» деген зерттеу қорытындыларын қағаз бетіне түсіреді. Кейіннен өз алдына ұйғыр халқы туралы тұңғыш ғылыми зерттеу еңбек болып шыққан бұл жазбадан Шоқанның ұйғырлар туралы жан жақты өте терең мағналы, ғылым үшін маңызды деректер жинап алғандығын байқауға болады. Қашғарда жарты жылдай болған Шоқан ұйғыр халқының этнографиясын біршама тереңдей зерттеген тұңғыш ғалым ретінде ғана емес еуропалық жоғары деңгейде білім алған, ұйғыр тілін белгілі дәрежеде жетік меңгерген зерттеуші ретінде таңылуына жол ашты. Бұл туралы Шоқанның өзі: «Я старался во время своего пребывания в Кашгаре изучить уйгурский язык... на котором говорят в Кашгаре; язык этот совершенно неизвестен европейским ученым, они знакомы лишь несколько с книжным языком, похожим на джагатайский» [5, б.403].

1859 жылдың 12 сәуірінде Шоқан Верныйға қайтып оралады. Экспедиция қорытындысы бойынша ол «Алты шаһар немесе Қытайдың Нан Лун провинциясындағы (кіші Бұқара) алты шығыс қаласының жағдайы туралы» (1858-1859) есебін әзірлеп, жазып шығады. Оның бұл еңбегін Ресей мен басқа елдердің шығыстанушылары жоғары бағалап, көп ұзамай ағылшын тілінде де аударылып басылады. Қашқария өлкесін зерттеудегі Шоқан еңбегінің зор жетістігіне баға берген ғалымдардың бірі К.А. Усманов: «Большой шаг в изучении истории Кашгарии XIX века сделал русский путешественник Чокан Валиханов», - деп жазады [12, б.83].

Ал Шоқан туралы «Қазанамада»: «Бұл саяхат географиялық ерлік болды. Марко Поло заманынан бері осы қалада өлтірілген бақытсыз Адольф Шлагинтвейтті айтпағанда, Қашғарға бірде бір еуропалық кіре алған жоқ», - деп ғалым еңбегінің зор маңыздылығы туралы атап көрсетілді [4, б.87].

Иә, Шоқанның дәуірі қазақ халқы үшін өте бір ауыр кезеңмен тұспа тұс келгені сөзсіз. Абай айтқандай «соқтықпалы соқпалы кезеңде мыңмен жалғыз алысқан» заман болды. Қазақ қоғамы ғасырлар бойы жалғасып келген хандық жүйеден біржола айрылды. Атасы Уәлихан өмірден өткен соң орта жүзде хандық билік жойылып әкесінің орнына хандық билік құрмақ болған оның баласы Ғұбайдолла Ресей аймағындағы Березовскіге жер аударылды. Ел басқарған төрелердің өзі екіге жарылды. Орыс басқыншыларымен он жыл бойы алысқан Кенесары көтерілісі басылған соң бүкіл Орта Азия аймағы біртіндеп Ресей империясының отарына айналды. Шоқанның көптомдық шығармалар жинағының алғысөзін жазған академик Б.Е.Көмеков: «Шоқан өз дәуірінің ұлы болды. Оның шығармашылығына патша өкіметінің дәуірі және идеологиясы әсер етті», - деп жазады.

XIX ғасырдың орта кезіне дейін Қазақстан, Орта Азия жерінің географиялық тұрғыдан «ақтаңдақ» күйінде қалып келгені белгілі. Шоқан өзіне дейін Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинвейттің 1857 жылы тамыз айында қанқұйлы Уәлихан төренің бұйрығы бойынша қаза тапқаны туралы дерекке қол жеткізіп, тұңғыш рет жариялаған ғалым. Бұл қайғылы оқиға туралы Шоқан «Адольф Шлагинвейттің өліміне себеп болған жағыдайлар туралы мәліметтер» атты еңбегінде егжей-тегжейлі жазған. Ш. Уәлихановтың Тянь - Шаньды алғаш зерттеушілердің қатарында тұруы заңдылық. Шынында да, Ішкі Азияның бұл орасан зор тау жүйесіне алғаш аяқ басқан ғалым П.П.Семенов Тянь-Шаньский тек Нарын өзеніне дейін ғана жетсе, Шоқан оны солтүстікте Іле аңғарынан, оңтүстікте тау жүйесінің етегіне дейін алғаш рет екі бағытта тұтасынан қиып өткен. Жалпы, Қашғар сапарын ұйымдастыру үлкен мемлекеттік қолдауға ие болғандығы белгілі. Петерборда П.П.Семенов Тянь-Шаньский бұл мәселені жедел қолға алып шығыстанушы ғалымдарды, сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті, Географиялық қоғамның қолдауымен ұйымдыстырылған экспедиция туралы мұрағат қорларында «поручик сұлтан Шоқан Уәлихановты Қашқарияға аттандыру туралы» деген атпен белгілі [13, б.42].

Мақаланың түйіні.

Қорытындылай айтқанда, Шоқанның ғылыми деректері оның көзі тірісінде ғана

әлемге таңылып қана қоймай, күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жойған жоқ. Бұл туралы ұзақ жылдар бойы Орта және Орталық Азияны зерттеген даңқты археолог, этнограф және шығыстанушы ғалым, академик Бернштам: «его наблюдения исторического и этнографического характера по своей глубине и важности выводов стоят несравненно выше, чем знаменитые работы Синьцзяне Шоу (1868-1869 гг.) и Беллю, описавшего миссию Форсайта (1870-1873 гг.)», - деп зор баға береді [14, б.52].

Әдебиеттер:

1. «Қазақ әдебиеті», 11 шілде, 2025 жыл. №27. 6 бет.
2. Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы. Аударған Ә.Ипмағамбетов. - Алматы: Жазушы, 1980. - 416 бет.
3. Ескекбаев Д.«Білімге құштар ұлт»//«Егемен Қазақстан», 16 желтоқсан, 2023 жыл. № 241 - 242.
4. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. 1 том. - Алматы, 2010 жыл. - 377 бет.
5. Валиханов Ч.Ч. Собр.,соч., в пяти томах. - Т.1. - Алматы, 1961. - С. 395.
6. Баяндин Н. Географиялық ашулар. Екінші басылымы. - Алматы: «Мектеп», 1989. - 136 бет.
7. Қырғыздар туралы жазбалар // Уәлиханов Ш. Таңдамалы.- Алматы: «Жазушы», 1985. - 560 бет; Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах // Собрание сочинений. Алма-Ата, 1961. - Т. 1. С. 367.
8. В.В.Бартольд. «История изучения Востока в Европе и России». - Ленинград, 1925. - С. 276.
9. А.Н.Бернштам. Проблемы истории Восточного Туркестана //Вестник древней истории, 1947. - №2. - С.52.; А.Н.Бернштам. «Русская и Советская уйгуристика»//Известия АН КазССР, серия уйгуро-дунганской культуры, 1950. - Вып.1. - С.78.
10. Исхаков Г.М. Этнографическое изучение уйгуров Восточного Туркестана русскими путешественниками второй половине XIX века. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1975. - С.136; Дулатова Д.И. Чокан Валиханов как исследователь Восточного Туркестана.; Хасанов К. Чокан Валиханов как уйгуровед. Алма-Ата, 1963. Кайдаров А. Хасанов К. Чокан Валиханов как уйгуровед// «Известия Ан КазССР, серия общественный наук», 1965. - Вып.3.
11. М.В. Певцов. Путешествие в Кашгарию и Кун-лунь. - Москва: Госиздат географ.лит., 1949. - С.325.
12. А.К. Усманов. К вопросу о роли русской исторической науки в изучении Синьцзяна (XIX в.) //Труды Московского института востоковедения. - Вып. 6. - Москва, 1951. - С.183.
13. Архив МИД, Ф-IV-3, Д.1; ЦГА РУ, Ф. 715, Оп.1. Д.18-20; ГАОО, Ф. 366. Оп.1. Д.257; //Ш. Уәлиханов. Көптомдық шығармалар жинағы. - 1 том. - Алматы, 2010 жыл. - 377 бет.
14. А.Н.Бернштам. Проблемы истории Восточного Туркестана //Вестник древней истории, 1947. - №1.



Экспедиция мүшелері жолға шығар алдында. Ыстықкөл жағасы.



Тау асуларынан асып, жолда бір сәт аялдаған сәт.

Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ 1860-1864 ЖЖ. ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ-ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ

Ғалым Ерасыл, 11 сынып оқушысы,
«Ш.Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп», Алматы
Жетекші: тарих пәні мұғалімі Нартай А.Н.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында қазақтың ғалымы, ағартушы-демократ, тарихшы, этнограф, географ, саяхатшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865) өмірінің соңғы жылдары 1860-1864 жылдары жазылған еңбектерінің-Қазақстан тарихының құнды дереккөздері ретінде зерттеледі.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақтың әлемдік өркениет деңгейіндегі жарқын тұлғаларын білу әрі құрметтеу жас ұрпақтың басты міндеті. Қазіргі тәуелсіз елде өмір сүріп, еліміздің атын бүкіл әлемге танытып жүрген Г.Г.Головкин, Димаш Құдайбергенов, т.б тұлғаларды барлығымыз білеміз әрі мақтан тұтамыз. Сол сияқты тарихымыздың өткен ғасырларында да ұлт тарихында көрнекті тұлғалар көп болған. Солардың бірі, қазақтың біртуар азаматы, қиын-қыстау кезеңде өмір сүрген, өзінің қысқа ғана ғұмырында ағартушылық-демократиялық көзқарастарды қалыптастырып, тек қазақтың емес, барша Орталық Азия халықтарының этногенез, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, тарихи-географиялық мәселелерін зерттеуде маңызды үлес қосқан Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың мұраларын зерттеу әрқашанда өзекті болып табылады. Шоқанның еңбектері-Қазақстан тарихының, соның ішінде орта ғасыр тарихының маңызды дерек көздері болып табылады. Ғалымның орта ғасыр тарихын жақсы білетіндігі соншалық, өзінің шығармаларында зерттеген мәселелерді көптеген шығыс, батыс және орыс деректерімен салыстырып, талдау жасап отырған. Сол себепті «ғылымдағы алғашқы жарық жұлдыз» атанған Шоқан Уәлихановтың өмірінің соңғы жылдарындағы яғни, 1860-1864 жылдардағы жазылған еңбектерін зерттеу өзекті болып отыр.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Жалпы Шоқанның ғылыми мұрасын игеру үшін өткен ғасырда көптеген әйгілі ғалымдар еңбек етті. Солардың ішінде түбегейлі еңбек етіп, орасан көп жетістіктерге жеткендер, яғни шоқантанушылардың алыптары: М.И.Фетисов, Ә.Х.Марғұлан, С.З.Зиманов сынды ғалымдар. Сонымен қатар бұл ғалымдар Шоқанның Ресейдегі ұлы адамдармен идеялық байланысы және олардың қазақ ғалымына жасаған әсері туралы белгілі ғалымдар Е.Бекмаханов, О.А.Сегізбаев, Қ.Бекхожин, Д.И. Дулатова, М.С.Бурабаев т.б. болды.

Осы күнге дейін Ш.Уәлиханов туралы көп зерттеулер мен әдеби шығармалар жазылды. Кеңес үкіметі дәуірінде алғашқы зерттеуші 1945 жылы көлемді монография жазған Х.Айдарова. Ол жерде қазақ ғалымының алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдерімен қарым-қатынасы туралы айтылады. Бірақ қандай дәрежеде саяси көзқарасы мен қоғамдық қызметі белгілі көлемде ашылмады. Ал, М.И.Фетисов еңбектерінде орыс әдебиеті мен мәдениетінің әйгілі өкілдері Дуров, Достоевский, Семенов-Тянь-Шанский, Бекетов т.б. қазақ ғылымының идеялық және творчестволық қатынасы, олардың бір-біріне деген жанашырлық көмегі зерттелген.

Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттері. Шоқан Уәлихановтың 1860-1864 жылғы жазылған құнды материалдарының және басқа зерттеулеріне сүйене отырып бұл зерттеулердің тарихи маңыздылығы мен деректік мәнін анықтау басты мақсат болып табылады. Аталған мақсатқа орай төмендегідей міндеттер алға қойылған:

- Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметін көрсету;
- Ш.Уәлихановтың ғылыми жолға түсу барысын анықтау,
- Ш.Уәлихановтың Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихын анықтаудағы орнын көрсету;
- Ш.Уәлихановтың 1860-1864 жылғы зерттеулерінің Қазақстан тарихы бойынша маңызды дерек көздері ретінде дәлелдеу;

- Ш.Уалихановтың ғалым болып қалыптасуындағы орыс интеллигенция өкілдерінің маңыздылығын көрсету.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері. Зерттеу жұмысын жазу барысында жалпы тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістер негізге алынды. Сондай-ақ, кейінгі уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдамалар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынып, зерттеу барысында нақты тарихи, салыстырмалы-тарихи, ғылыми жүйелеу, талдау, сипаттамалық және аналитикалық әдістер, жинақтау және қорыту, сонымен қатар, деректерді басқа да тарихи деректермен салыстыра отырып, негізге алынған дерек көздерінің объективті шынайылығын анықтауға назар аударылды.

Зерттеу жұмысының практикалық және теориялық маңыздылығы. Зерттеу жұмысының маңызды әдістерінің бірі – пәнаралық байланыс болғандықтан, география, тарих, әдебиет пәндері бойынша оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда практикалық маңызы болуы мүмкін. Сонымен қатар, оқушылардың, студенттердің өзіндік, курстық жұмыстарында пайдалануға болады.

1. Ш.Ш.Уәлихановтың өмірбаяны мен ғылым жолына түсуі

Алаулаған аз ғана өмірінде кейінгі ұрпаққа өшпестей рухани-әлеуметтік мұра қалдырған, әлем мойындаған аса көрнекті ғалым ағартушы және зерттеуші Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 189 жыл болды. Ш.Уәлихановтың аса дарынды ғалым ретінде тарих, этнография, бейнелеу өнері, география, әдебиет, заң және философияға, сонымен қатар басқа да салаларға қосқан үлесі зор екенін білеміз.

Шоқан ашқан жаңалықтар мен зерттеулердің нәтижелерін кейінгі ғалымдар өз еңбектері мен зерттеулеріне негіз етіп алатын. Жастарды ғылым жолына үйретуде де Шоқан Уәлиханов есімі әрдайым биік орындарды иемденеді. “Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен, азаттық пен білім қажет”¹¹ деп, Шоқан Уәлихановтың өзі айтқандай жастарға оның мұраларын жеткізіп, сол сияқты энциклопедиялық білім алуға шақыруы аса маңызды іс.

Шоқан Уәлиханов сөзімен айтқанда, 18-ғасыр қазақ халқы үшін ауыр болғаны соншалық, жау жағадан алғанда бөрі етекпен алады дегендей. Жоңғар, Қытай, және Орта Азия хандықтарының шабуылынан әбден шаршаған қазақтар көмек пен қамқорлықты тек Россия патшалығынан күткен еді.¹² Жалпы Шоқан Уәлихановтың тарихи жазбаларында, соның ішінде 19 ғасырдың 60-80 жылдары қазақ тарихында қатысты құнды деректер топтастырылған. Мысалы, «Қырғыздардың байырғы кезеңдегі қару-жарақтары мен әскери сауыт саймандары», «Сот реформасы туралы жазбалары», «Даладағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардың космологиялық түсініктері», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы», «Шона батыр туралы аңыздары» т.б айтуға болады.

Қазақстанды патшалық Ресей екі нүкте яғни Орынбор мен Омбы арқылы отарлағаны белгілі дейді. Біз қараған Орта жүз жері түгелдей Омбы арқылы отарланды. Ал Омбы қаласының өзі Батыс Сібір бас басқармасына қарайтын еді деп жазады. Патшалық Ресей Қазақстанды отарлап, түгелдей бағындыру империяға аса қажет болды деп басты екі себебін көрсетеді.

1.Түгін тартса майы шығатын байлыққа тұнып тұрған Қазақстанның осынау бай аймақтары Ресей империясының экономикалық және саяси стратегиялық мақсаттары үшін аса маңызды еді

2.Шұрайлы жерлері көп осынау өлкенің байлығы алдына, патша өкіметінің экспансиялық саясаты үшін Шығыс елдеріне және Орта Азияға өту үшін транзиттік маңызы болды.

Енді кішігірім ғалымның өмірбаянына тоқталсақ. 1847 жылы Құсмұрындағы Шыңғыс аштырған әйгілі қазақ мектебін үздік бітірген болашақ ұлы ғалым, қазақтың тұңғыш

¹¹ Р.Сейсенбаев. Шоқан Уәлиханов. Тәңірі. Таңдамалы шығармалары. 2013 жыл.149бет

¹² Уәлиханов Ч.Ч. т.1.1961. 427с. 218 бетті қараңыз.

демократы 12 жасында Омбыға аттанады. Қызығы мен қиындығы мол Шоқан өміріндегі аса жемісті жылдарын сол кездегі Батыс Сібір губерниясының үлкен мәдени орталығы Омбыда басталады.

Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жоңғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жүз ханы болған. Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында, туған елі Көкшетауда өткен. Шоқан әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген.

Дегенмен, Шоқан алғашқы білімді ауыл мектебінен алды, онда арабша жазуға және оқи білуге үйренді. Содан кейін 1847-1853 жылдары сол кездегі Сібірдегі ең алыңғы қатарлы оқу орындарының бірі саналатын Омбы Кадет корпусында оқыды. Корпусты бітірген түлектерінің сол кезде Ресейге белгілі саяхатшы, зерттеуші Г.Н.Потанин, белгілі публицист Я.М.Ядренцев, ғалым А.Ф. Анненский. Шоқанды қазақ жеріндегі «ағарту ісі мен патриотизмнің дәнін себуші» деп атаған. Сол себепті де, Шоқан Уәлиханов өзінің халқының Ресей империясының бодандығынан тек білім, ағарту, ғылым жолымен ғана күресуге болатындығын дәлелдеген патриот тарихи тұлға болды деп айта аламыз.

2. Ш.Ш.Уәлихановтың ғылым жолындағы жақтастары мен ортасы

Әжесі Айғаным мен Шыңғысқа Шоқанды Омбы әскери училищесіне орналастыру оңай болған жоқ. 1847 жылы Кадет корпусына айналдырған оқу орнында жас Шоқанның Омбыдағы оқуы басталады. Мұнда ол алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің ортасына түсті. Гутковский, Капустин, Ивановтар және оқытушылар Ждан-Пушкин, Костылевский, Померанцев, Сулоцкий т.б. Бұл аты аталғандардың көбі бұрыннан Айғанымның қара шаңырағымен достық қатынаста болған жандар еді. Бұл жерде Шоқанның әжесінің қаншалықты сол заманда, саяси аренада беделді тұлға болғанын көрсетіп қоймай, Шоқанның ғылым жолында маңызды рөл атқарған тұлғасы екендігін көреміз.

Омбының дәл ортасындағы Никольский алаңында орналасқан Сібір кадет корпусы И.Завалишин тілімен айтқанда шын мәнінде «Рассадником просвещения и патриотизма для всей Сибири» болған еді.¹³ 1813 жылы құрылған оқу орнының шын мәнінде үлкен қара шаңыраққа айналуы С.Б.Броневскийдің қыруар еңбегінің арқасы еді. Семен Богданович Броневский 1786-1858 жылдары өмір сүрген алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің ішінде алғаш рет Орта жүздегі қазақ қоғамымен достық қатынаста болған адамдардың бірі. Шоқан Уәлиханов туған үймен оның достық әрі творчестволық қатынаста болуы біздің халық тарихындағы жарқын беттердің бірі. Ол Шоқанның әжесі Айғанымға көптеген проблемаларды шешуге көмек берген. Мысалы, оның Сырымбеттегі мектебіне мұғалімдер керек болғанда 1824 жылы өзінің аса қажетті қызметкері оқытушы Құтмұхамет Иманқұловты Семен Богданович осынау қара шаңыраққа жөнелтеді.¹⁴ Қ.Иманқұлов Айғаным мектебінде ұзақ жылдар сабақ беріп, көп еңбек сіңіреді. Соның арқасында оның барлық балалары, әсіресе Шыңғыс пен Төрежан орыс тілін таза сөйлеп, тамаша біліп алған.

П.П.Семенов Шоқанмен танысқанда таңданғаны соншалықты, қазақтың болашақ

¹³ Р.Т.Тлеуқабылова. «Ш.Ш.Уәлихановтың әскери-теориялық көзқарастары» // edu.history.kz 26бет

¹⁴ Ахметова С. Шоқанның Шығыстың жерін зерттеу тарихы. // «XXI ҒАСЫР ЖАСТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ КЕЛБЕТІ» халықаралық ғылыми-тәжірбиелік форум материалдары.Қарағанды 2023жыл 20-2166.

ғалымы әлгі жанашыр адамдардың мақтап айтқандарынан асып түседі. Жазған еңбектері өте көп екен. Және тамаша қызыл тілмен жазылған деп П.П.Семенов көп ойланбастан Орыс Географиялық қоғамына хат жазып, Шоқанды мүше етіп қабылдауды ұсынады. Осылайша, Ресейдегі аса ірі ғылыми орталықтың мүшесі болып сайланады. Бұл деген қазақ ғалымының еңбектері өз заманында жоғары бағаланды деген сөз. Және осы кезден бастап, Шоқан жазбаларының жарыққа шығуына даңғыл жол ашылады.

Шоқанның орыс қоғамына, ғылыми жолының ашылуына маңызды үлес қосқан Карл Казимирович Гутковский еді. Ол Шоқанды Петербургтың ғылыми орталықтарына таныстыру мақсатымен екеуінің атынан мақала жібереді. Сол мақала 1857 жылдың №195 санында жарық көрген. Бұл тарихи мақаланың маңызы соншалық, қазақ ғалымының мақаласы баспасөзде алғаш жарияланғаны ғана емес, сол сияқты Шоқанның өзі туралы Гутковскийдің жазған лебізі алғаш рет көпшілікке жарияланған. Сондықтан сол газеттегі Гутковскийдің қазақ ғалымы туралы алғаш рет жазған мінездемесінен үзінді келтірейік: «Этот молодой человек Ч. Ч. Уалиханов с редкою любознательностью, со страстью к наукам, которыми занимается неумоимо веселый, остроумный, достойный представитель своего знаменитого рода» деп қысқаша болса да болашақ қазақтың ұлы ғалымының бет бейнесін яғни ғылыми мінездемесін дәл берген.¹⁵

Сонымен, Ш.Уәлихановтың ғалым-ағартушы, ержүрек саяхатшы, географ, этнограф, тарихшы, шығыстанушы және кәсіпқой суретші болып жетілуі Ресейдегі ғылымның дамуы мен қоғамдық-саяси ойдың әсерінсіз болуы мүмкін емес еді. Сондай-ақ алдыңғы қатарлы Ресей интеллигенциясының жанашырлық көмегінің және сүйеу болуының арқасында Ш.Ш.Уәлиханов 1835-1865 жж. тамаша қазақ ғалымы және демократы тарихи аренаға келді.

3.Шоқан Уәлихановтың 1860-1864 жылдары жазылған еңбектерін талдау.

1858-1859 жылдары Шоқан Уәлиханов Қашғарияға ғылыми саяхат жасайды. Бұл өлкеге Марко Поло мен иезуит Гоестен кейін ешкім аяқ баспаған болатын. Экспедициядан соң Питербуртта Ш.Уәлиханов бірнеше жерде қызмет атқарады: Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Азия департаменті мен Географиялық қоғамда. Әскери-ғылыми комитеттің тапсыруымен ол Орталық Азия мен Шығыс Түркістан картасын жасаған. 1864 жылдың көктемінде Ш.Уәлиханов Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосуға бағытталған генерал Черняевтің әскери экспедициясына шақырылады. Ол Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияның Ресейге қосылуы қантөгіссіз, бейбіт жолмен болады деп ойлады, ал, генерал Черняев халықпен келіссөз жүргізбей, күштеп қосуды көздейді. Осылайша, Шоқан бір топ наразы офицермен Верный қаласына қайтып кетеді. Ол жерде қалу қауіпті болғандықтан, Алтын Емелдегі албан руының аға сұлтаны Тезек Төрениң ауылына барады. 1865 жылдың сәуір айында Алтын Емел жотасына жақын Көшен тоғаны деген жерде қайтыс болады. Ғалымның мезгілсіз қазасы оның алдына қойған мақсаттарын орындауға, жазып бастаған еңбектерінің аяқталуына мүмкіндік бермеді. Сол себепті ғалымның 1860-1864 жылдардағы еңбектері аяқсыз, тексерусіз, ретсіз қалды.

Шоқан Уәлихановтың 1860-1864 жылдары жазылған еңбектерінде Орталық Азияның тарихи географиясына қатысты мәліметтер кездеседі. Бұл мәселелер бүгінгі күнге дейін арнайы зерттелмеген. Шоқан Уәлиханов шығармаларының деректік негізіне келер болсақ, оларды былайша сыныптауға болады. Олар - жазба, мұрағаттық және ауызша (халық ауыз әдебиетінің үлгілері).

Бірінші топқа жататын, орта ғасырлық шығыс авторларының ішінде Қашғардан алып келген «Сатұқ Бұғрахан тарихы», «Тұғлұқ Темір хан тарихы», Мұхаммед Садық Қашғаридың «Қожалар тарихы», Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и Түрк» (Түрік шежіресі) Мухаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Қадырғали Жалайыридың «Жами-ат тауарих», Рашид ад-Диннің «Жалнамалар жинағын» және «Шайбанинаме» мен

¹⁵ Утениязов Самат Көшенұлы. Ш.Ш.Уәлихановтың ғалым ретінде қалыптасуына алдыңғы қатарлы Россия интеллигенциясының әсері. Тарих ғылымының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертация. Алматы 1993.156 бет

«Бабырнаманы» зерттеп, оның қажетті жерлерін Қазақстан және Орталық Азия халықтарының тарихын зерттеуде пайдаланған.

Ал, мұрағат деректеріне келер болсақ, Шоқан қырғыздардың шығу тегіне байланысты этногенез мәселесін анықтау мақсатында Омбы мұрағатында жұмыс жасаған. Оған оның еңбектері арқылы көз жеткізуге болады. Кей кездері мұрағатта ұзақ отыруға уақыты болмаған кезде бұл жұмысты Г.Н.Потанинге де тапсырып отырғандығы белгілі.¹⁶

Фольклорлық деректер немесе халық ауыз әдебиетінің үлгілерін ғалым зерттеулерінде негізгі дерек ретінде пайдаланған. Уәлиханов жинаған халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне тоқаталар болсақ, олар «Қозы-Көрпеш Баян сұлу», «Ер Көкше Ер Қосай», «Едіге», «Манас», «Абылай» туралы жырлар.

Сонымен қатар ғалым, қазақ пен қырғыз халықтарының ежелден келе жатқан мақал-мәтелдерін, өлең-жырларын, аңыздарын жинаумен жүйелі түрде айналысқан. Оларды жинап қана қоймай, оларға ғылыми тұжырым жасап, екі халықтың тілдік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра отырып, зерттеді. Ғалым еңбектерінде халық ауыз әдебиетінің үлгілерін екі түрге бөліп қарайды: ертегі мен халықтың шығу тегі туралы аңыздар және тарихи тұлғалар (хандар, рубасылар, батырлар) туралы аңыз-әңгімелер, шежірелер.

Даладағы мұсылмандық туралы жазбаларында дін реформасын ұсынады.

1. Татарлардан дінді дәріптеуі жағынан айырмашылығы бар Қырғыз даласын Орынбор муфтиі ведомствасынан бөлу және аймақтық ерекше ахун тағайындау, ол жалпы аймақтық басқару болған жағдайда қырғыздар ішінен шыққан кеңесші сияқты болар еді.

2. Егер халық тарапынан табанды түрде өтініш болатын болса, молда атағына тек қырғыздарды не қырғыз қожаларын бекіту керек.

3. Округте біреуден артық молда тағайындамау, ал болыстықтарда аталған лауазымды қысқарту.

4. Орта Азиядан татар семинаристеріне келетін ишан, қожаларға нақты жұмыстары болмаса қырғыздар арасында Баянауыл, Қарқаралы округтеріне түсініксіз қоғамдар құрмаулары үшін қырғыз қоныстарында жол бермеу.

Молдалардан төрелік ету (сот) құқығын алып тастау – оларды орыс дін қызметшісі сияқты ықпалдарынан айырмайды деп ислам дінінің ықпалының татар молдалары арқылы күшеюін жазады.

Қорытынды. Сонымен, қазақ халқынан шыққан алғашқы ғалым-Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ғұмыры мен ғылым жолы жас ұрпаққа өшпес өнеге. Ғалымның 1860-1864 жылдары жазылған еңбектеріндегі қоғамдық-саяси, тарихи, діни, экономикалық көзқарастары мен ғылыми мұраларының зерттелу деңгейін үш түрлі жағдайда қарастырдық.

Бірінші, ғалымның ғылыми мұраларындағы толық зерттелген мәселелер;

Екінші, ішінара немесе жартылай зерттелген мәселелер;

Үшінші, аз зерттелген немесе осы уақытқа дейін көңіл бөлінбеген мәселелер. Себебі ғалымның мезгілсіз қазасы оның алдына қойған мақсаттарын орындауға, жазып бастаған еңбектерінің аяқталуына мүмкіндік бермеді. Сол себепті ғалымның 1860-1864 жылдардағы еңбектері аяқсыз, тексерусіз, ретсіз қалды. Дегенмен де Қазақстанның ғана емес Орта Азия халықтарының ежелгі және орта ғасыр тарихы бойынша құнды мәліметтер қалдырғанын жоғарыда айтқан едік.

XIX ғ. 60-жылдарындағы Ресейде қоғамдық-педагогикалық қозғалыстың, орыс педагогикасының озық идеялары Шоқанның ағартушылық көзқарасына тікелей ықпал етті. Шоқан арнайы педагогикалық еңбектер жазбаса да, оның қоғамдық және ғылыми еңбектері ағартушылық сипатта болды. Ол білімі мен мәдениеті озық елдерден үлгі-өнеге алуға, әсіресе, орыстың ғылымын, мәдениетінен үйренуге шақырды.

¹⁶ Ч.Д.Турдалиева. «История и культура кыргызов по трудам Ч.Ч. Уалиханова» докторлық диссертация. автореферат дис. кандидата исторических наук : 07.00.02 Бішкек 2000ж. 24с.

«XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДІНИ МЕНТАЛИТЕТІНДЕГІ ШАМАНИЗМ КӨРІНІСТЕРІ: Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ПАЙЫМДАУЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ»

Е.Зайтхан

Еуразия Ұлттық университетінің докторанты

Annotation

This article explores the manifestations of shamanism in the religious mentality of 19th-century Kazakh society, using the ethnographic insights of Chokan Valikhanov. It analyzes the role of shamans (baksys) within Kazakh spiritual culture, including their rituals, connection with spirits, and the perception of their practices within the context of Islam. The study highlights the cultural and historical importance of shamanism and its integration with, as well as resistance to, the expanding influence of Islam in the Kazakh steppe.

Ежелден бері әртүрлі халықтар шамандық наным-сенім белгілерін өздерінің тарихи-мәдени дамуы барысында бастан өткергені белгілі. XIX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеушілер шамандықты ең көне, қарапайым діни наным-сенімдердің бірі ретінде анықтаған. Ал бұған дейінгі ғалымдар шамандық өз бастауын өзге діндерден алған деген пікірді ұстанған.

«Шаман» немесе «бақсы» ерекше қабілет пен дарын біткен, тылсым мен сиқырлы күштердің өнерін меңгерген, әрі ақын, әрі балгер, зікірші, сонымен қатар дәрігер саналған. Бақсы келешекті болжайды, оның өткен өмірін де ашық айтып бере алады, адамның өзі айтпаған ойын табады. Бақсы табиғи құбылыстарды тудыра алады. Ол құрғақшылық кезде жаңбыр жаудырады, қатты боран мен жұтты тоқтатады, жаңбырды қуып, шөл туғызып, найзағай ойнатып, жай отын түсіреді.

Жалпы «шаман» атауы алғаш рет шығыс халықтарын зерттеген ғалым, монах Иакинф Бичуриннің еңбектерінде кездеседі. Зерттеушінің пікірінше, «шаман» сөзі Батыс Сібірді мекендеген шағын тұңғыс халқының тілінен енген. Бұл халық бақсы, балгер, емші, сиқыршы сияқты қасиеті бар адамдарды *саман* деп атаған. Ал қазақ халқы мұндай ерекше қабілетке ие адамдарды «бақсы» деген. «Бақсы» сөзі әртүрлі халықтарда түрлі мағынада қолданылған. Мәселен, моңғол тілінде бұл сөз «оқытушы» ұғымын білдірсе, түрікмендер әнші-күйші адамды «бақсы» деп атаған. Ұйғырлар хат таныған сауатты адамдарын *бахши* деп атаған.

Ш.Уәлиханов - «Әркімнің қолынан ақындық келе бермейтіні сияқты әркімнің бір қолынан бақсылық та келе бермейді, ол адамға берілетін қасиет» [1, б. 54] десе, Жүсіп Баласағұни өзінің жырларында бақсыларды мадақтай келіп, олардың емінің ерекше екенін, ондай емді кез-келген емшілер білмейтінін, бақсылардың сиқырлаумен асқынған ауруды қуып шығатынын айтады [2, б. 123].

Бақсы - күнделікті өмірге бейжай қарайтын, сырт келбетіне мән бермейтін, қалай болса солай киіне салатын, шашы ретсіз, күтімсіз, тұрақты мекені жоқ, үнемі көшіп-қонып, ауылдан ауылға жүре беретін тұлға ретінде сипатталады. Бақсы тылсым әлеммен байланыс орнатып, ондағы әртүрлі рухтарды өз қызметіне жұмылдыра алатын ерекше қабілетке ие. Бақсымен байланысатын бұл рухтар - жындар деп аталады. Ол жындардың әрқайсысының аты, өзіндік бейнесі бар. Олар кейде әйел, шал немесе сары қыз бейнесінде, халық сенімінде жындар адам кейпінде көрінеді. Жындар да өз ішінде үлкен, орташа және ұсақ, кәрі, жас, еркек, әйел болып бөлінеді. Сондықтан бақсылардың күш-қуаты мен емшілік қабілеті де олардың иелік ететін жынына байланысты әртүрлі деңгейде болады. Үлкен жынға ие бақсылар ауыр дерттерді емдей алады, құрсақты тіліп, әйелдердің босануына жәрдемдеседі, албасты сияқты зұлым рухтарды қуып шығуға қабілетті болады. Олар зікір салу арқылы өз жындарын шақырып, бал аша алады.

Тәжірибелі бақсылар ойын кезінде түрлі керемет іс-әрекеттер жасайды - қылышты сабына дейін жұтады, шоқтай қызған темірді жалайды. Бақсы ойынының негізгі мақсаты - жынды шақыру. Ойын барысында бақсы ерекше транс күйге еніп, шарықтау шегіне

жеткенде денесі әлсіреп, есінен танып құлайды. Біраз уақыттан соң орнынан тұрып, өз жынының не айтқанын жеткізеді.

Көптеген зерттеушілер бақсылық құбылысты жоғары сезімталдық феномені ретінде қарастырады. Бұл қасиет адамның бойында туа біткен немесе жүре пайда болған болуы мүмкін деген пікірлер бар. Ал қазақ халық түсінігінде бақсылық - тұқым қуалайтын, тек жаны таза адамдарға қонатын қасиет деп есептелген. Егер адам бұл қасиетті дұрыс қабылдай алмаса, оны «бақсылық буып», психикалық немесе физикалық күйзеліске ұшырауы мүмкін деген сенім болған.

Әбубәкір Диваев: Перовск уезінде біз бақсының керемет өнерін көрдік. Ол жын-шайтандарын шақыра ойнақ салып, қатты әбігерге түсті, ақыры соңына таман біздің құлағымызға шошқалардың қорсылдағаны, иттердің арсылдағанымен үргені, айғырлардың кісінегені, қозының маңырағаны естіле бастады, - деп жазады[3, б. 45].

Тарихшы А. Левшин бақсы туралы былай деп жазады: «Сырт пішіне қарағанда бақсы Сібір шамандарын еске түсіреді. Үстіндегі киімі кейде әдеттегідей, кейде ұзын немесе қысқа, алба-жұлба көйлегі болады. Сөйтсе де осы сыртқы көрінісінің өзімен-ақ адамға ой туғызып, әсер етеді. Мен көрген бақсы киіз үйге аяғын ептеп басып, маңғаздана кірді. Ол қолына қобыз алды да тарта бастады, онан соң әнге басты, денесі ән ырғағына, қобыз сарынынан сәйкес қозғалды. Дауысы көтерілген сайын оның қимылы жылдамдап, қикандаған дене ауырлай түсті. Соңында әбден талып, өлген адамдай тым-тырыс жатып қалды. Біраз уақыт өткеннен кейін орнынан жайлап тұрып, ештеңе ұқпағандай сыңай танытып,өзінің зікір үстінде көргендерін айта бастады[4, б. 68]. Бақсыларды көрген адамдардың көбісінің көрініске куә болып суреттеп жеткізулері бір-біріне ұқсас.

Қазақ қоғамында ислам діні қызметкерлері бақсыларды жек көріп, оларды ел ішінен аластауға ұмтылды. Мұсылманшылық ел арасына дендеп енген сайын, бақсылардың әлеуметтік мәртебесі төмендеп, рулар арасында олардың рөлі мен орнына қатысты әртүрлі көзқарастар пайда болды. XIX ғасырдағы бақсылық туралы Ш. Уәлиханов «Барлық зерттеушілер қазақтар туралы жазғанда, олардың мұсылман екендігін, бірақ шамандық салттарды ұстанатынын немесе олардың мұсылмандық салттарды шамандықпен араластыратынын айта келіп, бұл дұрыс бірақ олардың шамандығы немен түсіндіріледі» - деген сауал тастайды. Себебі ғалым Д. Банзаровтың «Черная вера» мақаласы үлкен еңбек деп саналғанымен оны бір жақты жазылған деп есептейді. Д. Банзаров өзінің мақаласы үшін мәліметтердің көп бөлігін ламалардан алған, ал ол кітапқа енгізілген мәліметтер будда тарапынан меңгеріліп өзгертілген деген қорытындыға келеді. Кітапқа сипаттама бере келіп шамандық демонологиялық тұрғысынан монғолдарға қарағанда қазақтар анағұрлым мол мұраға иелік отырғанын жеткізген [5, б. 87].

Адамдар бақсыларға тылсым күштерді қолдана отырып, зиян келтіруі мүмкін деген күдікпен қарады, сол себепті олардан қорғануға тырысты. Мұндай үрдіс кейін бақсының моласын жеке қазып, жеке жерлеуге, олардың орнына қатысты өзгеше дәстүрлердің қалыптасуына әкелді. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» деген өлең жолдары бұл тарихи шындықты айқын көрсетеді [6, б. 92].

Зерттеуші, этнограф В.Н. Басилов исламның Орта Азия мен Қазақстандағы шаманизмді сібірлік шаманизммен салыстыруға келмейтін күрделі құбылысқа айналдырғанын айтады. Дегенмен, ол Орта Азия мен Қазақстанда да, Сібірде де дәлелді материалдар негізінде шамандық дәстүрлердің ортақ белгілерін анықтауға болатынын, ислам мен шаманизм арасындағы қарым-қатынастың күрделілігі мен алуан түрлілігін, олардың бір-біріне қарсылығын және ықпалын атап көрсетеді. Ғалымның ең үлкен еңбегі - зерттеген өңірлерінде шамандықты мұсылман мәдениетінің ішіндегі тірі құбылыс ретінде қарастыруында. Ол бақсылықты діннің бір түрі деп ғана емес, бірнеше рет мұсылманға дейінгі культтердің қалдығы ретінде де сипаттайды.

Исламның таралуы мен ықпалы қазақ қоғамындағы дәстүрлі сенімдер мен нанымдарға елеулі өзгерістер енгізді. Бақсылық әрекеттері исламдық қағидалармен қарама-

қайшы деп танылып, кейбір жерлерде тыйым салынды. Дегенмен, көптеген өңірлерде бұл сенімдер халықтың дүниетанымында ұзақ уақыт сақталып, исламдық сеніммен сіңісіп кетті. Мұндай сіңісу мәдени, әлеуметтік және діни күрделілік тудырып, зерттеушілердің қызығушылығын оятты. Қазіргі этнографиялық зерттеулер қазақтардың дәстүрлі нанымдарының ислам дінімен қалай үйлескенін және қай жағдайда қайшылыққа түскенін жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Бақсылық дәстүрі тек зікір салып, ойын-сауықпен шектелмейтін күрделі әлеуметтік және мәдени феномен ретінде қарастырылуы қажет. Бұл халықтың тарихи даму кезеңіндегі өмір салты мен қажеттіліктеріне сәйкес қалыптасқан ерекше кәсіптің бір түрі. Қазақ даласында бақылар науқастарды емдеу барысында олардың физикалық жағдайына ғана емес, рухани әлеміне де назар аударған. Олар сырқат адамның сыртқы көрінісі мен бет пішініне мұқият қарап, денсаулығын жан-жақты бағалайтын. Кейбір бақылар тіпті тамыр ұстау арқылы ауруды анықтаған, бұл дәстүрлі медицина мен рухани емшіліктің үйлесімін көрсетеді.

Этнографиялық зерттеулерге сәйкес, қазақ қоғамында бақсылық - тек емшілік ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани әлемімен, табиғат құбылыстарымен және әлеуметтік қатынастарымен тығыз байланысты күрделі жүйе болған. Кей өңірлерде бақылар үлкен құрметке ие болып, олардың емшілік тәжірибесі мен діни рәсімдері халық арасында сеніммен қабылданды. Алайда, халықтың рухани мәдениетінің дамуы, сондай-ақ ислам дінінің таралуы нәтижесінде бақсылыққа қатысты көзқарастар өзгерді. Сананың оянуы және мәдениет деңгейінің өсуі жансақ пікірлер мен қате түсініктердің азаюына ықпал етті.

Болашақты болжау, алыс жерлерде болып жатқан оқиғалар туралы хабар беру және қақтығыстарды шешу үшін бақсы өз ортасының психологиясын жақсы білуі керек болды. Сонымен қатар болжау мен нұсқауларды соншалықты дұрыс жеткізе білуі тиіс, сонда ғана оған жүгінген адамдарда күмән пайда болмайды.

Бақсылық туралы жиі кездесетін қате түсініктердің бірі бақсыға діни қызметкер ролін беру арқылы дін ретінде көрсету. Бақсы рәсімінің негізгі мақсаты - рухтар әлемі мен біз білетін күнделікті шындық әлемі арасына көпір салу. Алайда кейбір дәстүрлі қауымдастықтарда бақсы қасиетті рәсімдердің жүргізушісі ретінде де әрекет етеді. Көбінесе рәсімнің барлық қатысушылары әртүрлі күштердің әсеріне ұшырайды. Шаманизмді көптеген діндерден ерекшелендіретін осы аспект - делдалсыз тікелей рухани тәжірибе арқылы құдайға монополия орнатуға тырысатындықтары. Бұл байланыс арқылы бақылар рухтардан кеңес алып, ауруларды емдеп, табиғат және әлеуметтік өзгерістерді болжаған. Кейбір дәстүрлі қауымдастықтарда бақылар қасиетті рәсімдердің басшылары ретінде қызмет етті.

Шаманизм анимизммен бірге жүреді және бұл екі түсінік бір-бірімен тығыз байланысты. Біріншіден, жер бетінде не нәрсе бар болса оның бәрі жанды, тірі, әрқайсысы рухқа ие. Екіншіден, барлық тіршілік иелері бір-бірімен осы рухтары арқылы байланысады. Адамдар, ағаштар, иттер, мысықтар, аралар, тастар, таулар, теңіздер т. б, тіпті аспан мен жер - бір-бірімен байланысты. Қазақ қоғамында бақылар өз халқының мәдени мұрасының, дүниетанымының тасымалдаушылары. Олар әскери өнер, сауда және саудаға байланысты діни рәсімдерді меңгеріп, халық арасында маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар, бақылар емдеу әдістерін, ауа райын болжау, адамдар мен жануарларға рухани әсер ету тәсілдерін жетік білген. Бақылар табиғатпен тікелей қарым-қатынас жасауды білген және көп нәрсені болжай алған. Ш.Уәлихановтың пікірінше - «Шамандық жалпы алғанда табиғатты қадір тұту, бақсы халық арасында аса құрметтелген, ол көк пен жердің рухынан күш алған адам» [5, б. 88]. Бұл пікір қазақ қоғамындағы шамандықтың рухани-мәдени маңызын айқын көрсетеді.

Бақсының әр түрлі сылдырмақтары бар киімі кейде 30 кг-ға дейін жететін, сондықтан бақылар шын мәнінде күшті және төзімді адамдар болды. Осы ауыр киімдерімен бірнеше сағат қатарынан транс күйде билеп, жұмыс істеп, айқайлай алатын. Кейде емдеу рәсімдерінен кейін бірнеше күн бойы қозғала алмай жатып қалатын жағдайлар да

кездескен. Бақыслар өз біліктіліктерімен бөлісті, кейбіреулері бір нәрсені білсе, басқалары екіншісі бір нәрсені білді, бірақ әмбебап бақыслар да болды, олар бәрін жасай алды. Емдеу кезінде бақыслар шөптен жасалған дәрі-дәрмектер мен сусындарды да пайдаланды.

Бақыстың дүниетанымында адамның табиғатқа тәуелділігінен туындаған терең қарапайымдылық жатыр. Бақыслар - адам мен басқа әлем арасындағы қатаң шекараларды бұза отырып, рухани даму мен әлемді танудың тұлғаларына айнала алды. Шаманизм - қазақ қоғамының рухани мәдениетінің маңызды бөлігі. Олар адамзаттың ежелгі сенімдері мен дүниетанымының көрінісі ғана емес, сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал еткен күрделі феномендер болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы I том, А, 2010.
2. Ж. Баласағұн. «Құтты білік» А, 2019
3. А. Диваев Киргизские болезни и способы их лечения. Туркестанские ведомости» Ташкент 1902 №80
4. А. Левшин. Описание киргиз-кайсацких орд и степей, СПб, 1832
5. Ш.Уәлиханов. Алтыншаһар, А, 2006.
6. Абай. Екі томдық толық шығармалар жинағы, I том, А, 2005
7. Басилов В.Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. М., 1992.

НАСЛЕДИЕ ШОКАНА УАЛИХАНОВА В СЕГОДНЯШНЕМ ПОНИМАНИИ

Иманжүсіп Раушан

д.ф.н., профессор кафедры философии Евразийского национального университета
им. Л.Гумилева, Казахстан, Астана

E-mail: raushankoshenova@mail.ru

Аннотация

Шокан Уалиханов-первый профессиональный ученый-энциклопедист в истории отечественной науки. В статье рассматриваются вопросы осмысления творческого наследия ученого, считавшего, что каждый народ является частью мирового культурного пространства и имеет право на диалог. Диалог культур по Шокану-открытие казахской культуры для всего мира и знакомства народа с мировым культурным наследием. Исследователем отмечено, что идентифицируя культуру казахского народа, Шокан Уалиханов выдвигает проблему культурного диалога тюркских и славянских народов. Говоря о кочевых и оседлых культурах тюркских народов, Шокан Уалиханов, как отмечает автор статьи, ориентирует исследователей эпоса на комплексный подход в его изучении, так как эпос содержит в себе части духовно-мировоззренческой, культурно-исторической, онто-гносеологической целостности. Обращается особое внимание на значение творческого наследия в определении роли и место казахской культуры в мировой цивилизационной модели, определении культурного диалога между тюркскими народами.

Ключевые слова: приоритетные задачи, культурно-исторический опыт, исполнение человеческого предназначения, духовный заряд предков, переломная эпоха.

THE LEGACY OF SHOKAN UALIKHANOV IN TODAY'S UNDERSTANDING

Raushan Imanzhussip

Dr.Phil., professor, Philosophy Department of L.Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Astana

Annotation

Shokan Ualikhanov is the first professional scientist and encyclopaedist in the history of national science. This article reviews the issues of understanding the creative heritage by the scientist, who believed that each nation is a part of the world cultural space and has the right to the dialogue. Dialogue of cultures according to Shokan is unveiling of the Kazakh culture to the whole world and acquaintance of the nation with the world cultural heritage. The researcher noted that in identifying the culture of Kazakh people, Shokan Ualikhanov posed the problem of the cultural dialogue of the Turkic and Slavic people. Talking about the nomadic and sedentary cultures of the Turkic people, Shokan Ualikhanov, as the author of the article, notes and directs the epic researchers to a comprehensive approach in its study, since the epic contains the parts of the spiritual and philosophical, cultural and historical, ontological and ideological integrity. Special attention is paid to the importance of the creative heritage in determining the role and place of Kazakh culture in the world civilization model, determining the cultural dialogue between the Turkic peoples.

In this article review the question of modern comprehension of creative heritage of scientist. He considers that every nation is a part of worldwide cultural spaces and has a right for participating in the dialogue of culture.

In this article review the question of modern comprehension of creative heritage of scientist. He considers that every nation is a part of worldwide cultural spaces and has a right for participating in the dialogue of culture.

Key words: priority tasks, cultural-historical experience, comprehension of human destiny, spiritual ancestry, a critical epoch.

Изучение творческого наследия выдающихся мыслителей прошлого является неотъемлемой частью духовной культуры народа. Внимание ученых к исследованиям в области формирования и становления духовной культуры в произведениях казахских мыслителей, в частности первого казахского ученого Шокана Уалиханова, получает новый стимул с обретением Республикой Казахстан Независимости.

Наблюдается потребность в исследованиях, посвященных выяснению теоретических подходов известных казахских мыслителей прошлого времени к изучению отечественной культуры.

Развитие культурологии на современном этапе как отдельной отрасли науки невозможно без осознания того, что она формируется, исторически синтезируя в себе

особенности национальных культур. Национальные культуры обогащаются, соприкасаясь и взаимодействуя друг с другом. И это взаимообогащение осуществляется крупными мыслителями, такими, как Абай, Шакарим, Шокан.

И в этом смысле значение творчества Ш. Уалиханова неопределимо. Его гениальный дар проявился почти во всех отраслях науки и искусства: в этнологии, истории, географии, литературе, языкознании, юриспруденции, военной науке, философии и, конечно же, в культурологии.

Творчество Шокана Уалиханова имеет непреходящую ценность не только в связи с интересом к духовному наследию, но, самое главное, все возрастающим значением тех идей, проблем и вопросов, в которых заключен духовный потенциал народа.

В истории казахской науки и культуры имя Ш. Уалиханова занимает одно из ведущих мест. Его жизнь и многогранное творчество – это целостное культурное явление, эпоха, центром которой была личность Шокана.

Интеллектуальная саморефлексия, формирование личных принципов познания отечественной науки составляют основу трудов Уалиханова.

Актуальность и востребованность его трудов определяется тем, что идеи, мысли и научные открытия первого казахского ученого являются ориентирами в осмыслении мировых культурно - цивилизационных процессов сегодняшнего дня.

В государственной программе «Рухани жаңғыру», созданной по инициативе Президента Республики Казахстан, приоритетными задачами определяются возвращение и сохранение культурно-исторического опыта. В свете этого положения изучение трудов Шокана Уалиханова, масштабное их освоение и переосмысление является решением проблемы сохранения ценностей самобытной культуры Казахстана с одной стороны и мировых глобализационных процессов с другой.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», говоря о начале Третьей модернизации Казахстана, выделяет важность модернизации общественного сознания, первым условием которой является сохранение своей культуры, собственного национального кода. «Без опоры на национально-культурные корни модернизация повиснет в воздухе... Это платформа, соединяющая горизонты прошлого, настоящего и будущего народа» [1, 83 с]. В этом программном документе Елбасы определяет несколько направлений модернизации общественного сознания, один из которых – проект «Сакральная география», представляющий каркас национальной идентичности.

Во второй половине XIX века, ученый Чокан Валиханов, как патриот своей земли, понимая важность сохранения духовных традиций, обращал особое внимание на святые места, захоронения, могильники. Исследованиям в этой области посвящены такие его труды, как «Записки о киргизах», «Смерть Кукотай хана», «Киргизское родословие», «Дневник поездки на Иссык-куль», «О киргиз-кайсацких молах и древностях вообще», «Заметки по истории южно-сибирских племен» и др. На сегодняшний день нами отмечается, что из тридцати подобных объектов, изученных и исследованных, зарисованных Чоканом более 150 лет назад, многие входят в современные реестры сакральных объектов нынешнего Казахстана, реализующихся по программе «Сакральная география Казахстана».

Вот почему справедливы и доказательны слова Агына Касымжанова о том, что Шокан весь был «обращен в будущее, а современность, актуальность Уалиханова, жизненная плодотворность его наследия такова, что требует продолжения развития» [2, 301 с].

По мнению Гульшат Валихановой, Шокан Уалиханов в своих трудах «открывает миру казахского человека как носителя самобытной культуры, обладающего вневременными, а значит и современными потенциально актуализируемыми ценностями» [3, 6 с].

В одной из своих работ он указывал, что на первом месте для него стоят интересы казахов, затем России, затем всего человечества. В этом утверждении прослеживается тревога Шокана за судьбу своего народа, а также мысль о том, что каждый народ и его

культура являются составной частью мировой культуры.

Шокан говорил, что у него одна любовь вставлена в другую, другая в третью, вроде того, как ирбитские сундуки, маленький вложен в большой, а тот в еще больший.

Личность Шокана Уалиханова – первый персонифицированный феномен казахской культуры, который попытался открыть мир для своего народа и показать миру свой народ и нельзя, не сказать в связи с этим о роли Федора Михайловича Достоевского в жизни Шокана. Друг и наставник Шокана, он представлял будущее талантливого юноши тесно связанным с лучшим устройством жизни казахского народа. Всемирно известный писатель в своем письме к 19 - летнему другу так определял его жизненную программу: «Лет через 7 – 8 Вы бы могли так устроить судьбу свою, что были бы необыкновенно полезны своей родине. Например: не великая ли цель, не святое ли дело быть чуть не первым из своих, который бы растолковал России, что такое Степь, ее значение и Ваш народ относительно России, и в то же время служить своей родине просвещенным ходатайством за нее у русских» [4, 143 с].

Достоевский не закрывал глаза на то, что путь Уалиханова будет очень трудным и сложным (поэтому он и говорит, что Чокану надо настаивать, стараться и даже хитрить). Но он верил, что Чокан добьется успеха и сможет помочь своему народу. И Достоевский оказался прав; судьба Чокана Уалиханова сложилась необычайно ярко, интересно. Он, как говорил Потанин, «стал русским писателем о киргизах, вместо того, чтобы стать писателем для киргизов» [5, 90 с]. Он стал членом Русского географического общества; бывая в Петербурге, завел широкий круг знакомств с передовыми, прогрессивными деятелями тогдашней России. Через Ф.М.Достоевского он познакомился с А. Майковым, Полонским, Вс.Крестовским; был знаком с Менделеевым, Добролюбовым. Посетил в редакции «Современника» Чернышевского; стал известен Русскому географическому обществу своими многочисленными статьями, исследованиями, очерками не только о киргизском (казахском) народе, но также и о других, соседних с казахами народах Западного и Восточного Туркестана.

Мухтар Ауэзов, размышляя о роли Достоевского в жизни Шокана Уалиханова писал, что советы Достоевского, его напутствия талантливому юноше формулировали самую благородную задачу образованных представителей казахского народа. Грандиозную роль в судьбе народа должен был сыграть творческий труд его лучших представителей: научно – исследовательские работы, художественные произведения, полно и разносторонне освещающие неведомый для культурных народов быт Степи – своеобразие ее жизни и судьбы минувших поколений казахов.

Нам бесконечно дорого сознавать, отмечал Мухтар Ауэзов, что великий русский писатель Ф.М.Достоевский говорил о своих думах и чаяниях с лучшими представителями казахского народа, что он мыслил будущее этого народа связанным с русским народом, с его борьбой за светлое будущее [6, 41 с].

У Штайнера есть такое определение: «...ищущий высшего познания должен взрастить их в себе. Он должен сам вливать их в свою душу. Этого нельзя достичь путем изучения. Это можно сделать только путем жизни» [7]. Это высшее познание Чокан взрастил в себе, и оно стало направляющей силой, которая помогла ему взрастить в себе навыки правильного функционирования мышления, заключающиеся в том, что любые явления, любые действия рассматриваются под углом зрения конечной цели истории и мироздания.

Когда же мы задумываемся о том, что понимал Чокан под конечной целью истории и мироздания, то невольно вспоминаются строки из «Картезианских размышлений» Мераба Мамардашвили: «Конечный смысл мироздания или конечный смысл истории является частью человеческого предназначения. А человеческое предназначение есть следующее: исполниться в качестве Человека, стать человеком» [8, 63 с].

Один из величайших примеров исполнения человеческого предназначения – пример Шокана Уалиханова, ученого, философа, культуролога, географа, этнографа,

путешественника, писателя, художника. Современнику Шокана, Григорию Потанину принадлежат следующие слова: «В среде казахов не найдется ни одного, за которым возможно было бы признать значение, равное с Шоканом» [5, 92 с]. Сенатор Ковалевский, директор Азиатского департамента, говорил, что судя по путешествию в Кашгар и отчету, сделанному Шоканом, он имеет право назвать его гениальным молодым человеком. И в самом деле, наверное, нет ни одной отрасли науки, где бы не проявилось научное дарование Шокана. Он оставил глубокие мысли и в этнологии, истории, географии, литературе, юриспруденции, военном деле, политологии, социологии. В своих трудах он выступает как культуролог, прекрасный знаток сельского хозяйства, экономист, ботаник, тонкий знаток музыки, художник лингвист. Его интересуют вопросы религии, демократии, власти. Он прекрасный наездник, охотник. Один из первых профессиональных военных, адъютант и офицер по особым поручениям. Нурсултан Абишевич Назарбаев, президент Республики Казахстан, в своей книге «В потоке истории» отмечая важность и актуальность исследования творчества Ш. Уалиханова, писал: «Шокан Уалиханов, прямой потомок хана Абылая, нес в своей родословной богатейший духовный заряд предков» [9, 31 с].

Ш. Уалиханов в своей работе «Киргизское родословие» указывает именно на этот богатейший духовный заряд предков. Он пишет: «несмотря на изустную передачу, в продолжение многих лет и через уста многих поколений, джиры и предание, благодаря удивительным способностям и памяти импровизировать, и любви самого народа до песен, джиров, преданий и сказок о подвигах своих предков, сохранились до сих пор довольно чисто, и все их списки, собранные из разных отдельных частей обширной степи, чрезвычайно сходны. О киргизах можно положительно сказать, что они сохранивший остаток древней татарщины, со всеми их поверьями, обычаями, увеселениями, но с более умственными достоинствами - с огромным запасом исторических преданий поэтического свойства, с песнями импровизаторов, бывших в разные времена, с любовью к музыке и увеселением и с огромным кодексом определенных народных прав, судебных разборов и полицейских мер. Нет ни одного достопамятного события, ни одного замечательного человека со времени самобытной жизни этого народа, воспоминание о котором не осталось бы в народной памяти... Каждый почетный киргиз-родоначальник знает всю генеалогию своего рода и, чтобы быть благовоспитанным и порядочным человеком, усердно изучает народное право под руководством старого бия, пользующегося в народе репутацией, юридической известностью и совершенствуется в красноречии, приобретая на память множество поговорок, пословиц, забавных анекдотов и употребляя их для украшения своих речей» [10, 157 с]. Так писал Шокан Уалиханов в 1856 г., изучая литературные источники и материалы Омского архива, систематизируя дневниковые записи поездок в Семиречье и на Иссык-куле. В трех своих работах: «Записки о киргизах», «Смерть Кукотой-хана и его поминки», «Киргизское родословие» двадцатилетний юноша сообщает сведения по истории народов Западной Сибири, Средней Азии и Казахстана, анализирует исторические предания народа, материалы по этническому (родовому) расселению, экономике, географии, этнографии, культуре и быту, обычаях, фольклору.

Рассматривая кочевые и оседлые культуры тюркских народов, Чокан Валиханов отмечает автохтонность насельников Центральной Азии и высокий уровень их культурного образования. По мнению Чокана Валиханова, образ кочевого мира следуют формировать путем реконструкции эпосов. Так, например, в эпосе «Манас» определяется картина жизни древнего киргиза. Изучение эпоса «Манас» и казахских эпосов позволило ему сделать вывод о том, что эпическое казахов и кыргызов более близко к индогерманским, чем к восточным эпическим традициям.

Шокан Уалиханов - первооткрыватель культур тюркских народов. Мировую известность принесли ему его труды о культурах малоизвестных для европейцев тюркских народов (уйгур, кыргызов, сибирских тюрков). Казахский ученый изучал среднеазиатские наречия, скупал древние монеты, в буддийских монастырях собирал уникальные рукописи. Зная китайский язык, Шокан открыл миру важные факты о роли тюрков в мировой

цивилизации.

Эпоха Уалиханова стала переломной в истории казахов. Смысл его творчества, как отмечает исследователь Мирлан Иманбеков, «...в осмыслении наследия европейской культуры для самого казахского духа и переосмысления казахского духа с позиций европейской культуры в целом и философии в частности» [11, 97 с]. «Валиханов сохранил глубокую преданность своей стране, он любил киргизскую степь, но вместе с тем умел высоко ценить западную цивилизацию. Люди, близко знавшие Валиханова, прибавляют, что по своим умственным симпатиям и направлению Валиханов был русским западником: он искренне любил Россию, видел ее недостатки и вместе с лучшими людьми желал горячо ее обновления» - писал А. Пыпин [12, 82 с].

В работе «Дневник поездки на Иссык-куль», который представляет собой форму научного исследования, Шокан Уалиханов, проезжая мимо могилы Баян-сулу и Козы-Корпеша пишет, что хотел бы непременно напиться чаю на могиле влюбленных. «Мы хорошо изучили поэму и потому хотели осмотреть их могилу. По времени нашего выезда из пикета №2, мы должны были проехать через Кезилькийский пикет ночью. Но нам хотелось встать там в утро и на могиле напиться чаю: приятно в дороге пить чай и особенно на развалинах, на древних могилах. Думать о прошедшем и заботиться о настоящем» [13, 306 с].

Эти слова Шокана можно считать эпитафией, концептуальной основой всей его жизни и деятельности, в них заключается понимание Шокана своего предназначения и миропонимания и примечательно то, что именно эта мысль Шокана является основной в концептуальном содержании государственной программы по сохранению культурного наследия.

Для Шокана могила Баян-сулу и Козы-Корпеша материальный носитель предания. Мирлан Иманбеков, исследователь творчества Шокана формулирует данное единство следующим образом: «Предания как бы содержатся в могилах, обитают в пространстве около них. Кочевник попадая в это пространство, оказывается сущностно причастным к своей истине, к своему бытию. Могилы посредством предания открывают человеку его истину, приобщают к его собственной памяти. Могилы есть пространство предания, предание же есть функция духа народа». Эту же мысль высказывает Марат Абсеметов, лауреат премии имени Мухтара Ауэзова НАН РК. Так, в статье «Битва у священных могил» он пишет, «для казаха могилы, мазары совсем не то, что для европейца. Это пантеон, это обиталище духов предков аруахов, у которых мужчины просят защиты и силы, а бездетные женщины ребенка... В восточном мировоззрении могилы предков являются святыми, местом поклонения. Считалось, что такие места укрыты самим Богом от всех напастей и несчастий» [14, 24, 26 с]. В связи с этим можно утверждать, что разочарование и опасения его к чужой культуре и всплывшее чувство самосохранения, о которых писал Григорий Потанин, вполне закономерны, и возвращение Шокана в родную степь вызвано глубокой любовью и преданностью родной земле и соотечественникам. И вполне вероятно предположить, что интерес Шокана к этнографии, мифологии, шаманству вызван именно этими чувствами.

В работе «Следы шаманства у киргизов» Шокан приводит объяснение шаманского непочитания, которое было сформулировано Карлейлем: «Вы, верно, помните приводимый Платоном пример человека, который выросши и возмужавши в темной пещере, вдруг был выведен на свет». Человек удивлялся солнцу и поклонялся ему; увидел Луну и ей поклонился; он поклонялся всему в природе, где замечал присутствие этой необъяснимой силы, вечной как время, которую он назвал Синим небом - Кок Тенгри. Статья двадцатилетнего юноши заканчивается такими словами: «Другое чудо – человек. Эта душа, эти способности, этот дух мыслящий и пытливый не есть ли очевидное присутствие божества, неисследуемой вечной силы» [15, 48 с].

Тема Человека, как доказательство присутствия божества, о котором говорил когда-то Шокан, продолжилась в творческих работах членов клуба «Шокан» [16]. Размышления

на эту тему, осмысление феномена Шокана, его места в истории духовного опыта человечества явились первым словом, пробой пера в шокановедении будущих ученых новой генерации, для которых гений Шокана стал путеводной звездой и ориентиром в жизни.

Раздумывая о том значении, какое имеет Шокан Уалиханов для нас, современных ученых, я вдруг пришла к мысли, что в личности Шокана меня интересует прежде всего то усилие, которое делает человек, чтобы сохранить в памяти человечества современные ему события и желание знать как можно более точно прошлое человечества. Шокан, по свидетельству Григория Потанина, его верного друга и соратника, имел любимую поговорку: перед Вечностью все ничто. И наверное, поэтому Шокан приложил все силы к тому, чтобы сохранить на бумаге, в документах, настоящую ему действительность. И нас на мой взгляд, должно интересовать в этом смысле прошлое, которое было у Шокана в настоящем времени, и так же как и он, мы имеем сегодня возможность приложить усилия, чтобы сохранить и отразить нашу теперешнюю действительность в диалоге культур.

Список литературы:

- 1.Статья Назарбаева Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».Астана. ЕНУ. 2018 г. 83 с.
- 2.Касымжанов А. Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы. Қазақ университеті. 2001 г. 301 с.
- 3.Валиханова Г. Ш. Проблемы теории и истории казахской культуры в творчестве Ч.Ч. Валиханова. Алматы. 2004 г. 6 с.
- 4.Достоевский Ф. М. Из книги Шокан Валиханов. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 5. 143 с.
- 5.Потанин Г. Из книги Шокан Валиханов. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 5. 90 с.
- 6.Ауезов М. Статья «Ф.М. Достоевский и Ч.Ч. Валиханов». Алматы. Китап. 1961 г. 41 с.
- 7.Штайнер Р. Как достичь познания высших миров. gumagic.com
- 8.Мамардашвили М. Картезианские размышления. Москва. Культура. 1993 г. 63 с.
- 9.Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы Атамұра. 1999. 31 с
10. Валиханов Ч.Ч. Киргизская родословие. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 2. 157 с.
11. Иманбеков М. Философские идеи Чокана Валиханова. Караганда. 2005 г. 97 с.
12. Пыпин А. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 5. 82 с.
13. Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-куль. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 1. 306 с.
14. Абсеметов М. статья «Битва у священных могил». Материалы республиканской научно-практической конференции Валихановские чтения. 2008 г. 24, 26 с.
15. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманство у киргизов. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 4. 48 с.
16. Иманжусуп Р. Шокан далекий и близкий. Астана. ИП «ВІ принт». 2015 г.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қадыр А.Ғ., «Тарих және дінтану» ББ 3 курс студенті
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Абдрахманова С.А., гуманитарлық ғылымдар магистрі

Аннотация: Бұл мақалада Шоқан Уәлихановтың шығармашылығындағы философиялық көзқарастары талданады. Оның еңбектеріндегі адам, қоғам, дін, өркениет және білім мәселелеріне қатысты ой-пікірлері зерттеліп, ойшылдың дүниетанымы мен рационалистік бағыты айқындалады. Шоқанның ғылыми ізденістері мен сындарлы көзқарасы қазақ ағартушылық философиясының қалыптасуына үлкен үлес қосқаны баяндалады.

Түйінді сөздер: Шоқан Уәлиханов, философиялық көзқарас, қоғам, мәдениет, ағартушылық.

Шоқан Уәлиханов арнайы философиялық еңбектер жазбағанымен оның тарихи тақырыптарда оның ішінде дін, қазақтың әдет-ғұрыптарына байланысты «Құдай», «Тәңірі», Қорқыт бақсылар туралы, қазақтың, қырғыздың сөз өнері туралы жазған еңбектерінен көрініс береді.

1835 жылы осыдан 190 жыл бұрын өз заманының жарық метеоры атанған шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ, ағартушы және өз елінің қаһарманы дүниеге келеді. Сондай қилы заманда қаһарман болу қиын. Өзіне жат халықтың әскери киімін киіп, өз халқынның мүдесіне іс атқару оданда қиын. Жалпы айтқанда XIX ғасыр ұлан-ғайыр даладағы ірі өзгерістермен ерекшеленді. Ақсүйек әрі хан тұқымының өкілі. Әскери барлаушы, һәм дарынды оқымысты болған ғалым. Ол өмірдегі орнын табуға тырысты. Қазір оның халқы өткенін безбендеп жатыр. Оның ерен еңбегі бірнеше адамның өміріне жетерліктей. Алайда маңдайына жазылғаны 30-ақ жыл. Орыс армиясының офицері болғанымен, империяға бітім-болмысымен, қанымен бөтен еді. Шыңғыс ханның ұрпағы. Ол түркі дүниесінің өкілі, «Мен қазақпын» деген жаңа заманның – жаңа қазағы еді.

Өзінің бір бойына ұлттық мәдениет пен шығыстық, батыстық мәдениет үлгілерін тоғыстыра білген ерекше тұлға. Сондай ұлы тұлғаның ұстанымы қандай еді? Өмірлік көзқарасы несімен шектелді? Өзінің жолында қарсы тұрған желге, қалай төтеп берді? Философиясы қандай болды екен? Әр заманда Шоқанды әрқилы таныды. Біз Шоқанды қазіргі егемен елдің азаматы тұрғысынан алғанда оны «қинаған» қандай өмірлік – философиялық болғанның анықтап алуымыз керек. Оны біреулер патшаға, Ресей империясына қызмет етті дейді. Ал шын мәнісінде ол кімге қызмет жасады? Осы сұрақты біз өз ортамыз бен әлеуметтік желі майдан алаңдарынан анық көріп жүрміз. Шоқанның өз шығармаларынан анық көретініміз оның ең алдымен қазаққа қызмет еткенін, Ресей империясына қазақтың бағынуына философиялықпен қарағанын, осыншама мол жұрттың уақытша Ресей құрамына еніп, уақыты мен кезі келгенде тәуелсіз Ел болатынына сенді.

Шоқан Уәлиханов шығармашылығындағы философиялық көзқарас мотивтері

Шоқан Уәлихановтың қысқа, бірақ бай және жемісті өмірі үшін жасаған көптеген аяқталған және аяқталмаған еңбектерінің ішінде тек философия мәселелеріне арналған бірде-бір жұмыс табу мүмкін емес. Философия атақты қазақ ғалымы мен зерттеушісінің мақсатты мүдделерінің қатарына кірмеген. Соған қарамастан, әртүрлі халықтардың тарихы мен діні мәселелерін қозғай отырып, этнографиялық және әдеби материалдарды талдай отырып, Уәлиханов философия мен дүниетаным тақырыбын айналып өте алмады. Шоқан Уәлихановтың философиясы мен дүниетанымдық көзқарастары, оның сенімдері мен құндылық бағдарлары туралы оның негізгі еңбектерінде, әсіресе кең оқырманға таныс емес жобалары мен күнделіктерінде кездесетін түсіндірмелері мен түсініктемелерінен белгілі бір анықтамаларды алуға болады.

Бұл тұрғыда Уәлихановтың көшпенділердің діни идеяларына, олардың әдет-ғұрыптары мен мифологиясына арналған еңбектері аса маңызды болып табылады. Оларға, мысалы, «Қырғыздардағы бақсылық іздері», «аладағы мұсылмандық туралы», ең бастысы, Шоқан өзінің саяхаттарының сипаттамалық бөлігінен алыстап, өзі кездестірген

тайпалардың мәдениеті мен өмірінің ерекшеліктері, діни қалыптасудың тарихи аспектілері туралы ойлауға көшкен күнделік жазбалары жатады және дүниетанымдық көзқарастар, халықтардың өркениеттік айырмашылықтарын қазақтың еркіндік сүйгіштігін қатты бағалап, қазақ арасында соқыр сенім – діни фанатизмге қарсы болды. Ол болашақта қазақтың өркениеттік жолмен дамуына кедергі болады деп білді.

Шоқан Уәлиханов философиясындағы діннің орны

Шоқан Уәлихановтың философиялық көзқарастары байқалатын жұмыстарды талдай отырып, оның діндар емес екенін байқауға болмайды. Шоқан өз зерттеулерінде материалистік көзқарасқа жақын жолды ұстанды. Дәстүрлі түркілік дүниетанымды жоғары бағалады. Ол барлық қазақ жұртына тән қасиет еді. Мұндай көзқарастардың одан әрі жетілуі сол кездегі прогрессивті зиялы қауымның әсерінен пайда болды, олардың өкілдері Уәлиханов Сібір (Омбы) кадет корпусының тәрбиеленушісі кезінде олармен тығыз байланыста болды. Костылецкий, Ждан-Пушкин, Гонсевский сияқты Шоқанның оқытушылары білімді қоғамда тез тараған озық көзқарастарды ұстанды және Шоқанның дүниетанымы әлемдік тәртіп туралы суымшыл және мистикалық идеялардан босатылды. Бұл кейінірек оның шаманизм туралы жазбаларында көрініс табады. «Қырғыздардағы шамандықтың іздері» атты еңбегінде Шоқан Уәлиханов «Шаманизмнің» пайда болу проблемасын қарастырғанда, мысалы, ол сөзсіз біріншілікті, табиғаттың, ғаламның объективті шындығын берік мойындаудан туындайды және шаманистердің діни санасын екінші реттік деп санайды. Біріншіден, адамға әсер ететін ететін табиғат бар, содан кейін ол туралы және оның адам санасындағы құбылыстары туралы түсініктер бар деп айтып кетеді. Ш. Уәлихановтың материяның, табиғаттың біріншілігін факт ретінде қабылдауы оның бақсылықтың дін ретіндегі ерекшелігін анықтайтындығын көрсетеді. Шаманистердің «жалпы және әсіресе табиғатты» құрметтеуі оны «экстремалды материализмге» жатқызады. «Адам табиғаттың әсерінен әрекет етеді және өмір сүреді. Бұл тұрғыда шаманизм экстремалды материализмді білдіреді» - деп жазған Ш.Уәлиханов. Мұнда, көріп отырғанымыздай, табиғаттың адамға әсері «материализм» ұғымымен байланысты. Бірақ әсер ететін нәрсе адамға сыртқы болуы керек, объективті түрде болуы керек, оның қандай әсер ететініне тәуелсіз болуы керек, әйтпесе ол әсер ете алмайды. Ш. Уәлиханов сананы адамның басындағы оны қоршаған шындықтың көрінісі ретінде қарастырады. Бұл көзқарас негізінен дұрыс болды, дегенмен рефлексия процесінің механизмі туралы мәселе оларға егжей-тегжейлі әсер етпеді. Осылайша, сана тәуелсіз болмысқа ие емес, оның өмір сүруі адамнан тыс табиғатқа әсер етуімен байланысты. Демек, қазақ ағартушысы табиғат пен адам санасының бірлігін тану ұстанымында екені түсінікті. Қалай болғанда да, антропологиялық материализм идеялары қазақ ойшылының көптеген шығармаларында айқын көрінетіні даусыз факт болып қала береді. Алайда, бұл жағдай осы уақытқа дейін байқалмады немесе кем дегенде оның дүниетанымын зерттеушілердің ешқайсысы тиісті түрде атап өткен жоқ. Табиғат пен Адамның бірлігі, оның денесі мен рухының бірлігі туралы ой Ш. Уәлиханов өзінің «сот реформасы туралы жазбасында» нақты жүзеге асырады. Мұнда әлеуметтік өмірдің әртүрлі мәселелерін және, ең алдымен, реформа мәселесін талдағанда, ол адамның табиғаттың өнімі болып табылатындығынан туындайды, сондықтан бұл табиғат оның барлық одан әрі эволюциясын анықтайды. «...Адам-деп жазады Ш. Уәлиханов, - Әлі жануар ағзасы ретінде табиғатқа көп тәуелді» және оның пікірінше, бұл белгілі бір халықтың әлеуметтік даму заңдылықтарын зерттеу кезінде ескерілуі керек [1].

Сонымен қатар, бұл бірлікті мойындаумен шектелмей, ол адам денесі мен рухының бірлігі идеясын ең күшті түрде қолдайды. Дегенмен, Шоқан Уәлихановтың діни ұстанымы антропологиялық материализм екені байқалады. Шоқанның исламға деген көзқарасы да қазіргі таңда маңызды. Оның алғашқы сауатын ашқан, жазу-сызуға үйреткен оқу орны Сырымбеттегі, жалпы Көкшетау - Ақмола өңіріндегі тұңғыш мешіт-медреседен білім алғанын айтқанымыз жөн. Оның алғашқы ұстазы Гудамухаммед Малкупов Қызылжар медресесінен Айғаным мектеп-медресесіне арнайы алдырылған дін ғұламасы. Ислам діні

негіздерін терең білуі оны талай қиындықтан алып шыққаны мәлім. Мысалы, әйгілі Қашқарға сапары кезінде ол қашқарлық қауымды өзінің терең мұсылманшылдық білімімен таң қалдырып, олардың зор сеніміне ие бола білді. Ал өз әжесі Айғаным қожа әулиеті өкілі екенін естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан, жастайынан мұсылманша білім мен тәрбие көрген адам деп білуіміз керек [2].

Дайындықсыз оқырманға Шоқан мұсылмандық ілімге жат екен сияқты көрінеді. Егерде шынымен де Шоқанның мұсылмандыққа ойын зерттей келсек, Шоқан патша тарапынан қазақ даласына көптеп әкелінген татар молдаларын жақтырмады. Шоқан осы молдалардың исламдық үлгісі қазақтардың бойына сіңірген исламдық үлгіні өз халқына жат деп есептеді. Ол осы мәселеге өкпе-ренішін білдіргенімен, аталған мәселеге философиялық тұрғыдан қарады. Шоқан жалпы қазақ халқын еуропалық өркениетке жетер жолда, орыстардың византиялық кезеңді бастан кешіргені секілді, татар дәуірін бастан өткеретін қайғылы болашақ күтіп тұр» деп жазды. Ол тарихтағы тәжірибені алға тарта отырып, өркениет жолымен дамыған жағдайда қоғам өмірінде қалайда діннің рөлін күшейтуге тура келетініне тоқталды.

Өз халқының мүддесі үшін

Шоқан Уәлихановтың философиялық көзқарастары қазақ халқының өзінің өркениеттік дамуына құқығын қорғауда айқын көрінеді. Бұл әсіресе оның әйгілі «сот реформасы туралы жазба» жұмысында айқын көрінді.

«Біздің халқымыз бай әрі поэтикалық тұрғыдан мазұнды әдебиетке ие. Ол (әдебиет) шығыс шығармаларына емес, үндігерман эпостарына жақынырақ. Сондай-ақ, ең маңыздысы, біздің қоғамдық дамудың формалары жоғары, мәдениетті өркендеудің нәтижелеріне балама болып табылса да, сол табиғи қалпында жатыр. Біздің болашаққа деген үмітіміз осы дерекке арқа сүйейді»- деді Уәлиханов орыс билігіне оларды қазақ ортасында реформалар жүргізуге мағыналы қарауға шақыра отырып.

Шоқан «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы» жазбасында «Еуропада әлі күнге дейін көшпелі тайпалар туралы зұлым басқыншылар мен жабайы аңдар туралы жалған түсінік бар. Көшпелі моңғолдар мен қырғыздар (қазақтар) ұғымы өрескел және мал шаруашылығынан шыққан варварлармен тығыз байланысты. Бұл варварлардың көпшілігінде жазбаша немесе ауызша әдебиеттер, дастандар бар» [1].

Шоқан өзінің туған халқының өмірі мен тарихына арналған еңбектерінде қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени құрылымының ерекшелігін, көшпенділердің дүниетанымын қалыптастыруға ықпал еткен факторларды ұдайы атап өтті. Ол қазақ тілінің ерекшелігі сияқты мәселеге қазақ қоғамындағы моральдық-адамгершілік және дәстүрлі факторлар тұрғысынан қарау керек екендігіне назар аударады. Шоқан мыңжылдықтың – адамы, ол қазақтың асыл перзенті, уақыт өткен сайын тек оның жаңа қырлары ашыла беретіні ақиқат.

PHILOSOPHICAL VIEWS IN THE WORKS OF SHOKAN UALIKHANOV

Abstract: This article analyzes the philosophical views in the works of Shokan Ualikhanov. It explores his thoughts on key issues such as humanity, society, religion, civilization, and knowledge. The article highlights Ualikhanov's worldview and rationalist approach, emphasizing his significant contribution to the development of Kazakh Enlightenment philosophy through his scientific research and critical perspective.

Keywords: Shokan Ualikhanov, philosophical view, society, culture, enlightenment.

Әдебиет тізімі:

1. Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: 1984.
2. Айдарова Х. Чокан Уалиханов. КазОГИЗ. Алма-Ата:1945.
3. Маргулан А. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. // Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. - Москва: Наука, 1986. - 413 с. XV – нач. XX вв.»
4. Сегізбаев О.А. «XV – XX ғасырдың басындағы қазақ философиясы.
5. Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах // Собрание сочинений. Алма-Ата, 1961, Т.1. -367 с.
6. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Чокан Валиханов – востоковед. – А: Наука, 1985. - 112 с.
7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Алма-Ата, 1961. Т.1. - 470 с.
8. Абуев К.К. Чокан Валиханов и его современники. Кокшетау, 2016. - 377 с.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ МҰРАСЫ — ЖАС ҰРПАҚҚА ҒЫЛЫМ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Кондыбаев М.Е.

11-сынып оқушысы, Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектебі, Алматы
Ғылыми жетекші: Нартай А.Н., тарих пәнінің мұғалім

Кіріспе

2025 жылы қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ағартушысы, этнографы және саяхатшысы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл толып отыр. Бұл сандар тек тарихи белес қана емес, сонымен қатар ұлт руханияты мен ғылымының тамырына терең бойлайтын, жас ұрпаққа бағыт-бағдар көрсететін маңызы зор оқиға. Себебі, Шоқан Уәлиханов мұрасы – қазақ ғылымының алғашқы сәулесі, өркениетке ұмтылған халықтың үміті мен арманының бейнесі.

Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы аз жазылған жоқ. Сырттай қарағанда бәрі де зерттелген сияқты. Әйтсе де, ғалымның төл әдебиеттануға тікелей байланысты еңбектерінің әлі де ашыл-маған қырлары жеткілікті. Тап мүддесі дейтінді желеу еткен отаршылдық пиғыл Шоқан шығармаларынан да кемшіндік табуды талап еткен кездер болды. Кеңестік шектеу саясаты ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына, сондай-ақ, шоқантануға да зиянын тигізді. Қазан төңкерісіне дейін жарияланған қазақ басылымдарындағы Шоқан жайлы материалдар кеңестік дәуірде пайдаланылмады, сынға ұшырады. Алаш арыстарының ол туралы жазғандары ескерусіз қалды. Ғалым жоғары бағалаған «Едіге» жырын сөз етуге тыйым салынды. Оның шығармаларының ана тілімізде толық жарық көрмей, түрлі сылтаулармен бүркемеленіп келуі де талай құпия қатпарлардан сыр аңғартса керек. Бүгінде көне жазбалар, пайдалануға тыйым салынған әдебиеттер жарық көре бастады. Оларды Ш.Уәлихановтың әдеби мұрасын талдау барысында кеңінен пайдалануға, сөйтіп, оқымыстының ғылыми еңбектерін тиянақты зерттеуге мүмкіндік туды.

Қазақ халқының ұлы перзенті, тұңғыш ғалымы — Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың мұрасы – біздің ұлттық мақтанышымыз. Оның артында қалған еңбектері ғасырлар өтсе де өз маңызын жойған емес. Керісінше, уақыт өткен сайын құндылығы артып, кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беріп отыр. Мысалы, Шоқан Уәлиханов - қазақ халқының ауыз әдебиетін алғаш зерттеп, оны ғылыми тұрғыда дәлелдеген тұңғыш ғалым. Ол жалаң сөзбен емес, терең оймен, нақты дәлелмен жазды. «Қазақ поэзиясының халық өмірімен байланысы қандай? Батырлар жырында не айтылған? Аңыздар мен ертегілердің түп-төркіні қайда?» деген күрделі сұрақтарға жауап іздеді. Бұл – тек ғалымға ғана тән ізденіс. Сол ізденістер арқылы ол қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалады.

Шоқан тек ғалым ғана емес, өз дәуірінің нағыз ойшылы болды. Оның пікірлері мен тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. Себебі ол ұлттың рухын, елдің тарихын, халықтың сөз өнерін терең түсіне білді. Мысалы, «Қазақтың ең жақсы жыр үлгілері – елдің рухани байлығы» деген ойы бүгінгі біз үшін үлкен сабақ. Демек, Шоқан мұрасы – бізге өткенді ұмытпауға, болашақты дұрыс бағалауға үйрететін жарық шамшырақ. Бүгінгі жас ұрпақ – біздер үшін Шоқан үлгісі – білімге, ғылымға, рухани биікке жетелейтін жол. Оның еңбектерін оқу – тек тарихты тану емес, өз ұлтыңды, өз тегінді тану. Сол себепті де Шоқан Уәлиханов мұрасын зерделеу – әр қазақ баласының парызы деп білемін.

Шоқан Уәлиханов — ұлттың тұңғыш ғалымы

Шоқан Уәлиханов (1835–1865) — қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ғалымы, ориенталист, тарихшы, географ, этнограф, саяхатшы. Ол — шығыстану ғылымына зор үлес қосқан, Еуропа мен Азияны жалғаған алтын көпір іспетті тұлға. Петербург ғылым академиясының мүшесі бола жүріп, Шоқан Еуразия кеңістігіндегі халықтардың тарихы, мәдениеті мен дәстүрін ғылыми тұрғыдан зерттеп, қазақ қоғамының болашағын

ағартушылық пен өркениетті даму жолында елестетті. Шоқан жас кезінен-ақ ерекше зейінді, зерек болды. Омбыдағы кадет корпусында үздік оқыды, бірнеше шет тілін меңгерді. Жас кезінен ғылыми экспедицияларға қатысып, 19 жасында-ақ ғылыми еңбектер жаза бастады. Бұл — қазіргі жастарға талпыныс пен табандылықтың жарқын үлгісін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектерінің жастар үшін тәрбиелік маңызы зор. Мысалы, Шоқанның этнография, тарих, әдебиет, география салаларындағы зерттеулері — көп оқып, зерттеуге ұмтылған жасқа шабыт береді. «Қазақтың — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын, қырғыз мәдениетінің «Манас» жырын зерттеуі — бізді ұлттық құндылықты бағалауға үйретеді. Соның бірі - Қашқарияға саяхаты ол ерлік пен ғылымды ұштастырудың жарқын үлгісі. Шоқан мұрасы — ұлттық сана мен рухты оятушы күш деп айтуға толық негіз бар.

Шығыс ойшылының жан-жақты ғалым болғанын замандастары ерте таныды. «Современник» журналы 1864 жылғы 102-нөмірінде «Ш.Уәлихановтың қабілеттілігі және жігерлілігі сонша, Сібірде тұратын бұратана халықтар арасында бұрын-соңды ондай адам болған емес», деп жазды. Қашқар сапарынан алып қайтқан аса мәнді деректерінің 1860-1861 жылдары орыс, неміс баспасөздерінде жариялануы, «Жоңғар очерктерінің» және Қытайдың батыс өңірі жөніндегі шығармаларының 1865 жылы ағылшын тілінде Лондонда басылып шығуы ғалым есімінің кең таралуына септігін тигізді. Батыстың зиялы қауымы қазақ оқымыстысын «Ресей туралы ғылыми танымдар мұрағаты» журналының (ағылшын және неміс) басылымдары арқылы білді. «Абылай» атты мақаласы орыс ғалымдары мен әдебиетшілері құрастырған, 1861 жылы шыққан «Энциклопедиялық сөздікте» басылуының елеулі мәні болды. Француз географы, әлемдік жиһангер Элизе Реклю «Жер және адам» деген он тоғыз томдық еңбегінде Шоқанның есімін П.П.Семеновпен қатар қойды. П.П.Семенов-Тяньшанский, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев, А.К.Гейнс және басқа да көрнекті адамдар Ш.Уәлихановтың дарындылығын, өз ұлтын, оның әдеби мұрасын ерекше қадір тұтқанын естеліктерінде, мақалаларында атап көрсетті. Замандастары Ш.Уәлихановтың негізгі шығармаларын 1904 жылы Петербургте шығатын Орыс география қоғамының 29-томында жариялады. Оның жарыққа шығуына академик, профессор Н.И.Веселовский ерекше үлес қосты. Ұлтының ұлылығын әйгілеген ұлы ғалым үш жүздің басын қосқан даңқты Абылайдың шөбересі. Оның бойындағы асыл қасиеттер түркі халықтарының үзілмей келген салт-дәстүрінің, рухани болмысының, өскен ортасының жемісі.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы — білімнің бастауы

Шоқан Уәлихановтың ғылыми жолы Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кезінде басталды. Ол Еуропа ғылымымен терең танысып, орыс және батыс зерттеушілерінің еңбектерін оқып, білім көкжиегін кеңейтті. Шоқан Уәлихановтың негізгі зерттеу бағыттарына келер болсақ:

1. Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті
2. Түркі халықтарының этнографиясы
3. Фольклор және тіл білімі
4. География мен картография болды.

Ол Орта Азия мен Қазақстанның түрлі аймақтарын аралап, жергілікті халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, аңыз-ертегілерін жазып алған. Ғалымның еңбектеріне келер болсақ, Шоқанның ғылыми еңбектерінің ішіндегі ең маңыздылары: «Қашқарияға саяхат» — бұл еңбегінде ол Шығыс Түркістанға жасаған саяхаты жайлы баяндайды. Бұл дерек Батыс Еуропа мен Ресей ғалымдары үшін тың мәлімет болды. Сондай-ақ, «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Абылай туралы тарихи мәліметтер» және т.б.

Ал, қазақтың батырлар жырлары мен аңыздарын жинауы: «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырларын алғаш зерттеп жазғандығы, сонымен қатар тарих ғылымы бойынша Жетісу жеріндегі петроглифтерді алғаш зерттеп, жинақтап, олардың мағынасын ашуы бөлек әңгіме. Оның зерттеулерінде тек тарихи дерек емес, сонымен қатар

философиялық, гуманистік идеялар да көп кездеседі. Ол халықтың санасын оятуды мақсат тұтқан.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы — тек зерттеу емес, қазақ халқын оқу-білімге, өркениетке, прогреске шақырушы үндеу болды. Ол дінді, наным-сенімді, салт-дәстүрді ғылыми тұрғыда саралап, сын тұрғысынан қарады. Оның пікірінше, білім мен ғылым — халықты артта қалушылықтан алып шығатын жол болды.

Шоқан Уәлиханов — қазақ халқының мәдени-ғылыми өркендеуінің алғашқы қарлығашы. Оның ғылыми мұрасы бүгінгі ұрпақ үшін — рухани байлық, білімнің бастау көзі. Шоқан қалдырған еңбектер тек өткенді танып-білудің құралы ғана емес, сонымен қатар болашаққа жол сілтейтін шамшырақ. Бүгінгі таңда оның идеялары мен зерттеулері білім, ғылым, тарих, мәдениет салаларында әлі де өзекті.

Қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың бірі — Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Ол - тарихшы, этнограф, географ, фольклортанушы әрі ағартушы-ғалым. Оның қысқа ғана ғұмыры (1835–1865) өз халқы үшін мәңгілік ғылыми мұра қалдырды. Шоқан Уәлихановтың зерттеулері мен еңбектері қазақ халқының мәдениеті мен тарихының терең тамырларын ашып, ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосты. Сондықтан оның ғылыми мұрасын — білімнің бастауы деп толық айтуға болады.

Шоқан Уәлиханов зерттеулеріндегі ұлттық сана мен руханият сабақтастығы

Шоқан Уәлихановтың шығармаларынан ұлттық сананың оянуы, тарихи әділеттілікті іздеу, мәдени мұраға құрмет сынды терең идеялар көрінеді. Ол қазақ халқының шежіресін жазып, аңыздарын хатқа түсіріп, жырларын ғылыми тұрғыдан талдап, халық ауыз әдебиетіне алғаш рет академиялық көзқарас қалыптастырды. Шоқан Уәлиханов «Едіге» жырының үш нұсқасын өзара салыстырып, жаңа нұсқасын жасаған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын да сол кезде қағаз бетіне түсірген. Елінің тарихын, ауыз әдебиетін, этнографиясын, экономикасын жетік білген зиялы әкесінен болашақ оқымысты зор ғибрат алған. Шыңғыс – төңірегіне әйгілі ақын, әнші, жыршыларды топтас-тыра білген ірі тұлға. Жыршы, жыраулардың сезім толқытар толғаулары, сал-серілердің кең жазираны тербеген асқақ әндері, билердің сөз шарпысу көсемдігі, шешендік мектебі, күйшілер сарыны – бәрі балғын Шоқанның қиялын самғатты, халықтың рухани қазынасынан ерте сусындауы-на негіз қалады. Шоқанның ақылы ерте толысты. Өскен ортасының тылсым тіршілігіне, арғы-бергі тарихнамасына ден қойды. Үстем ұлттардың саны аз халықтарға жасаған қиянаттарын, арандату әрекеттерін көріп өсті. Ол өмір сүрген тұс патша өкіметі қазақ жерін түрлі бекіністер арқылы құрсаулаған, елдің ақыл-ойын, ерік-жігерін тежеп, адамдарды иманнан, салт-дәстүрден, рухани байланыстан жұрдай етуге бағыт ұстанған қатыгез кезең болатын. Әйтсе де, сол қиын-қыстау кездің өзінде 300-дей ғылыми еңбек жазған біртуар зерттеуші шығыстану, түркітану әлемін кеңейте түсті. Ғалымның шығыс, батыс халықтарының көптеген тілін білуі әртүрлі қайнар көздерге сүйене отырып, көне жазбаларды, жылнамаларды салыстыра зерттеуге, тарихи шындықты ашуға мүмкіндік туғызды. Шоқан өз ойын нақты дәлелдеу үшін Орта Азия халықтарының тарихын көп зерттеген Жолбарыс әулетінен шыққан Әбілғазының «Түрік шежіресі» атты белгілі кітабына жүгінеді. «Түрік шежіресін» толықтыра түсу мақсатында ол «Қазақ шежіресі» еңбегін жазады. «Қазақтардың көшпелі еркін тірлігі Азияда дүниеге келіп, дамығаны күмән туғызбаса керек. Олай дейтін себебіміз, орыс жылнамалары (Псков жылнамалары) біздің сөзімізді растайды», деп баян-дайды да, сол кездегі көптеген авторлардың еңбектеріне шолу жасайды, олардың деректерін шежірелермен салыстырады. Ш.Уәлихановтың мұрасынан халық ауыз әдебиетінің бар-лық нұсқаларына байланысты ойлы тұжырымдарды, тың мағлұматтарды табуға болады. Талантты ғалымның «Бұқардың Абылайға айтқаны», «Абылай туралы жырлар», «Шора», «Орақ» жырлары, «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар», т.б. шығармалары қазақ әдебиеті тарихына қатысты көлемді зерт-теулер болып табылады. Ал атақты «Жоңғар очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар» сияқты шығармаларының көптеген беттері қазақ әдебиеті мәселелеріне

арналған. Әлемдік әдебиет пен мәдениеттен мол хабардар болған Шоқан қырғыз елінің «Манас» жырына айрықша көңіл бөледі. «Манасты» өркениетті елдерге тұңғыш таныстырушы, жырдың ең құнды бөлігін алғаш орыс тіліне тәржімалаушы Ш.Уәлиханов екенін мақтан етуге тиіспіз. Шоқан «Манастың» этно-графиялық маңызына зор мән беріп, оның әрбір жыр шумақтарына, сөздеріне, кісі, жер, су аттарына, олардың ғылыми дұрыс жазылуына ерекше көңіл бөлген. «Едіге» жырын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жазып алғандағы тәсілдерін ғалым «Манаста» да шебер қолданған. Ғалым аса қабілетті жыршылар мен жыраулардың өміріне, ол туралы айтылған естелік аңыздарға айтарлықтай мән берген. Ол «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» деген мақаласында Бұқар жырауға қатысты біраз мағлұматтар келтіреді. Жыраудың Абылай алдында айтылған өлеңінің аудармасын жасайды. Сөйтіп, Бұқар жырауды орыс оқырмандарына тұңғыш рет Шоқан таныстырады. Ақтамберді жыраудың шығармашылығына да көңіл бөледі. Абылай заманындағы, одан арғы дәуірлердегі халық даналығын бойына сіңірген Шал ақынның қабілетін жоғары бағалайды. XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының ішіндегі көрнектілерінің бірі Тәтіқара ақынның бір өлеңін Шоқан жолма-жол орыс тіліне аударған. Өлеңнің қысқаша мазмұны жоңғар басқыншыларына қарсы күресті суреттеуге негізделген. Елді ерлікке жігерлендірген Тәтіқара шығармаларын Шоқан қаһармандық дастаны деп білген. Ш.Уәлиханов импро-виза-торлық өнердің тамаша көрінісі өнер сайысы үстінде, айтысқа түскен шақтарда, белгілі бір ақындардың өзара білім салыс-тыруы, тапқырлықтары мен ше-шендіктерін ортаға салуы тұ-сында айқын аңғарылатынына көңіл бөледі. Ақындар айтысының үл-кен өнер екенін жоғары бағалай келіп, Орынбай, Шөже, Жанақ, Түбек айтыстарына ерекше тоқталады. Кезінде есімдерін Ш.Уәли-ханов құрметпен атаған Асан Қайғы, Бұқар, Тәтіқара, Шал, Ақтамберді, Орынбай, Шөже, Жанақ, Түбек, т.б. тарихи тұлға-лардың жыр-толғаулары, асыл сөздері бүгінде ұрпақ кәдесіне жаратылуда. Төл әдебиетіміздің тарихын ғасырлар қойнауына тереңдете түсуде. Шоқан XVIII-XIX ғасырларда, Абылай заманы тұсында ерекше дамыған тарихи жырларға елеулі мән берген. Ғалымның «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыздар» еңбегінде тарихи жырларда, аңыздарда есімдері зор сүйіспеншілікпен айтылатын тарихи тұлғаларға, олардың қаһармандығына ғылыми дәлдікпен көркем барлау жасаған. Шоқан Уәлихановтың бұл шығармасы – әдеби тілмен, айтар-лықтай дарындылықпен жазылған, он төрт тармақтан тұратын ғы-лыми, тарихи очерк. Оның көте-ретін жүгі, берер мағлұматы қайсыбір «роман», «повесть», деп айдар тағылып жүрген қалың кітаптардан әлдеқайда салмақты. Қорғасыннан құйылғандай шып-шымыр, көлемі шап-шағын осы бір алтын қазыналы туынды әзірге өз бағасын ала қойған жоқ. Енді, мүмкіндігімізше, осы тарихи очерктің жазылу ерекшелігіне көз жіберіп көрейік. Тарихи жазбалардың, көне жырлардың баяндағанын білікті қарттардың айтқандарымен үнемі салыстырып қарап, шын-дыққа ең жанасымдысын өз шығармашылығында барынша іріктеп, талғап пайдаланатын ғұлама ғалым XVIII ғасыр батырлары туралы еңбегінде де осы ізденімпаздығын толық сақтаған деп білеміз. Абылай тұсындағы кезең қазақ жырларында ерлік заманы ретінде жырланатынын әділдікпен бағалаған ұлы зерттеуші халықтың ар-ожданы, елдігі тезге түскен осы бір алмағайып дәуірдің нақты көрінісін көркем тілмен беруді көздеген. Шығармада отыздан астам тарихи адамның аты аталады. Бәрі де өз ерекшеліктерімен қысқаша болса да дараланып суреттелген. Олардың екеуі жырау (Бұқар, Тәтіқара) – ел басына күн туған қысылтаяңда халықты рухтандырушы, батыр-ларға күш-қайрат қосушы ақыл-гөй кемеңгерлер. Екеуі би (Қазыбек, Ерден); қазақ ханы Абы-лай мен жоңғар (ойрат) ханы Галдан-Церен; өзгелері кілең ел қорғаушы асқан батырлар, бұған қоса жауынгерлер, бұқара халық... Шоқан осылардың арасынан бес-алтауын басты кейіпкер дәрежесінде ерекшелейді. Олар: Абылай, Байғозы, Жәнібек, Баян, Жантай, Галдан – шығарманың негізгі желісіне қатысып отырады, сөйтіп, әр қырынан танылады. Оқиға жоңғар шапқын-шылығына қарсы алдын ала аттандырған 1000 адамдық барлаушылардың кешігуінен, олардың тағдырына алаңдаған Абылайдың жанындағы Бұқар жырауға тіл қатуынан басталады. Барлаушылар екі топқа бөлінген: оның бірін – Қанжығалы қарабұжыр Жантай батыр, екіншісін – Қанжығалы қарт

Бөгенбай батыр бастап кеткен. Шоқан Абылайдың ұйым-дастырушылық батылдығын да, қайғыра-қуана білетіндігін де шебер береді. Бірде қытаймен арадағы соғыста Абылайдың қолы сирей бастайды. Хан жауынгерлерінің қайратсыздығына налып, қатты күйзеледі, ашу шақырады. Сонда оның ақылмандарының бірі Тәтіқара жырау топ жарып, қалың қолға рух беретіндей жалынды сөздерді барынша зор шабытпен бората жөнеледі: «Жаудан «қашу» жақсы сөз емес, Абылай және оның қолы кейін бұғып қашқан жоқ, тек бұрылыс кетті. Бәсентиін Сырымбет оқ жаудыра шегінді... Қашқаннан ақыл сұрама! Асығыс түбі – өкініш!.. Уақ Баянның қар-сыласын жайратқан оңды-солды қимылына осындағы бәріміз де куә болдық...», дейді. Жыраулар бейнесі, олардың тапқырлығы, Қаз дауысты Қазыбек сияқты билердің кемелді парасаттылығы бұл еңбекте келісімді шешім тапқан. Абылай үлкен айқастарда, шешуші сәттерде жекпе-жекке өзі де шығып отырғаны белгілі. Жоңғарлармен соғыста Галдан Цереннің ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтірген Абылай тұтқынға түседі. Онымен бірге бірнеше би, атығай руының атақты батыры Жапақ сүйікті баласының қазасына қайғырып отырған Галданның алдына әкелінеді. – «Менің ұлымды қай жерде өлтірдің? – деген сауалға Абылай: – Кінә маған тағылғаны болмаса, сенің балаң Шарышты өлтірген халық, халықтың еркі мен арқылы орындалды, – деп жауап береді. Галдан: – Үш ордадағы барлық батыр-лардың ішінен ең құрметтейтінің кім? – дегенде, Абылай: – Өзінің 90 тұтқынын Галданды сөзбен жеңіп босаттырған қара-кесек Қазыбек пен үйінде отырып жауының үрейін алған, сөйтіп, өз тұтқындарын қайтартқан уақ Деріпсалы мақтауға лайық; ал байлығы, ерлігі, мінезділігі жөнінен бәсентиін Малайсары батыр мен ақылдылығы, қаһар-мандығы бойынша уақ Баян батыр бәрінен де жоғары тұрады, – дейді. Галдан: – Қандай мемлекет басшысы басқалардан жоғары? – деп сұрағанда, Абылай іркілместен: – Қондакер, орыстың ақ патшасы, Еженхан, Галдан, одан кейін мен өзім», – дейді. Сөйтіп, қазақ елінің басқа елдермен терезесі тең болған кезін еске түсіреді, тұтқындамын-ау деп ықпайды. Мұндай диалогтардың көркем шығармаға тән екені аян. Ғылыми диалогтың асқан шеберлері Аристотель, Платон, Сократ, Геродот... еңбектерін құныға оқыған Шоқан өзінің тарихи очеркінде бұл тәсілді аса ұтымды қолданған. Қашқан торғауыттардың соң-ғы жортуылына қарсы күрес халық аңызында «Шаңды жорық» деген атпен белгілі. Оған сансыз көп адам қатысқан. Хан өзінің орнында қозғалмай тұр; ол басқа батырлардың көңіліне келетініне карамастан, ержүрек Баян батырды тағатсыз күтуде. Ақырында 540 адамымен оралған ол ханның алдына келіп: «Қайда, не бұйырасың, мен орындаймын», дейді. Хан халыққа арнап: «Міне, менің Баянды неге ұзақ күткенім», деп түсіндіреді. 500 әскерімен 10 мың қалмаққа қарсы тұрған Жантай батырдың қаһармандығын, өлер алдында атынан түсіп баласы Тоқышқа бергенін, тірі қалған 8 адамға: «Үйге қайтыңдар, мен жауымды тосып қалайын», деп барып құлап түскенін естігенде, Абылай: «Қайран қайыспас қара болатым-ай!», деп көзінің жасын тия алмайды. Бұл басшы мен батырдың, батыр мен халықтың арасындағы мүдде бірлігін танытар көркем шешім. Қобыз бен домбырасын арқалап жүріп, суырып салып өлең айтатын оғыз-қыпшақ заманынан келе жатқан дәстүрді жалғастырушы қазақ ақындарының өнерін барынша құптаған Шоқан халық ауыз әдебиетінің бай мұраларын келешек ұрпаққа жеткізуде жыршы ақындар мен жыраулардың еңбектері ерекше болғанын жоғары бағалайды. Жыршы ақындарды өз заманының тамаша оқиғаларын мәңгілік өлместей етіп халық есінде қалдырушылар, деп біледі. Қазақ ауыз әдебиетіндегі өлең-жырларды жеткізушілерді «біздің Бояндар», деп атайды. «Боян», «рапсод», «сага» атауларын Ш.Уәлиханов қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш қолданған. Қазақ жыршыларының бір түрін Шоқан «бард» деген. Бұдан ғұлама-ойшыл ғалымның орыс, Еуропа әдебиеттеріне де жетік болғаны аңғарылады. Өйткені, «Боян» орыс әдебиетінде «жыр атасы» деген ұғым білдіреді. «Игорь жасағы туралы сөзді» Боян шығарыпты-мыс дейтін аңыздары да бар. Боянға қазақ эпосында Сыпыра жырауды мегзеген Шоқан Уәлиханов XIV ғасырдан бері есімі таныс Сұр-ғылтайұлы Сыпыра жырауды қыпшақ руынан шыққан, ұзақ ғұмыр кешкен, тарихта ноғайлы жырларын туғызған жыршы, дейді. Ал бардқа Тәтіқараны жатқызады. Еуропада (әсіресе, Ирландия мен Шотландияда) «бард» аталатын жыршылар біздің дәуіріміздің

алғашқы кезеңінен (II ғасырдан) белгілі екенін ескерсек, Ш.Уәлиханов төл әдебиетіміздің маңызын түсіндіруде әлем әдебиетінен дәл сондай салыстырма ұғым беретін сөздер тапқанына риза боламыз. Эпостарымыздың қаһармандарын ғалымның кейде француз жырларындағы бас қаһарман Роландқа теңеуі де тегін болмаса керек. Роланд – тарихи адам. Қазақ эпостарының да қаһармандары негізінен тарихи адамдар. Тарихи жағынан алғанда, дейді ойшыл, халықтың ақындық рухы қызғылықты, өйткені, біріншіден, жыршы ақындар өткендегі батыр-лардың ерліктерін жырлайтын атамзаманғы көне поэмаларды бастапқы қалпын бұзбай әкелген. Екіншіден, әр дәуірде өмір сүрген жыршы ақындар өз заманында болған оқиғаларды бір тақырыпқа біріктіріп, бір кейіпкердің бойына сыйыстырып, халық жадынан өшпестей етіп жырлаған. Үшіншіден, әдет-ғұрыптың, мақал-мәтелдердің, халық құқығының жиынтығы болып табылатын бұл поэмалар халықтың өткен тарихы мен рухани өмірін бейнелеген, белгілі тарихи мағлұматтарды толықтыруға мүмкіндік берген, деп атап көрсетті. Шоқанның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын кереметтей қастерлегені соншалық, ол «Ыстықкөл сапарының күн-делі-гінде»: «Өз басым Аягөзге таңдай қағып, таңырқап қатты құмартамын. Бәлкім, бұл айдай ару Баянның алтын айдарлы Қозы Көрпешке ғашықтығы жөніндегі жыр-дастанның әсері болар. Ол оқиғаның осы өзеннің бойында өтуінің маңызы аз болмаса керек», деп жазған. «Біздің халқымыздың көркем-дігі жағынан қалыспайтын, өскелең әдебиеті бар; бұл әдебиет Шығыс халықтарының өлең-жырларынан гөрі, индо-герман өлең-жырларына жақынырақ. Ақырында, мұның бәрінен маңыз-дысы сол – біздің қоғамдық өркендеу формаларымыз жоғары, мәдениетті дамудың нәтижесімен көбірек ұқсас келетін жасанды емес дәрежеде тұр»; «Көне жыр-дастандардың сол өз қалпында, ұшы-қиыры жоқ даланың бір шетінде айтылатын шығарманың оқиғасы боз даланың екінші бір шетінде айна-қатесіз қайталануы таңдандырмай қоймайды. Көне түрі, салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда, өмірдің бар саласын қамтитын оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су аттары, т.б. есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады. Осы тарихи мәні бар мол мұраны біреулер ауызша, домбырамен сүйемелдеп әндетсе, енді біреулер мынау сонау замандарда жасаған пәленше деген күйшінің аты өшпес күйі еді деп, сыбызғыда ойнап, қобызда тартып, өнерлі адамдардың аты ел-жұрттың есінде мәңгі қалып қоюына себепші болады». Міне, ұлы тұлға әдебиет – халықтың жаны, құлақ-күйі, ар-ожданы, зор байлығы, елдігінің белгісі, одан «халықтық рух, ұғым, әдет, өмірлік кейіп» көрінеді, деп білді ойшыл. Тұтас алғанда, Шоқанның шығармашылық мұрасы – бүтіндей бір дәуірдің шежіресі. Оның еңбектерінен парасатты журналистің, байқампаз жазушының және сезімтал очеркистің қабілетін жиі кезік-тіресіз, үлкен суретшіге тән шеберлікті аңғарасыз. «Тянь-Шаньды зерттегенде: жан-жағы-мызда басын аппақ қар басқан тау, төменде терең сай, оның сонау түкпірінде кіп-кішкентай көл көрінеді, қар жауып тұр, сұп-суық. Мен бұл күнделікті от басының сығырайған жарығымен қоста жазып отырмын», дейді ол. Шоқан Уәлиханов көне дәуір әдебиетін жетік білді. Ұлтымыздың рухани бай қазы-насын, әдеби асыл мұрасын жинап, зерттеуде уақытын да, білімін де, қажет болған жағ-дайда денсаулығын да аямай жұмсады. Ол – көшпелілер өмірі бірде шалқып-тасыған, бірде бәсендеп-шөккен толқынды өзге-рістерге толы екенін анық-та-ған, мұндай өзгерістер халқымыздың жадында әдеби туындылар арқылы өшпестей берік сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткенін ғылыми дәлелдеген білім-паз, біртуар ұлы тұлға. Бүгінгі таңда ұлттық руханиятты сақтау мен дамыту жолында Шоқан мұрасы - рухани тірек, мәдени сабақтастықтың алтын арқауы.

Қорытынды

Шоқан Уәлиханов — қазақ халқының тарихында мәңгілік із қалдырған бірегей тұлға. Ол — XIX ғасырдың ең жарық жұлдыздарының бірі, терең білім иесі, сан қырлы ғалым, саяхатшы, этнограф және ағартушы. Қысқа ғана ғұмырында Шоқан өз халқының рухани және ғылыми дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның еңбектері қазақ қоғамының өркениетті жолмен дамуына түрткі болды, ал артында қалған мол мұрасы — халқымыз үшін сарқылмас

рухани қазына.

Бүгінде Шоқанның ғылыми көзқарастары мен ағартушылық идеялары өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, қазіргі жастар үшін оның өмірі мен шығармашылығы — білімге деген құштарлықтың, ұлттық болмысқа адалдықтың, елге шын жүректен қызмет етудің жарқын үлгісі. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасын терең зерттеу мен дәріптеу - тек өткенді тану емес, болашаққа бағдар болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1985.
2. Нұрпейісов К. Шоқан және қазақтың ұлттық идеясы. – Астана, 2015.
3. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2006.
4. Ахметов З. Ұлы ғалым – Шоқан. – Алматы: Білім, 2003.

THE EXPLORATION OF LINGUISTIC TABOOS WITHIN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

B.R.Kulzhanova¹, A.B.Kashkeyeva²

¹ Candidate of philological sciences, associate professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

² 3-course Phd doctoral student 8D02307 – Kazakh philology, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aidanaga@mail.ru

Аңдатпа. Қазақ және ағылшын тілдері, әр түрлі мәдени ерекшеліктер мен тарихи мұралардың өкілі, олардың ішінде бірегей лингвистикалық тыйымдардың жиынтығы бар. Бұл тыйымдар жай ғана тілдік шектеулер емес, сонымен бірге олардың тиісті қоғамдарының мәдени этикасының айшығы болып табылады. Табуды зерттеу арқылы біз лингвистикалық аумақтардағы қарым-қатынас үлгілері мен әлеуметтік өзара әрекеттесуді қалыптастыратын құндылықтар, дәстүрлер және қабылдаулар туралы түсінік аламыз.

Кілт сөздер: табу, тыйымдар, дүниетаным, таным, тіл, ұлт, дәстүр.

Abstract. Kazakh and English, each representative of distinct cultural identities and historical legacies, harbor within them a unique set of linguistic taboos. These taboos are not simply linguistic restrictions but windows into the cultural ethos of their respective societies. By unraveling these taboos, we gain insights into the values, traditions, and perceptions that mold communication patterns and social interactions within these linguistic domains

Keywords: taboos, forbidden, worldview, knowledge, language, nation, tradition.

The significance of this exploration lies in its capacity to illuminate how language mirrors and perpetuates cultural norms. By examining taboos in Kazakh and English, we discern the nuanced ways in which language encapsulates societal hierarchies, values, and beliefs. Respect for elders, sensitivity in discussions on sensitive topics, or the significance attributed to nature—each of these aspects intertwines with language, shaping its conventions and taboos.

This journey into linguistic taboos transcends mere linguistic analysis; it uncovers the essence of cultural identity encapsulated within language. Understanding these taboos becomes a gateway not only to linguistic proficiency but also to cultural appreciation and cross-cultural understanding. It prompts us to navigate language not just as a means of communication but as a repository of cultural heritage and societal values.

Thus, this exploration embarks on an endeavor to unravel the rich tapestry of linguistic taboos in Kazakh and English, unraveling their cultural significance and their place within the larger mosaic of global linguistic diversity[1, 12].

What is Taboo? Taboo is a concept that is widely used in sociology, anthropology and other fields of cultural sciences. It denotes a prohibition, a prohibited action, an object or an idea that is not permissible or acceptable in a particular society or culture.

Taboos can be associated with various areas of life, such as religion, politics, sexuality, food, clothing, and even language. It can be specified explicitly and have regulation, or it can be implicit and based on traditional norms and values of society[3].

Taboo has deep historical roots and is associated with magic, spiritual faith, and ideas about the sanctity or danger of certain objects or actions. It can perform the function of protection, maintaining order and stability in society, limiting certain acts or ensuring social and group identity; taboo creates boundaries and separates the "allowed" from the "forbidden". It promotes social normalization and forms stereotypes and accepted patterns of behavior. The influence of taboos on individual and collective consciousness cannot be underestimated, as it has a significant impact on human behavior and the dynamics of society as a whole.

What is taboo and what concepts are associated with this term?

Taboo can be applied to behavior itself, customs, objects, food, words, or even ideas. The concept of taboo is closely linked to the norms and values of society that define what is considered acceptable and unacceptable. Taboo performs an important function in society, helping to maintain order, prevent conflicts and preserve cultural values.

There are various taboos in different cultures, which are determined by historical, religious, social and other factors. Topics such as sexuality, religion, and death are taboo in many cultures, and breaking these taboos can lead to negative consequences such as stigmatization, isolation, or punishment. Some taboos may be specific to certain groups or social strata, while others may be common to the whole society. Women, for example, may be prohibited from entering a sacred temple in certain cultures, or the consumption of pork may be prohibited in religious communities of different faiths.

In Kazakh culture, mythology, customs related to girls, and beliefs associated with nature carry deep-rooted taboos and traditions that reflect the rich heritage and reverence for traditions.

Mythology holds a significant place in Kazakh culture, intertwined with beliefs and customs passed down through generations. Certain myths or tales might be considered sacred or sensitive, invoking taboos around their retelling or interpretation. The storytelling of these myths often requires a respectful approach, with careful consideration given to the audience and context to avoid offending or misinterpreting cultural significance[4].

Customs related to girls in Kazakh culture are often steeped in tradition and respect for femininity. There might be taboos or customary practices surrounding milestones in a girl's life, such as puberty or marriage. These customs could include specific rituals or practices meant to honor and celebrate these transitions. Language used during these ceremonies might carry specific taboos, requiring respectful and reverent expressions to commemorate these important life stages.

Nature holds immense significance in Kazakh culture, often intertwined with spiritual beliefs and customs. Various taboos and beliefs are associated with natural elements like mountains, rivers, and animals. Certain places might be considered sacred, demanding reverence and prohibitions against disrespectful behavior or language. Beliefs about the spiritual significance of natural phenomena might dictate specific taboos related to hunting, gathering, or interacting with the environment, emphasizing the need for conservation and respectful engagement with nature.

Moreover, certain beliefs regarding the interconnectedness of nature with human life might influence taboos related to ecological practices or environmental stewardship. For instance, there might be prohibitions against harming certain plants or animals, or taboos associated with specific times or seasons related to agricultural practices, rooted in ancient beliefs and customs.

Understanding and respecting these taboos associated with mythology, customs related to girls, and beliefs about nature are essential for preserving Kazakh cultural heritage and fostering appreciation for traditional values. They serve as a reminder of the deep connection between culture, beliefs, and the environment, emphasizing the importance of respectful interactions within the natural world and the preservation of ancestral wisdom for future generations[2, 112].

Linguistic taboos hold a profound cultural significance, serving as gatekeepers that delineate acceptable and unacceptable language use within a society. These taboos, embedded in language, reflect the values, beliefs, and norms of a culture, functioning as a subtle yet powerful mechanism that regulates communication. At their core, linguistic taboos encompass words, expressions, or topics deemed sensitive, inappropriate, or offensive within a particular cultural context. They often revolve around societal norms, traditions, and historical factors, shaping how individuals interact and communicate with one another.

The cultural significance of linguistic taboos manifests in various ways. They act as custodians of respect and hierarchy within communities. For instance, in some cultures, using informal language or addressing elders improperly might violate deeply ingrained norms of respect, resulting in social repercussions. Similarly, certain words or phrases might carry historical or religious connotations, rendering them taboo or forbidden in specific contexts.

Moreover, these taboos reflect societal sensitivities, especially concerning sensitive topics like religion, politics, race, and gender. Words or expressions associated with these domains might be restricted or carefully navigated to avoid causing offense or discomfort.

Understanding linguistic taboos is pivotal in comprehending cultural nuances. They offer insights into a society's values, power structures, and social dynamics. By respecting these taboos, individuals display cultural awareness and sensitivity, fostering smoother communication and

deeper connections across diverse cultural boundaries.

The cultural significance of linguistic taboos extends beyond mere language; they serve as windows into the intricate fabric of a society's collective identity, norms, and traditions. By acknowledging and respecting these taboos, individuals engage in meaningful and respectful cross-cultural communication, bridging gaps and fostering mutual understanding.

The exploration of linguistic taboos within Kazakh and English languages unveils a fascinating tapestry of cultural norms and societal boundaries, offering insights into how these taboos shape communication within the broader context of global language dynamics.

Kazakh, deeply rooted in Central Asian heritage, encapsulates a set of linguistic taboos intricately woven into the fabric of its culture. These taboos often revolve around concepts of respect, honor, and hospitality. Respect for elders, reflected in specific linguistic norms, highlights the cultural significance of addressing and interacting with older individuals. Similarly, the importance of hospitality in Kazakh culture is echoed in language, with distinct expressions and etiquettes tied to welcoming guests.

Contrastingly, the English language, a global lingua franca, presents its own array of taboos shaped by diverse cultural influences. Profanity and swearing, for instance, illustrate a universal taboo that varies significantly in acceptability across cultures. Additionally, discussions surrounding sensitive topics like religion, politics, race, and gender carry their own set of linguistic taboos, often demanding a delicate and respectful choice of language.

Examining these linguistic taboos in Kazakh and English within the framework of global language dynamics sheds light on the interplay between language, culture, and globalization. In an increasingly interconnected world, where languages converge and cultures intersect, understanding these taboos becomes pivotal for effective cross-cultural communication.

In cultures worldwide, the language used to address and interact with elders serves as a profound reflection of societal norms, values, and the deep-seated respect accorded to older generations. This reverence for elders is not just a cultural nicety; it's a cornerstone of many societies, and the language used embodies this respect in tangible ways.

In societies like Kazakh, where honoring elders holds immense cultural significance, language serves as a vehicle to express this respect. Linguistic norms and conventions dictate specific forms of address and interaction when communicating with older individuals. Honorifics, specific titles, or polite linguistic constructions are employed as a mark of deference and recognition of the wisdom and experience that comes with age[4].

These linguistic nuances extend beyond mere words; they embody a cultural ethos that venerates the elderly. The use of formal language or specific terms of address isn't merely a linguistic practice; it's a manifestation of deeply ingrained societal values that emphasize the importance of venerating older members of the community. Moreover, the respect for elders within language reflects broader societal structures and hierarchies. It reinforces the traditional family structure, where elders are often regarded as custodians of wisdom and authority. By using language that honors elders, individuals reinforce these societal hierarchies and maintain the cohesion of the community. However, the importance of respecting elders in language isn't limited to Kazakh culture alone. Many cultures around the world, including various English-speaking communities, also emphasize the significance of respectful language when addressing older individuals. Terms like "sir," "ma'am," or specific titles demonstrate a similar acknowledgment of age-based authority and wisdom.

Understanding how language reflects respect for elders underscores the intricate relationship between language and culture. It emphasizes the role of language as a vessel for transmitting cultural values and norms across generations. It's a reminder that language isn't just a tool for communication; it's a mirror reflecting the values and traditions that define a society. Therefore, the linguistic respect for elders serves as a testament to the enduring cultural fabric that weaves communities together, bridging generations and preserving time-honored customs in our ever-evolving world.

Sensitivity in discussing religion, politics, race, gender

Navigating discussions around religion, politics, race, and gender demands a heightened sensitivity to language and expression due to the deeply entrenched societal complexities and historical contexts associated with these topics. In many cultures and linguistic communities, these domains are sensitive and fraught with potential for misunderstanding, offense, or tension, making language usage critical in fostering respectful and constructive dialogues.

Religion, often intertwined with deeply held beliefs and values, requires careful language use to avoid inadvertently offending or disrespecting differing faiths or belief systems. Certain words or expressions might carry strong religious connotations, making them taboo or sensitive within specific cultural contexts. Respectful language acknowledges diversity and promotes tolerance, steering clear of language that might provoke religious tensions.

Similarly, discussions on politics often involve divergent viewpoints and ideologies. Language can play a pivotal role in either fostering healthy debate or exacerbating conflicts. Terms or labels used to describe political affiliations or ideologies might carry strong emotional weight, necessitating nuanced language choices to encourage dialogue rather than division.

Race and ethnicity discussions are steeped in historical and societal complexities, demanding language that acknowledges the diverse experiences and identities without perpetuating stereotypes or prejudices. Choosing inclusive and respectful language helps create an environment conducive to understanding and appreciating diverse cultural backgrounds.

Gender discussions, too, require sensitivity. Language often reflects societal attitudes towards gender roles, and certain words or phrases might reinforce gender biases. Using inclusive language that respects gender diversity and avoids perpetuating stereotypes is crucial for fostering equality and respect.

Across cultures and languages, the sensitivity surrounding these topics underscores the importance of cultural awareness and empathy in communication. Language isn't just a means of conveying information; it's a tool that can either bridge divides or perpetuate misunderstandings and conflicts. Therefore, approaching discussions on religion, politics, race, and gender with linguistic sensitivity fosters an environment where diverse perspectives are respected, and constructive dialogue can flourish, paving the way for mutual understanding and social progress[7].

Importance of cultural awareness in learning languages

Cultural awareness is a fundamental aspect of learning languages, playing a pivotal role in understanding not just the grammar and vocabulary but also the deeper nuances and social context embedded within a language.

Languages are not isolated entities; they are intricately intertwined with the cultures they belong to. Cultural awareness allows language learners to comprehend the cultural underpinnings of expressions, idioms, and even the choice of words. It provides insights into the historical, social, and emotional contexts that shape language use, enabling learners to communicate more effectively and empathetically.

Understanding cultural nuances is particularly crucial in navigating social interactions. Different cultures have varying norms regarding politeness, formality, and gestures. Without cultural awareness, language learners may inadvertently convey unintended messages or even cause offense due to unfamiliarity with cultural norms.

Moreover, cultural awareness fosters a deeper connection with native speakers. It showcases respect for their traditions, values, and ways of life, facilitating more meaningful and authentic interactions. Native speakers often appreciate and respond positively to individuals who demonstrate an understanding and appreciation of their culture, making language learning experiences richer and more rewarding.

Cultural awareness also broadens one's perspective beyond language proficiency. It provides insights into global issues, societal structures, historical events, and traditions, offering a more holistic understanding of the world. This cross-cultural understanding nurtures tolerance, empathy, and open-mindedness, essential qualities in our interconnected and diverse global community.

XIV ғ. Батыс Сібірдің Тобыл, Есіл бойындағы территориясы Ертістің оң сағасы бөлігі керейлердің Тайбұға ұлысына кірген. Оңтүстіктегі шекарасы XIV-XV ғ. басында Ақ Орда болды. Моғолстан жеріне Ертістен Алтайға дейінгі жер еніп, оның құрамына Оңтүстік Шығыс Қазақстан, Жоңғария және Шығыс Түркістанның бір бөлігі енді. Ертістің оң сағасындағы жерлер XV ғ. 60-жж. - XVI ғ. соңына дейін Сібір хандығының құрамында болды. Оның негізгі халқы түркі тілдес тайпалар еді. Қазақтар болса Сібір хандығы территориясында көшіп-қонып жүрді. Жайылым жерлер үшін жүргізілген күрестер қазақ хандарының жоңғарлармен шайқасы күйзеліске ұшыратты. Солтүстікте жатқан көршісі Ресеймен одақ құру мүмкіндігін іздеді. Орта Ертісте, Алтай жерлерінде Жоңғар хандығы саяси-экономикалық билігінен айрылды. Бұл жер Орта жүз тайпаларын құраған түркі тайпаларының жері болатын. Ол Қазақстан, Сібір, Алтаймен тарихи, экономикалық, этникалық байланыста болды. Ресей Қазақстанды отарлай бастағанға дейін бұл кеңістікте мемлекет болған және оның тәжірибесі де аз емес еді. XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының шекарасы қазақтардың этникалық территориясының едәуір бөлігін қамтып, Орта Азия, Поволжье, Сібірмен сауда және дипломатиялық байланыс жасады. Тобыл, Есіл, Ертіс бойларындағы қазақтардың көшіп жүретін қоныстары осы жерде еді. Тайбұға керейлерімен ұзаққа созылған күрестен кейін Сібірдегі билікке шибанид Көшім келеді. 1563 ж. ол Искерді басып алып, өз мемлекетін нығайту үшін бірқатар реформаларды жүргізеді. Жалпы Сібір хандығы Көшімнің кезінде оңтүстіктегі көршілері ноғайлармен одақтастық қатынаста болса, қазақтармен тіпті соғысты. 1570 ж. Сібір хандығымен Хақназар соғысқан. Сібір хандығы 1560-1570 ж. басында Хақназарға қарсы әскери жорықтар жасаған, өйткені Хақназар Оралдың ар жағындағы далаларға да бақылауды қалпына келтіріп, ноғай билерінің және Сібір ханының қолында болған жергілікті башқұрттарды да бақылау жоспарында болды. Жалпы XV ғ. аяғы - XVI ғ. Тобыл маңында қазақ тайпаларының мекендегені белгілі, ал олардың көбін шетел әдебиеттерінде татарлар және башқұрттар деп жазады. XVI ғ. аяғында қазақтар Оралдың ар жағындағы жайылым жерлерге бара алмады, өйткені Батыс Сібірдің оңтүстігіндегі орыс шекарасында қалмақтар пайда болды. Тек олар кеткеннен кейін ғана Оралдың ар жағына қазақтар келеді. Бұл Хақназар билігінен кейінгі оқиғалар, өз алдына бөлек тарих. Хақназар билігі тұсында Қазақ хандығының территориясы кеңейді, хандық билік институты нығайды. 1573 ж. Көшімнің інісі Маметқұл Чусовой өзеніндегі орыс иеліктеріне шабуыл жасағаннан кейін Батыс Сібір жерінде камалдардың құрылысы басталады. Искерге жақын жерде Сузгун, Биік Тұра, Қарачи, Ертісте Құлар мен Бегіс бекіністері тұрды. Көшім Ресеймен соғыс жүргізіп, Қазан мен Астраханьды азат етпекші болғанымен, саяси жағдайдың өзі кедргі болғаны, яғни бұл кезде башқұрттар мен ноғайлар орыс бодандығын алса, Қырым ханы Москвадан жеңілді, оңтүстікте қазақ хандарының шабуылы күшейді. Маңғыт жұрты Ресей бодандығын алғаннан кейін, Строгановтар Оралдың ар жағына кіріп, слободаларын құрып, халықты тонап, ол жердің байлығын иемденді. Бұл 1581 ж. Бегбелі мырза бастаған көтеріліске алып келді. Көтерілісшілермен күресу үшін Строгановтар Жайық және Еділ қазақтары құрамынан отрядтар жинай бастады.

Ал, Көшім көтерілісшілерге көмектесу мақсатымен өзінің ұлы Әли бастаған отрядты Оңтүстік Оралды отарлаудағы орталық болған Чердынь қаласына жібереді. 1582 ж. атаман Ермак Искерге шабуыл жасап, оны басып алады. Алайда ол жеңісін бұл жерде бекемдей алған жоқ, бұл кезде әскерімен Әли қайтып келген болатын. Ермак қоршауда қалып, қайтыс болады. Осындай жағдайда қазақтар Тобыл аңғарынан бастап Ертістің құйылысына дейінгі жерді өздеріне қаратпақшы болды. Искерді Қадырғали би Жалайыр мен Оразмұхамед бастаған қазақ әскерлері басып алады. Сібір тағына тайбұғалық би Сейдахмет келеді. 1585

ж. Сібірге И. Мансуров бастаған орыс отряды келіп, бір жылдан кейін Шымға Тұра қаласынан алыс емес жерде Түмен қамалы салынады. 1587 ж. болашақ Тобылдың негізі қаланады. Орыстар Ораз Мұхамед пен Қадырғали биді алдап қолға түсіріп, Москваға жібереді. Осыдан кейін қазақтар Тобылдың төменгі жағын иемденуден бас тартқан. Солтүстіктегі қазақ далаларында жүрген Көшім Батыс Сібірді өзіне қайта қайтарғысы келгенімен 1591 ж. Есіл өзені жағасында жеңіліске ұшырап, 1598 ж. толық талқандалады. Сібірді мекендеген көптеген қазақ рулары оңтүстікке қарай көшіп, Есім ханның қолына кіреді. Ал бір бөлігі 1601 ж. Көшімнің ұлы Әлиді Сібір ханы деп жариялайды. Ғалым Ахмет-Зәки Уалиди Тоған «Бүгінгі Түркілі (Түркістан) мен төңірегінің тарихы» атты еңбегінде Шоқанды Түркістан түркілерінің, оның ішінде әсіресе, көшпелі түркілердің 19 ғасырда Еуропа мәдениеті мен қарым-қатынаста жоғары жетістікке жеткен ең жұлдыздысы деп бағалайды. Тарихшы Фатих-Ұнал Шоқанды Қадырғали Жалайыри және оның еңбегі «Жамиғ-ат тауарих» шежіресі туралы ең алғаш зерттеу жасаған қазақ интеллигенциясы арасында кең танылған ғалым деп тани отырып, Ш. Уәлихановтың еңбегін XV-XVI ғасырға қатысты тарихи құжаттардан жиналған өте сирек кездесетін еңбек ретінде бағалайды [3]. Ш. Уәлиханов Алтай мен Енисей түрік және монғол тайпаларының бесігі екенін көрсете отырып, оңтүстік Сібірді мекендеген түркі және монғол тайпалары өздерінің тілі мен мәдениетін сақтап, адал болғанын жазады [4, с.294]. Ш. Уәлиханов барлық деректерде Алтын Орда Ұлуғ ұлыс деп аталып, түркі тарихшылары мен халық аңыздарында ол тұтас елдің немесе халықтың (бөлігі) дегенді білдіреді және ешқашан орда деп аталмағанын көрсеткен. Шоқанның тапқан Едіге жыры эпосының қазақша нұсқасы филологиялық тұрғыда көне нұсқаларынан айырмашылығы аз болса да, Жошы ұлысының соңғы кезеңі туралы деректің біріне жатады. Жырдың Ш. Уәлиханов тапқан нұсқасын П.М. Мелиоранский жариялаған болатын [5, с.14]. Қазақстанда «Едіге» дастаны талай рет басылып шықты. Эпоста XIV-XV ғғ. Едіге, оның ұлы Нұраддин, олардың қарсыласы Тоқтамыс хан және оның ұлдары туралы жырланған. Едіге туралы тарихи эпикалық цикл Ноғай Ордасында дамып, түркі халықтары арасында, оның ішінде ноғайлардың өздері, қазақтар, татарлар, қарақалпақтар, башқұрттар және т.б. арасында тараған. Бұл эпикалық жырда «Ақ Орда» (Ақ киіз үй-орда), «Боз Орда» (Ақ немесе Ашық киіз үй-орда), «Алтын Таш» стационарлық сарайы (Алтын сарай) сияқты эпитеттер қолданылған. Жыраулардың ең көне нұсқаларында ханның ордасы: «Алтыннан соққан Ақ орда» (Алтын ойық, яғни, Ақ Ордамен жабылған), «Еңсесі биік боз орда» (биік, кең Ақ Орда), «Биік ақ шатыр-орда» деп аталған. Тарихшы Т.И. Сұлтанов «Ұлық-ұлыс - ұлы ұлыс, басты үлес жер» терминінің Жошылардың бүкіл мемлекетін білдіретініне ерекше тоқталды [6, с. 73]. Жошы кеңсесінен сақталған ресми құжаттармен салыстырсақ, Тоқтамыс хан кезіндегі хан жарлықтарында осыған ұқсас атау кездеседі екен. 1392-1394 жж. Жарлық поляк-литва королі Ягеллоға арналды. Құжат мәтінін Қазан университетінің профессоры И.Н. Березин жариялап, 1850 жылы Тоқтамыстың жарлығы түркі тілінде ұйғыр жазуымен жазылды. Жапсырманы басып шығарып, аударғанда араб әрпімен транскрипцияны профессор Казем бей жасаған. Онда «Ұлуғ ұлыс» термині мына мәтінде кездеседі:

«Бизга бақар иелларниң чахишларин чиғаруб барған илчиларга биргил Қасин хан тукурсунлар баха бурунғу йуздунлик баз иркан ортақларин Дахый урушсинлар Ұлұқ Ұлұсннң дурус бахадағы йахшысы ол болған диб иелтдикисанлық» [7, с. 73]. «Ұлығ ұлысы» ұғымы Алтын Орда хандарының жарлықтарында анық жазылған және бұл ноғайлар мен қазақтардың тарихи естеліктерінде сақталған. Бұл факт ерекше назар аударуды қажет етеді және тиісті ғылыми бағалауды қажет етеді. Эпоста Жошы мемлекетінің тағы бір белгісі кейде кездеседі - «Ноғайлылардың ауыр киіз үйі». Мысалы, Ш. Уәлиханов жазған және кейін профессор П.М. Мелиоранский жариялаған «Едіге би» жырында былай жазылған: «Ноғайлынынь авыр журт абдырада, айланды» или «Ноғайлынын ауыр жұртыабдырада, айланды». Демек, «Ұлығ ұлыс» - Алтын Орданың ресми, мемлекеттік атауы болса, ал «Ноғайлының ауыр киіз үйі» - халықтық атау деп түсінеміз [7, б. 80-88]. Демек, Ш. Уәлихановтың Сібірге тарихына қатысты тұжырымдарын біз Тобылдың төменгі

бойындағы қазақ тайпалары туралы айтқанда салыстырмалы талдауда пайдаланамыз. Оның Қазақ ордасына, оңтүстік-батыс Сібірге қатысты пікірлері қазіргі Қазақстан жерінен тыс жатқан қазақ ру-тайпаларының қазақ халқының қалыптасуына үлес қосқанын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Есмағамбетов К.Л. Шоқанды шетел қалай танып-білуде? Ғалымның жоғалған қолжазбалары туралы ой // Егемен Қазақстан. - 2010. - 10 қараша. - 5 б.
2. Сибирские Летописи. - Спб., 1907.- 280 с.
3. Фатих Үнал. Түрк тарихынын кайнакдарындан Жами ат-тауарих ве мүеллифи Кадр Али Бег хакында // А.Ү. Түркиат араштырмалары Енститүсү Дергісі. Сайы 37. 2008. - Ерзурум. - 231 б.
4. Валиханов Ч.Ч. Заметки по истории южносибирских племен // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч.в 5 т. Т.1. Алма-Ата, 1985.
5. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. в 5 т. - Алма-Ата, 1984. Т.5. - 528 с.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. - Алма-Ата: Рауан, 1992. - 378 с.
7. Кушкумбаев А.К., Нурманова А.Ш. Золотая Орда и историческая память / Ежелгі тарихтың тамыршысы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 80-89 бб.

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ «ҚАЗАҚ» ТЕРМИНИ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Ә.К. Шашаев

*ҚР ЖБҒМҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

М.С. Қуандық

*ҚР Жамбыл облысы, Тараз қ., №46 орта мектептің тарих пәні мұғалімі, тарих
ғылымдарының магистрі*

Қазақтың аса көрнекті ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы өз заманындағы үздік ойлардың үлгісі болды деуге болады. Өзінің тым қысқа өмірінде, ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, географиясы мен этнографиясына арналған еңбектері мен қоғамдық – саяси тақырыптағы толып жатқан шығармаларын да жазып үлгерген.

Ш. Уәлихановтың аса қызыға зерттеген тақырыптарының бірі қазақ халқының шығу тегі мәселесі болды. Бұрын ешкімнің батылы барып бұл мәселеге көңіл аудармағаны айқын еді, және өзінің жеткілікті түрде қиындықтары да бар болатын. Соған қарамастан бұрын – соңды зерттелмеген бұл мәселенің өзектілігі туралы Шоқан Уәлиханов былай деп көрсетеді: «қырғыз халқы ешқашан мәнді зерттеу пәні болған емес, тіпті, Левшиннің «Қырғыз – қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» мен Броневскийдің «Қырғыз – қайсақтардың Орта Ордасы туралы жазбаларын» айтпағанда басқа маңызды этнографиялық немесе үлгі боларлық мақалаларды оқыған емеспіз» [1].

Тарихи зерттеулер барысында оқиғаларды немесе оқиғалар тізбегін, немесе жағдайларды, институттарды құжаттарға сүйене отырып қалпына келтіру дегеніміз шынайылықтың ерекше бір түріне жүгінуді білдіреді, яғни басқамен салыстырмалы түрде неғұрлым жоққа шығарылмайды. Ш. Уәлихановтың деректерді зерттеу тәсілі – құжаттарды сұрақ астына алып, оны сөйлетуге мәжбүрлеуінде. Осылай зертеу арқылы қарапайым мәліметтерді құжат деңгейіне дейін көтереді, яғни ол оны баяндау күшіне ие етеді және құжатты өткеннің тарихи фактісі деңгейіне жеткізеді.

Мінеки осы, Ш. Уәлихановтың пайымдауына жүгінер болсақ, оның өз заманындағы зерттеушілердің жетегінде кетпей қазіргі кездегі европалық және отандық тарихта үстем болып отырған, деректерге деген «сыни көзқарас» әдіс - тәсілінің негізін қалаудағы өз үлесі бар екендігін көре аламыз.

Әрине, бұл мәселенің өзектілігі Шоқан үшін айқын болатын, оны зерттеу негізіне ала отырып, өзінің энциклопедиялық білімін, шығыс және европа тілдерін жетік меңгергенін асқан тиімділікпен пайдалана білді. Ш. Уәлиханов өзіне дейін белгісіз болып келген қазақ халқының тарихына қатысы бар жазба деректерді іздеп тауып, зерттеу негізіне алды.

Рашид – ад – диннің «Джами» - ат таварих», Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалаиридің «Джами» - ат таварихын» және тағы басқаларын өз зерттеулерінде кеңінен пайдаланған. «Шейбани наме», Әбілғазының «Түрік шежіресі» секілді еңбектердің түп нұсқасын талдап, солардың негізінде ғылыми маңызы жағынан заманының үздік шығармасы «Қырғыздардың ата тегі» деген еңбегін жазған болатын. «Джами» - ат таварихты» Ш. Уәлиханов қазақтардың ХҮ – ХҮІ ғасырлардағы тарихи аңыздарынан тұратын сирек кездесетін тарихи шығарма ретінде бағалаған. Бұл туралы Ш. Уәлиханов: «Өздерінің шығу тегі туралы қырғыздардың аңыздарын Ұлы жүздің жалайыр руынан шыққан қырғыздың «Джами» - ат таварихын» мен «Шейбани намесіндегі» айтылатын жайлар тірілте түскен» - деп жазады [2].

Сонымен қатар, кейбір деректердің жеткілікті түрде мәлімет бере алмайтыны, оларға сыни тұрғыдан қарау керектігі туралы Ш. Уәлихановтың пікірін шығыстанушы, профессор И.Н. Березиннің еңбектерін оқу барысында айтқандарынан көруге болады: «Рашид ад – дин мен Жувейни және сол заманда шығыс тарихын жазғандардың жазбаларындағы оқиға

– деректер тек (хандар турасында), Шағатай әулеті мен ильхандар жайынан басқа ... қазақтар туралы мәліметтер кездестіру мүмкін емес. «Шейбани намеден» де ештеңе таба алмадық, кейбір үзінді деректер болмаса, ол үзіндіні қанағаттанғысыз деп таптық. Мұхаммед Шайбани хан Марыға жорық жасар алдында, 1510 жылы қазақтарды Ұлытауға қуып салады дейді де, содан соң бәрі де Бұрындықпен Ташкенттен ары кетті дейді» («Шайбанинаме», Шығыс тарихшыларының кітапханасы. Изд. Проф. И.Н. Березина, т. 1. Спб., 1849.- 164 с.) [3].

И.Н. Березина еңбегінің құндылығы, Ш. Уәлихановтың төмендегі пікірінен айқын көрінеді: «Күмән жоқ, қазақтар туралы ең алғашқы дерек Березин бастырып шығарған «Жылнамалар жинағында» (Казань, 1854) кездеседі. Осы басылым қазақтардың өткені туралы ең құнды, алғашқы жазба ескерткіші. Мұнда нақты тарихи деректер аз болғанымен, қазақ хандары мен сұлтандарының ата тегі бар ... Қазіргі қолда бар деректерді, ел аузындағы аңыздармен, ноғайлармен қарым-қатынас жайлы орыстың елшілік актілерін Жалаиридің «Жами ат-тарихымен» салыстырған жөн» [4. Осы жерде қазақтардың шығу тегін зерттеу барысында Ш. Уәлиханов тарихи-салыстырмалық тәсілді пайдаланып, шығыс деректеріндегі мәліметтерді – шығыс еуропалық деректердің мәліметімен салыстыра қарастыруды ұсынып отырғанын анық байқауға болады. Ш. Уәлихановтың мәселенің ақиқатына жетудегі мүдделілігі ұлы философ Канттың айтқанындай; «тарихи таным мүддесі арқылы парасаттың анатомиясын шешуге тырысып, оның арасындағы қажетті себеп-салдар мен еркіндіктегі себеп-салдарына тоқталып, баға беруде». Міне, осы тұрғыдан алғанда, Ш. Уәлиханов «Сібір жылнамаларында» кездесетін таңбалар (тарақ таңба) жөніндегі мәліметтерді Жалаиридің «Джами ат – тарихындағы» деректермен салыстыра отырып, оның орыс жылнамаларында қандай себептерге байланысты баяндалғанына тоқталады: «Сібір жылнамаларында Ораз – Мұхаммедті – ол Қазақ Ордасының ханзадасы, сұлтаны дейді ... Жылнама – кітап авторының сөзіне қарағанда ол, Ораз – Мұхаммедтің жерлесі болса керек және автордың (тарақ таңбалы) Жалайыр руынан екендігі айтылған» [5].

Сонымен біз, Ш. Уәлихановтың қазақтардың шығу тарихын зерттеуінен нені күтеміз? Әрине, соған сәйкес келетін ақиқаттылықты, ал бұл жерде ақиқат – шынайылық қатаң эпистемологиялық мағынада алынғаны жөн; ақиқаты сол, не нәрсе салыстырылып, өңделсе, тәртіпке келтірілсе және ақыл – оймен методикалық ұғынылса, сол соңында оңды нәтиже бермек. Ш. Уәлиханов қазақ тарихнамасындағы алғашқылардың бірі болып қазақтардың ауыз әдебиетінің, аңыз – ертегілері, мақал – мәтелдері, әдет – ғұрыптық ережелері, салт – дәстүрлері секілділерінің деректік маңызын жоғары бағалағандардың бірі болды. «Қазақ немесе алаш» елінің о бастағы шығу тегі деген мәселеге, халық арасындағы жыр – дастандардың қанағаттанарлық түсінік бере алатынына тоқталады: «Елдің айтуынша Шал жырау жыр-дастанында қазақтың шығу тегіне қатысты тарихи аңыз - әңгімелер түгелдей қамтылады деседі. Ертеде өткен Алаштан бастап, барлық ру, ру басы – билер мен батырлар, олардан өрбіген аталар мен әулеттер, хандар шежіресі Шал жырында түгелдей қамтылған көрінеді» [6]. Ш. Уәлиханов А.И. Левшиннің «Қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген еңбегінде айтылған осындай бір аңыздың қазақтар арасында жоқ екендігін және оның бұрмалап берілгенін айта келе, оның бұлай болу себебінде түсіндіріп кеткен.

Жалпы алғанда, Ш. Уәлихановтың қазақтың шығу тегін зерттеу барысында деректерді жан – жақты талдау және шындығын анықтаумен шектеліп қалмай, сонымен қатар, қосымша тарихи пәндер – этнография, археология, антропология, жағрапия және т.б. да ғылымдардың мәліметіне жүгінуге ұмтылғандығы оның зерттеуінің құндылығын арттыра түседі. Ол қазақтардың ауызша тарихты сақтай білу қабілеті туралы: «Ата – бабаларының ерлігі туралы тарихи жыр – дастандарға дегенде халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ, соншалықты мол мұраны ауыздан – ауызға, жазбасыз, баспасыз, алып даланың бір шетінен екінші шетіне жеткізіп, ғасырлар бойы ойда сақтау, олардың суырып салма (импровизаторлық) ғажап қабілетінің көрінісі болса керек» деп сүйсіне жазады [7].

Қазақтың әрбір ру басылары өз ру – тайпасының шежірелерін: шығу тегін, елдің әдет-ғұрып ережелерін, көне заңдарын, халықтың басынан өткен тарихи оқиғаларын, аңыз – әфсаналарын, мақал – мәтелдерін, ұлағатты сөздерін келесі ұрпаққа, шешен – шежіреші ақсақалдар арқылы жеткізуді ойластырғанын атап өтеді.

Сонымен біз, Ш. Уәлихановтың қазақтың шығу тегі туралы зерттеуінің әдіс-тәсілдік негіздерінің дұрыс бағытта өрбігендігін анықтадық. Ендігі мәселе; «қазақ» және «алаш» сөздерінің түп төркіні мен қазақтардың шығу тегі туралы Ш. Уәлихановтың пайымдауларына жасалатын қысқаша шолу.

Әрине, бұл мәселе ғылыми және көпшілік әдебиеттерде қарастырылғанына карамастан, өзінің әділетті бағасына толық ие бола қойған жоқ. Біз бұл жерде Ш. Уәлихановтың қазақтың шығу тегі туралы пайымдауларына сын пікір айтуды немесе ескертулер жасауды қарастырмаймыз, керісінше, оның деректік мәлімет ретіндегі маңызына тоқталуды қолға аламыз.

Ш. Уәлиханов Алтын Орданың ыдырауынан кейін дүниеге келген ұсақ хандықтар арасындағы талас – тартыстардың салдарынан ірі – ірі әртүрлі рулар, тіпті ауыл – аймағымен далалық өлкелерге қоныс аударып, қазақ қауымдарын құрғанын айта келе, осы «қазақ» деген сөздің өзіне түсініктеме бере кетеді; «Шайбанинама» деректеріне қарағанда «қазақ» деген жаңа қауым адамдары құрметті, отырықшылардан рухани жоғары деген ұғымда баяндалған» [8].

Қалалық өмірдің сән – салтанатына, алыпсатарлыққа, алдап – арбауға және дүниеқоңыздыққа бейімделуші отырықшы халықпен салыстырғанда, көшпенділер өздерін жоғары санаған және еркіндіктің символы болып табылатын – «қазақ» деген атауды мақтан тұтқан. Бұны Ш. Уәлиханов атап көрсете келе, сонымен қатар орыс «казактары» да әртектес тайпалар мен жекелеген босқындардан одақ құрып, осы атқа ие болғанын атап өтеді. Орыс – казактарының шығу тегі жөніндегі мәліметтерді орыс жылнамаларынан (Псков жылнамалары), тарихшы Окольскийдің жазбаларынан (мысалы; казактар гетманы Предислав Ланцкоронскийдің шабуылы туралы), Карамзиндегі (Ескерту.411.- Ү том және ІҮ тарау) деректерден алып, салыстырмалы түрде қарастыра отырып, отырықшылықтың орталығы болған қалаларға шабуыл жасаудың орыс казактарына қарағанда, еркіндік аңсаған көшпелі түркілерде ертеректен басталғанын баса айтады. Қазақтардың ең далада еркін өмір сүруін – еуропалық рыцарлардың серілігімен салыстырады. Бөрі азығы жолда, ер азығы қомда деп, еркіндік аңсаған сарбаздар, батырлар өздерінің алғашқы мекендерін аймақтарда сала бастады.

Шоқаннан кейін осы «қазақ» атауына қатысты талдау жүргізген қазақ зерттеушілерінің бірі ретінде Мұхамеджан Тынышпаевтың еңбегін атап өткеніміз жөн [9]. Ол көптеген деректер мен зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, осы бір күрделі мәселені жан-жақты талдауға алған. Әрине бұл мәселе төңерегіндегі зерттеулер, айтыс-таластар әлі күнге жалғасын тауып келе жатқанын және оның толықтай шешімін таппағанын атап өткеніміз жөн.

Енді, Ш. Уәлихановтың «қазақ» атауымен синоним ретінде аталатын «алаш» туралы пайымдауының кейбір сәттеріне тоқталайық. Бұл жайында Шоқан былай дейді; «Татар (Түркі дегені-ауд.) қазақтарының шыққан тегін Алаш, Алашамен байланыстыруында тарихи шындық жатыр. Себебі еркіндік аңсаған азиялықтардың да шартты түрде өз ханы, өздерінің саяси бірлігі – мемлекеті, әртүрлі тайпалар одағын ұстап тұратындайдай пірі, көсемі – сиынатындай ата-бабасы болуға тиіс еді [10]. Осы жерде Шоқан қазақтардың Алаш туы астындағы мемлекеті, саяси бірлігі туралы мәселені қозғап отыр емес пе және оны тайпалар одағынан таратып қазақ жүздерінің (үш жүздің) жинақтық атауы ретіндегі көрінісін айқындайтындығына меңзейді; «Жүздердің қалыптасуына ұйтқы болған көне монғол заң-жораларын қатты діттейтін қазақ батырлары, қарашаңыраққа иелік ету, кенже ұлдың үлесі әдет-ғұрыпын әлі күнге дейін бұзбайды. Кіші жүз шежірелері Алшын атын қазақтың алғашқы биі – Майқымен байланыстырады. Он екі ата байұлының бір тармағы да «алаша» деп аталады. ХҮ ғасырда атамекенінен ауып(босып), туыстық жағынан біріккен

жақын рулар бас сауғалап, жаңа жерлерге келіп, тек келіп қана қоймай, өздерінің рулық-тайпалық қауымдық әдет-ғұрыптарын ала келіп, тұрғын халықтармен мыйдай араласып, әлсіздері әлді руларға қосылып, ірі-ірі жүздер, одақтар құрғаны байқалады» [11]. Ш. Уәлихановтың келтірген бұл мысалдарынан нені байқауға болады деген мәселеге тоқталар болсақ, осы жерде бүкіл әлемде болып жатқан тарихи құбылыстар мен үрдістердің, яғни рулық, тайпалық одақтардың баяу болса да халықтану үрдісіне аяқ басқанын, удельдік княздықтардың орталықтанған мемлекет дәрежесіне қарай жылжи бастағанын анық байқай алғандығын, сол үрдістер ағынына «алаш» деген жалпы атаумен қазақтардың да тартыла бастағанын дәл көрсете алғанын айта аламыз.

Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағында» Орыс хан мен Жәнібек ханға қатысты қанағаттанарлық мәлімет жоқ екеніне тоқтала келе, Шоқан осы жылнаманың он төртінші бетінде Орыс хан әскерінің оң қанатында 2000 қол қаңлылар, ал сол қанатында – Алаш мыңы бар дегенді келтіре отырып оған түсініктеме береді: «Бұл жерде Алаш деп жалғыз адамды айтып отырған жоқ, аңыз бойынша қазақтардың алғашқы ел болғанын айтады. Алаш мыңы деп ертеде жалпы қазақ халқын атаған. Үш Алаш, Алты Алаш, Үш мың Алаш, Алты мың Алаш деген халықтың ескі атаулары, сол халықтың нақтылы саны деген ұғым емес, ескі шежірелерде Алаш Мыңы дейді де, артынша, халық, ел деп толықтырып отырады. ...Дүниеде мың сан деп, шамасы, бүкіл адамзатты айтады. Алаш Мыңы – мыңдаған Алаштар одағын, Алаш қоғамын бейнелейтін атау болса керек» [12].

Сонымен, жоғарыдағы Шоқанның пайымдауларына тоқталар болсақ Алаш ұғымына қатысты мәселеде, оны тарихтағы салмақты және салыстырмалы тұрақты негіздегі өркениет аймағының тұтас кеңістігі түрінде қабылауға жетелейтінін көреміз, яғни әлеуметтік тарихи үрдістердің терең ұғынылатындығы, тарихи таным өресінде өрбігендігін анық байқаймыз.

Осы алашқа қатысты «Алаш» ұраны туралы да Шоқан қызықты мәліметтер берген. Қазақтар арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің бір көрінісі ретінде Шыңғысқан ұрпақтарының өздерін төре, ақсүйек деп көрсететінін, ал Мұхаммедтің ұрпақтары өздерін қожалармыз деп жоғары ұстайтынын баяндай келе, бұлардың ешқашан Алаш қауымының адамы деп танылмағанын айтады: «Барлық дүбірлі жиындарда «Алаш деген ұранды» естігенде тек таза қанды – қара халық қана көтерілетін болған, ал сұлтандар мен олардың: қалмақтармен қырғыздардан құралған құл-құтандары жиылып, өздерінің ұрандары «Арқар» деп ұмтылатын... Сұлтандар қазақ қауымындағы елеулі күш ретінде танылмаған. Қазақтар: қожа-сарт, сұлтандар біздің жалшымыз, құлымыз деп астарлап айтады...» [13].

Сонымен қатар, ру - тайпаларды билер мен батырлар басқарғанын, ал хандардың билігі шамалы болғандығын айта келе, қара халық ашынған кезде хан, сұлтандардың тас - талқанын шығарған дейді. Бірақта Абылай хандық құрған кезде жүргізілген жазалау шараларының арқасында сұлтандардың біршама артықшылықтарға қол жеткізгендігі де назарынан тыс қалмаған.

Далалық демократияның бұл жұрнақтары, хандардың, сұлтандардың билік үшін талас - тартысынан әлсіреп қалмақ, жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақтардың кейіннен осы ел арасындағы беделге ие болған би, батырлардың бастамасымен бас біріктіріп, жауға қарсы шығып, елін, жерін аман алып қалғанын тарихи оқиғалар көрсеткен болатын.

«Алаш» атты ұғымның бүкіл қазаққа ғана тән екендігін белгілі ғалым Зардыхан Қинаятұлы да осы Ш.Уәлихановтың зерттеулеріне сүйене отырып одан әрі дамытқан [14]. Ғалымының пікірі бойынша қазақ қайда жүрмесін бірін - бірі «Алаштың азаматы ғой» деп мүсіркеп, бір - біріне жанаршылық танытып жүреді. Ал, Қырғыз, Ноғай, Башқұрттарды «Алаштың азаматы» демейді, түбірі бір түркі халықтары деп атайды.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасу үрдісін ұзаққа созылған, күрделі мәселе ретінде қарастырады. Ерте дәуірде бастау алған бұл үрдіс, оның пайымдауынша моңғол дәуірінде, яғни оның құрамына: найман, керей, жалайыр, дулат, арғын және тағы басқа рулардың келіп қосылуымен аяқтаған. Міне сондықтан да қазақ халқының қалыптасуының аяқталуын Ш.Уәлиханов ХІҮ ғ. екінші жартысына, Ақ Орда,

Ноғай ұлысы мен Моғолстанның пайда болған кезіне жатқызады. Бұлардың арасында осы кезде этникалық және экономикалық бірлесу үрдісі жүрген болатын. Қазақтардың шынайы және нақты күшейген уақытын ХҮ ғасырға, Алтын Орда мен Шағатай ордасындағы аса күрделі қақтығыстардың басталған кезіне жатқызады, бірақ та бұдан соң да қазақ халқының құрамына жекелеген рулар мен тайпалардың қосылу үрдісі жалғасын тапқан болатын.

Сонымен, Ш. Уәлихановтың қазақтың шығу тегі мәселесіндегі зерттеулердің, өзіндік бір ерекшелігі бар екендігіне және өзектілігі күмән тудырмайтын мызғымас мәселелерге батыл пайымдаулар жасауға толы екендігін байқадық. Шоқанның зерттеу тәсіліндегі мәнді нәрсе, мәселені қоя білуінде, яғни ол оны түбірлі түрде шешімін тапқан деп көрсетпейді, оқырманға, кейінгі зерттеушілерге ой тастап, қандай мәселенің зерттелу керектігіне, оның қай бағытта өрбуі керектігіне жол сілтеп отырған секілді. Яғни, философтардың не алғашқы деп сұрақ қоюынан, әлемнің жаратылысын ұғынуға деген талпынысы секілді.

Міне, сондықтан тарихшы ғалымдардың Ш. Уәлихановтың зерттеулеріне жиі жүгініп, оның зерттеулерін талдауға ден қоятыны сондықтан болар.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Уәлиханов Ш.Ш. Шығ. Т.1. Алматы, 1961.- 388 б.
- 2 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-ші басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 75 б.
- 3 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 122 б.
- 4 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 121 б.
- 5 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 123 б.
- 6 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 116 б.
- 7 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 115 б.
- 8 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 112 б.
- 9 Тынышпаев М. История казахского народа. Сост. и автор предисл. проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. – Алма-Ата, «Қазақ университеті» 1993, 224 с.
- 10 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 112 б.
- 11 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 113 б.
- 12 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы... 118 б.
- 13 Қинаятұлы З. «Алаш» ұғымы және оның алысқа кеткен іздері.ҚР Конституциясы күніне арналған конференция матер. Балхаш, 2009.
- 14 Момынова Ш. Уәлиханов және оның орыс шығыстануының дамуына қосқан үлесі// Отан тарихы. 2001. № 2.

ШОКАН УАЛИХАНОВ: НАЦИОНАЛЬНЫЙ ГЕРОЙ ИЛИ ИНСТРУМЕНТ КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

Тыныбай А.М., Маратова С.М.

студенты 3 курса бакалавриата

Университет “Туран”, Алматы, Казахстан

Научный консультант: Кулумжанов Н.Е., доктор PhD

Аннотация: В статье анализируется личность и деятельность Шокана Уалиханова в контексте колониальной политики Российской империи и формирования национального самосознания казахского общества. Исследование направлено на выявление двойственной природы его миссии — между служением имперским интересам и стремлением к просвещению родного народа. Автор рассматривает взгляды Уалиханова на саморазвитие и самопонимание нации как отражение его философии внутренней независимости. Особое внимание уделяется постколониальным подходам, которые трактуют Уалиханова как представителя «пограничного сознания» между двумя культурами. Анализируются труды отечественных и зарубежных историков, раскрывающих противоречивость его образа. На основе источников и научных интерпретаций делается вывод о необходимости нового взгляда на его наследие. Исследование демонстрирует, что фигура Уалиханова не укладывается в рамки простого деления на «героя» или «инструмент колониализма». Он предстает как символ переходной эпохи, соединивший в себе имперское образование и национальное самосознание.

Ключевые слова: казахское просвещение, колониальная политика, национальная идентичность, Казахстан, просвещение, история, империя, постколониализм, культура, самосознание.

Введение

Фигура Шокана Уалиханова занимает особое место в историческом и культурном сознании Казахстана. Его имя традиционно ассоциируется с просвещением, научным поиском и борьбой за интеллектуальное возрождение казахского народа в XIX веке. Однако в последние десятилетия в отечественной и зарубежной историографии все чаще поднимается вопрос о двойственности его роли — был ли Шокан Уалиханов искренним патриотом и национальным героем, или же, напротив, он выступал как посредник и проводник интересов Российской империи в колониальной политике на территории Казахстана. Эта дилемма делает тему исследования особенно актуальной, поскольку она позволяет не только переосмыслить личность Уалиханова в контексте современных научных подходов, но и глубже понять процессы формирования казахской национальной идентичности в эпоху имперского влияния.

Необходимость обращения к теме определяется не только общественным интересом к фигуре Шокана Уалиханова, но и его собственными взглядами на развитие народа. Сам мыслитель писал: «для нормального роста народа, на какой бы степени развития он ни стоял, необходимы: саморазвитие, самозащитные, самоуправление и самосуд»[1]. Под «самосудом» Уалиханов понимал не физическую расправу, а способность народа к критическому самоанализу, переосмыслению собственных действий, традиций и лидеров. Он верил, что без внутреннего осмысления прошлого невозможно движение вперед. Именно поэтому, следуя его же принципам, современное казахское общество должно критически взглянуть и на самого Шокана — человека, которого мы привыкли считать безусловным героем и символом национального просвещения. Если опираться на его собственные слова, «самосуд» над историей — это не отрицание личности, а осознанный анализ её роли, мотивов и последствий деятельности. Таким образом, обращение к теме «Шокан Уалиханов: национальный герой или инструмент колониальной политики?» является не проявлением сомнения в его значимости, а, напротив, воплощением его же идеалов — стремления к самопознанию и критическому осмыслению национального опыта. Исследуя противоречивость его личности, мы тем самым продолжаем то дело, о котором он сам говорил — развитие народа через самопонимание и честную оценку собственного пути.

Объектом исследования является личность и общественно-научная деятельность

Шокана Уалиханова. Предмет исследования — интерпретация его образа в контексте колониальной политики Российской империи и национально-освободительных идей в Казахстане XIX века. Выбор темы обусловлен стремлением критически осмыслить противоречивость исторического наследия Шокана Уалиханова, показать его как многослойное явление — ученого, офицера, этнографа, мыслителя, находившегося между двумя цивилизациями. Материал исследования составляют научные труды и письма Шокана Уалиханова, архивные источники, а также интерпретации отечественных и зарубежных историков. Среди классических работ можно выделить исследования Е. Бекмаханова, в которых Уалиханов изображается как последователь идей русского просвещения и сторонник модернизации Казахстана в рамках имперской структуры. В то же время в трудах Ф. Колбаева и Г. Муканова наблюдается стремление «вернуть» Уалиханова в контекст национальной традиции, подчеркнуть его внутреннюю независимость и связь с духовным наследием казахской культуры. Современные постколониальные подходы (в том числе зарубежные исследования) предлагают третий ракурс — рассматривать его как продукт «пограничного сознания», человека, вынужденного мыслить между культурами, между властью и свободой. Таким образом, степень изученности темы свидетельствует о существовании устойчивой историографической дихотомии. В этом и заключается научная новизна данного исследования: попытка рассмотреть личность Шокана Уалиханова не как статичную фигуру «на службе» или «в сопротивлении», а как пример сложной культурной идентичности, формировавшейся на пересечении имперского и национального миров. Цель исследования — проанализировать личность и деятельность Шокана Уалиханова в контексте противоречий между национально-патриотическими стремлениями и служением колониальной администрации Российской империи. Для достижения цели ставятся следующие задачи: 1. рассмотреть исторические условия, в которых формировался мировоззренческий облик Шокана Уалиханова; 2. проанализировать ключевые направления его научной и общественной деятельности; 3. сопоставить различные историографические подходы к оценке его роли; 4. определить, в какой мере деятельность Уалиханова способствовала развитию национального самосознания казахского общества; 5. сформулировать собственную оценку — является ли Шокан Уалиханов национальным героем, инструментом колониальной политики, или синтетическим символом переходной эпохи.

Таким образом, исследование направлено на комплексное осмысление фигуры Шокана Уалиханова как исторического явления, чье значение выходит за рамки традиционных интерпретаций и требует нового подхода, свободного от идеологических штампов.

Основная часть

Личность Шокана Уалиханова остаётся одной из самых противоречивых в истории Казахстана. Исторические обстоятельства, образование и круг общения сформировали мировоззрение, тесно связанное с идеями Российской империи, что делает возможным интерпретацию его деятельности как части колониального проекта [2].

Происхождение из султанского рода обеспечило Уалиханову доступ к образованию, недоступному большинству населения. Обучение в Омском кадетском корпусе, учреждении, созданном для подготовки представителей местных народов к службе в имперской администрации, определило направление дальнейшей жизни [3]. В этом учебном заведении формировалась прослойка новой колониальной элиты — людей, сочетавших верность родной культуре с приверженностью имперским идеалам. Уалиханов стал одним из ярких представителей этой среды, соединив научные интересы с практическим участием в политике Российской империи в Центральной Азии [4].

Кашгарская экспедиция 1858–1859 годов является примером сочетания научных и политических задач. Экспедиция принесла значительные результаты в области этнографии и географии, однако проводилась под руководством Русского географического общества,

выполнявшего также функции по расширению влияния империи на восточные территории [3]. Полученные материалы использовались не только в научных целях, но и для стратегического освоения региона [5]. Таким образом, деятельность Уалиханова, имевшая научный характер, невольно способствовала реализации колониальных интересов [2].

Научная деятельность Уалиханова также разворачивалась в контексте имперской академической системы. Его труды публиковались на русском языке и предназначались, прежде всего, для российской и европейской аудитории [3]. Исследовательница Гульшат Валиханова отмечала, что через свои работы он «открывал миру казахского человека как носителя самобытной культуры», однако этот образ формировался преимущественно в рамках русской научной традиции [4]. Тем самым создавалось знание о казахах с позиции центра, что соответствовало интересам колониальной политики.

Несмотря на это, Уалиханов сохранял глубокую связь с родной культурой и стремился осмыслить её через призму европейского Просвещения [5]. Двойственная идентичность, сформированная под влиянием колониального образования и личных убеждений, делала фигуру Уалиханова символом переходной эпохи — между традиционным и модернизирующимся обществом [4].

Следовательно, деятельность Шокана Уалиханова может рассматриваться как часть колониальной системы не в прямом, а в структурном смысле. Его труд и идеи развивались внутри имперской среды, использовавшей просвещение как инструмент влияния [2]. Несмотря на стремление к развитию и свободомыслию, научная и общественная активность Уалиханова во многом соответствовала целям Российской империи, что позволяет рассматривать его не только как просветителя, но и как фигуру, невольно встроенную в механизм колониальной политики [6].

Вместе с тем подобная оценка отражает лишь одну сторону его сложной личности. Сейчас следует обратиться к аспектам его деятельности, которые раскрывают Шокана Уалиханова как подлинного национального героя своего народа.

Творческое и научное наследие Шокана Шыңгысовича Уалиханова занимает исключительное место в развитии казахской и общей восточной мысли XIX века. Его деятельность как этнографа, просветителя, историка, фольклориста и философа стала переломным моментом в осмыслении национальной идентичности Казахстана. Исследования, посвящённые различным аспектам творчества Уалиханова, показывают многогранность его мировоззрения и глубину научного подхода. На основе анализа трудов современных исследователей можно проследить эволюцию взглядов Шокана — от собирателя народного наследия до учёного-рационалиста, стремившегося включить казахскую культуру в общеевропейский контекст.

В. А. Москвина в статье «Фольклорные материалы в творчестве Ч. Ч. Валиханова» справедливо отмечает, что одно из центральных мест в его исследованиях занимали материалы устного народного творчества [7, 75]. Фольклор для Шокана являлся не просто предметом этнографического интереса, но ключом к пониманию психологии народа, его моральных устоев и коллективного сознания. Учёный рассматривал эпос, мифы и легенды как особую форму исторической памяти, в которой запечатлены мировоззрение и нравственные коды общества. Москвина подчёркивает, что Уалиханов одним из первых в Центральной Азии стал собирать и систематизировать образцы народной поэзии, анализировать жанровую специфику сказаний, обрядовых песен, заклинаний, пословиц [7, 76]. Благодаря этому труду был создан фундамент для дальнейшего научного изучения казахского фольклора. Его подход, основанный на синтезе эмпирического наблюдения и культурно-исторического анализа, предвосхитил методы современной фольклористики. Внимание Уалиханова к фольклору объясняется его стремлением раскрыть внутреннюю логику развития казахского общества. Он понимал, что устное творчество отражает социальную динамику, систему ценностей и отношение человека к миру. Через анализ поэтических форм и народных мифов он пытался реконструировать духовную историю народа. Москвина справедливо пишет, что «фольклор у Валиханова выступает как зеркало

национального самосознания, через которое видна связь поколений и моральная преемственность» [7, 78]. В этом заключается просветительская миссия его трудов — осмысление традиции как основы культурного возрождения.

Другим важным направлением в изучении наследия Уалиханова является исследование его религиозно-философских взглядов. Р. Иманкушин и Ж. Рыстан в статье «Религиозные вопросы в научных трудах Шокана Уалиханова» анализируют духовное мировоззрение учёного в контексте казахской культуры и мусульманской традиции [8, 60]. Авторы отмечают, что Шокан сочетал рациональное мышление с глубоким уважением к народным верованиям. Он рассматривал религию не как догму, а как социально-культурное явление, формирующее моральные нормы общества. Иманкушин подчёркивает, что «для Уалиханова вера была частью нравственного порядка, а не инструментом политического контроля» [8, 61]. Такой подход отличал его от многих современников и сближал с европейскими просветителями, для которых разум и вера могли сосуществовать. Исследователи также указывают, что в своих трудах, таких как «О мусульманстве в степи» и «Следы шаманства у киргизов», Уалиханов выступал как объективный наблюдатель, стремящийся понять духовную жизнь народа с научных позиций. Он критиковал фанатизм и суеверия, но признавал позитивную роль религии в консолидации общества. Иманкушин и Рыстан отмечают, что в этом проявилось влияние идей секуляризма, но с сохранением национальных традиций [8, 62]. Таким образом, Уалиханов сформировал уникальный синтез религиозной толерантности и рационализма, который стал основой казахского гуманизма XIX века.

Особый интерес вызывает окружение Шокана и круг его научных связей. К. К. Абуев в статье «Круг научных интересов Шокана Уалиханова и его друзей» описывает широкий спектр контактов Уалиханова с представителями российской интеллигенции, среди которых были Ф. М. Достоевский, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, С. Ф. Дуров, Г. Н. Потанин [9, 74]. Именно эта среда оказала значительное влияние на формирование мировоззрения молодого учёного. Абуев пишет, что «встречи и переписка с русскими демократами расширили горизонты Уалиханова, сделали его частью интеллектуального движения своего времени» [9, 75]. Это взаимодействие способствовало выработке у него убеждения, что наука и просвещение — универсальные средства прогресса. Абуев подчеркивает, что научные интересы Шокана отличались широтой: география, этнография, археология, востоковедение, литература. Он стремился связать наблюдения о жизни народов Центральной Азии с историей, политикой и экономикой региона. Его экспедиции в Кашгар, Семиречье и на Тянь-Шань стали не только научными, но и культурными миссиями, укреплявшими связи между Востоком и Россией [9, 78]. Исследователь отмечает, что именно благодаря Уалиханову Европа впервые получила достоверные сведения о внутренней жизни народов Тянь-Шаня. Его труды стали своеобразным мостом между культурами, что подтверждает универсализм его научного метода.

В статье Г. К. Мукановой «Шоканның Алтай және Шыңжан түркілері туралы шығармаларының өзектілігі» внимание сосредоточено на его востоковедческих и этнографических изысканиях [10, 542]. Автор подчеркивает, что Уалиханов одним из первых стал системно изучать этнический состав и исторические связи народов Алтая, Жетысу и Сынцзяна. Он использовал археологические данные, письменные источники и устные предания, сопоставляя их с географическими наблюдениями. Муканова отмечает, что Шокан подходил к исследованию тюркских племён с позиции межкультурного диалога, стремясь показать единство их происхождения и культурного развития [10, 543]. Такой подход делает его предтечей современной тюркологии. Особое внимание в статье уделяется тому, как Шокан применял сравнительно-исторический метод при анализе мифов и топонимов. Муканова пишет, что «в его трудах народная память выступает не только как источник легенд, но и как исторический документ» [10, 544]. Благодаря этому учёный сумел реконструировать древние связи между племенами Центральной Азии и Сибири. Его наблюдения о языковых и культурных параллелях в Алтайском регионе легли в основу

дальнейших исследований по истории тюркских народов. Тем самым Шокан доказал, что казахская культура является органической частью великой тюркской цивилизации. Феруза Колбаева в работе «Шокан Уалиханов – казахтың сөнбес жарық жұлдызы» рассматривает личность Уалиханова как просветителя и демократа [11, 76]. Автор акцентирует внимание на его социальной позиции, в которой сочетаются идеи гуманизма, прогресса и национального самосознания. Колбаева отмечает, что главная цель Шокана заключалась в том, чтобы «включить свой народ в число культурных наций, подняв уровень его сознания через образование» [11, 77]. В этом просматривается влияние западноевропейского рационализма и философии Просвещения. Однако Уалиханов не был простым подражателем Западу: он стремился адаптировать европейские идеи к казахской действительности. Колбаева подчеркивает, что Шокан видел в образовании ключ к освобождению народа от предрассудков и отсталости. Он предлагал создавать школы, где наряду с исламским обучением преподавались бы естественные науки, история, литература. Такой подход отражал его убеждение, что культурное возрождение возможно только при гармонии национальных и универсальных ценностей [11, 78]. Именно поэтому его имя ассоциируется с идеями просвещения и национального пробуждения.

Все рассмотренные авторы едины во мнении, что Уалиханов был учёным-энциклопедистом, который сумел объединить эмпирический опыт и философское осмысление мира. Москвина видит в нём первооткрывателя казахского фольклора; Иманкушин и Рыстан — мыслителя-гуманиста, осмыслившего религию с позиций рационализма; Абуев — представителя интеллектуальной элиты, создавшего научный мост между Востоком и Западом; Мұканова — историка тюркской культуры; Колбаева — просветителя-демократа, стремившегося возродить духовную силу нации. В совокупности эти характеристики формируют целостный образ Шокана Уалиханова как учёного, мыслителя и гражданина своего времени.

Заключение

Несмотря на влияние и давление Российской империи, Шокан Уалиханов сумел остаться верным своему народу и своим духовным истокам. Его европейская образованность не стала барьером между ним и казахской культурой, напротив — она дала ему новые инструменты, чтобы возвысить родную нацию. Как справедливо отмечал Г. Н. Потанин, «эта привязанность к Европе не отрывала его от его народа; напротив, европейский дух, в котором он воспитался, обязывал его смотреть на себя как на слугу своего киргизского народа».[12] В этом и заключается феномен Уалиханова: будучи «слишком европейцем, более европейцем, чем многие русские»[13], он не потерял себя, а напротив — открыл для казахов путь к самопознанию, к осознанию собственной силы и достоинства. Когда-то юноша, не знавший и одного русского слова, сумел не только овладеть языком и наукой иной цивилизации, но и использовать этот опыт, чтобы доказать всему миру — и прежде всего своему народу, — что казахи способны быть равными среди равных. Его жизнь стала символом духовного пробуждения нации, а его наследие и сегодня вдохновляет новые поколения мыслить смело, свободно и глубоко.

Как говорится: «Шоканы бар ел – шоқтығы биік ел!»

Список литературы

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах (комплект) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.livelib.ru/quote/42593665-chokan-valihanov-sobranie-sochinenij-v-5-tomah-komplekt-chokan-valihanov> (дата обращения: 06.10.2025).
2. Сугирбаева М. «Был ли Шокан Уалиханов агентом влияния Российской империи?» // Культурная среда. — 1 августа 2025. — Exclusive.kz. — URL: <https://exclusive.kz/byl-li-shokan-ualihanov-agentom-vlijaniya-rossijskoj-imperii/> (дата обращения: 06.10.2025).
3. Школа «Жұмабек Ташенев атындағы жалпы білім беру мектебі». «Шокан Шыңғысулы Уалиханов» // Goo.edu.kz. — URL: <https://goo.edu.kz/content/view/161/20428?lang=ru> (дата обращения: 06.10.2025).
4. Masa Media. «Промелькнувший метеор: Кто такой Шокан Уалиханов» // Masa Media. — 29 ноября 2023. — URL: https://masa.media/ru/site/promelknuvshiy-meteor-kto-takoy-shokan-ualikhanov?utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 06.10.2025).

5. Досымжан Н. «Был ли Чокан Валиханов русским шпионом? — обзор казСМИ» // 365info.kz. — 10 февраля 2021. — URL: <https://365info.kz/2021/02/byl-li-chokan-valihanov-russkim-shpionom-obzor-kazsmi> (дата обращения: 06.10.2025).
6. Маргулан, А. Х. Очерк жизни и деятельности Ч. Ч. Валиханова // Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. — Т. I. — Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984–1985.
7. Москвина В. А. Фольклорные материалы в творчестве Ч. Ч. Валиханова // Гуманитарные исследования. — 2017. — № 1 (14). — С. 75–78.
8. Иманкушин Р., Рыстан Ж. Религиозные вопросы в научных трудах Шокана Уалиханова // Хабаршысы Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева. — 2019. — Т. 3 (128). — С. 60–62.
9. Абуев К. К. Круг научных интересов Чокана Валиханова и его друзей // Проблемы востоковедения. — 2015. — № 4 (70). — С. 74–78.
10. Мұканова Г. Қ. Шоқанның Алтай және Шыңжаң түркілері туралы шығармаларының өзектілігі // Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая. — 2020. — Т. 5. — С. 542–544.
11. Колбаева Ф. Шоқан Уәлиханов – қазақтың сөнбес жарық жұлдызы // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. — 2022. — Т. 2, № 1. — С. 76–78.
12. Потанин, Г. Н. «Чокан Чингисович Валиханов (род. 1835 г., ум. 1866 г.)» // Shoqan. Публикуется по тексту, извлечённому из газеты «Сибирская жизнь», 1903, № 133. — URL: <https://shoqan.kz/materials/p1/> (дата обращения: 06.10.2025).
13. Кошенова Р. «Времен связующая нить» // Акмолинская правда. — 27 апреля 2015. — URL: <https://apgazeta.kz/2015/04/27/vremen-svyazuyushhaya-nit-3/> (дата обращения: 06.10.2025).

